Поэтому можно предположить, что данный памятник письма относится к древнекангюйским временам между I и II веками до нашей эры.

Кирпич, на котором сделана надпись, имеет размеры  $23 \times 23 \times 5$  см. Сорт кирпича, по определению академика АН КазССР А. Х. Маргулана, — первый тюркский.

Данный материал передан нам учителем Балтакульской средней школы Чимкентской области А. Алтаевым. Он был найден в развалинах древнего города Артук и ожидает специального изучения. Эти развалины находятся на левом берегу Сырдарьи, недалеко от города Туркестана.

Более обстоятельное сообщение будет сделано позже, после обследования местности в районе древнего города Артук. Кирпич с надписью хранится в Археологическом музее АН КазССР.

#### **А. МАХМУТОВ**

#### **ЭПИГРАФИЯЛЫҚ МҰРАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН**

Түркі халықтарының ерте кездегі өмір тіршілігін баяндайтын бағалы материалдардың бірі жартастарда сақталып қалған бейнелер мен әр түрлі



жазулар болып есептеледі. Сондықтан да жартастағы бейнелер де археологиялық материалдар тәрізді ғалымдардың назарын XVII—XVIII ғасырларда-ақ аудара бастайды. Бұл кезеңде А. И. Андреев, Н. Спафарий, С. У. Ремезов, Д. Г. Мессершмид сияқты жиһанкездер әр жерде-ақ жартастарда бейне бар екенін хабарлаған-ды. Эпиграфиялық мұндай ескерткіштерді іздестіріп, оларды бір ізге салуда В. Томсеннің, В. В. Радловтың, Н. С. Савельевтің, В. Розеннің, В. В. Бартольдтың, С. Е. Маловтың т. б. ғалымдардың сіңірген еңбегі, қосқан бағалы үлестері көп.

Соңғы кездерде республикамызда археологиялық қазба материалдар мен жартастарда сақталып қалған жазу-сызу, ою-өрнек, сурет-таңба сияқты ескерткіштер салыстырыла зерттеліп келеді. Бұл зерттеулердің алғашқы нәтижелері<sup>1</sup> Қазақстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда, Башқырстанда т. б. жерлерде көлемді-көлемді еңбектер болып шыға бастады.

Біздің Советтер Одағындағы жұртшылыққа көбірек таныс суреттер В. И. Равдоникастың монументальді екі томында жарияланған (Ақ теңіз бен Онежск көлінің жағалауларында кездесетін) жартастағы бейнелер. Өте бай, әрі тартымды көне суреттер Орал тауынан да көптеп кездеседі. 1959 жылы Оңтүстік Оралдағы Ақ Еділдің (р. Белой) жоғарғы ағысындағы Каповой үңгірінен А. В. Рюмин палеолит дәуіріне тән мамонттар мен жабайы жылқылардың және мүйіз тұмсықтылардың суреттерін тапты<sup>2</sup>. Жартастағы бейнелер Орта Азия мен Қазақстанда, Сібір даласында көбірек кездеседі. Оларды Минусинск далаларынан, Ангара бойы мен Лена ойпаттарынан, бүкіл Байкал сыртындағы оның құйылыстарынан, Жоғарғы Амурдан — Монғол шекарасына дейін, Төменгі Амурдан — Уссури бассейніне дейін, тіпті Курильск аралдарына дейін кездестіруге болатыны айқын. Жартастағы бейнелер

<sup>1</sup> Археологические исследования на северных склонах Каратау. Алма-Ата, 1962; К. А. Акишев, Г. А. Кушаев. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963; Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе, 1963; Археология и этнография Башкирии. Уфа, 1962; Археология Узбекистана. Труды Самаркандского государственного университета им. А. Навои. Новая серия, вып. I, № 135, Самарканд, 1964.

<sup>2</sup> О. Н. Бадер. Следы палеолита на Южном Урале. «Археология и этнография Башкирии». Уфа, 1962, 12-бет.

көбейген сайын оны қызыға зерттейтін саяхатшылар да молаюда. Қазір алғашқы адамдардың мәдени мұраларын сарыла зерттейтін бүкіл дүние жүзіндегі елдердің әр түрлі мамандықтағы әуесқойлары бұл іске ара-тұра араласып қояды. Археолог, геологтардың негізгі міндеті қазба жұмыстары болғандықтан, эпиграфиканы жолай қарайды.

Жартастағы бейнелер көбінесе халықтық аңыз-ертегілермен келіп ұштасып жатады. Олардағы бұғы бейнесі туралы А. П. Окладников: «Бізге келіп жеткен орыс ертегілеріндегі алтын мүйізді бұғы оңтүстік орыс жеріндегі скифтердің өте ерте кезде күн туралы шығарған аңыздарының елесі еді»<sup>3</sup>, — деп көрсетеді.

Неолит және қола дәуірінде-ақ адамдар өздерінің күнделікті өмір тіршілігін көрсететін көркемөнер стилін жасады. Осы кездегі Азия тұрғындарының өте сүйікті сюжеті — алтын мүйізді бұғының бейнесі еді.

Суреті бар тастардың астынан тас ғасырының немесе қола дәуірінің алғашқы кезіндегі аңшылардың жерленгені байқалып отыр. Олардың сүйектерінің қасынан жебенің тас масағы немесе бүктемелі сүйек қанжардың халцедоннан жасалған өткір жүзі табылды.

Орыс ғалымдары бір барған жеріне әлденеше рет барады. Әр барған сайын бұрын байқалмаған жаңалықтарға кездеседі. Мысалы А. П. Окладников басқарған экспедиция Шишкин жартастарындағы бейнелерге төрт рет барған. Соның нәтижесінде болмашы сызықтарды жете зерттей отырып, адам баласының алғашқы дәуірін сипаттайтын үлкен жаңалықтар ашты.

Жартастағы бейнелерге немқұрайды қараудың ғылым үшін үлкен зияны да болған. XVIII ғасырда Лена өзені жартастарындағы бейнелер жөнінде Миллер естіп, академияның суретшісі Люрсениуске бұлжытпай бұл суретті қағаз бетіне қайта түсіруге тапсырады. Суретші екі өркешті түйелер мен жартастағы байқалған әр түрлі бейнелерді асқан шеберлікпен қайтадан көшіріп шығады. Бірақ Миллер ол кезде мұндай суреттерді жете бағалай алмады. Тек кана үлгі үшін бір-

---

<sup>3</sup> А. П. Окладников. Олень золотые рога. М. — Л., 1964, 9-бет.

екі суретпен жұртшылықты таныстырғаны болмаса, бұл тамаша көне мұраларды жариялаудан да бас тартады<sup>4</sup>. Жете түсінбей, шалағай тоқтамға келген ғалымның қорытындысы Шишкин жартасындағы бейнелерге ешкімнің назарын аудартпады да, бұл бейнелерді зерттеушілер ғасыр бойы ұмытып кетті. Тек 1828 жылы Сібір жеріндегі көне мұраларды зерттеуге шыққан экспедиция ғана бұл кемшілікті түзете алды.

Шишкин жартасындағы суреттердің салыну тәсілін зерттеуші ғалымдар Лена өзені өлкесін соңғы кезде жайлаған түркі халықтарының бірі — құрықандардікі (якуттардың ата-бабалары) дегенді айтады. Ал бұл суреттермен қатар тұрған мүйізді адамдар неолит немесе қола ғасырындағы шамандар бейнесі делінеді. 57

Палеолит дәуірінде адамзаттың сурет салу қабілеті нашар болған, тіпті жете дамымаған деген пікір бар еді. Қазір Иркутск қасындағы Мальта мен Буретіден палеолит адамына тән әр түрлі коллекцияның табылуы бұл пікірдің олқылығын дәлелдеп отыр<sup>5</sup>.

Палеолит дәуіріндегі аңшылар өздерінің тұрпайы қаруы мен шамалы айла-тәсіліне тиімді құламалы жарқабақтарға орналасады. Өйткені жайылып жатқан жабайы аңның үйіріне жасырына жақындап, оларды шатқал-құзға қамап ұстайтын. Қазақстанның шатқал-құздарынан кездесетін суреттер аңшылықтың алғашқы осы бір тәсілін еске түсіреді. Кейде аңшылар аңның өзеннен өтетін кезін аңдиды. Аң жылдың арнаулы бір мезгілінде ары жақтан бері қарай малтып өтеді, дәл осы қарсаңда найзамен қаруланған аңшылар оларды түйреп өлтіріп, мол олжаға кенеліп қалады. Қазақстанның Жамбыл ауданы, Отрар станциясына жақын, Ащысу өзенінің бойындағы суреттерді көргенде, аңшылықтың осындай сипатына тап боласың.

Кейбір жартастағы суреттерде аңның еркек, ұрғашы екендігі бейнеленеді. Сонымен бірге еркек және әйел адамдардың суреттері де кездеседі. Палеолит дәуіріндегі суреткерлер ең алдымен, тіршіліктің негізгі арқауы тамақты молырақ өндіру үшін аңдардың сиқырлық жолмен өсіп-өнуін армандаған. Сондықтан да

<sup>4</sup> А. П. Окладников. Аталған еңбек, 9—10-беттер.

<sup>5</sup> ВСЭ., т. 6, 1951, 310-бет; т. 26, 1954, 177-бет.

болу керек, кейбір сиыр, марал тәрізді суреттердің жанында үлкен бұқа тұрады. Бұл аңды сиқырлық жолмен билеп алудың символы, аңдардың өсіп-өнуіне жәрдемдесудің жолы тәрізді.

Орман аңшыларында аңға ұқсас әйел туралы аңыз бар. Аңыздың негізгі идеясы — адам мен аңның тіршілікке байланысты қарым-қатысын көрсету.

Қазақ тіліндегі кейбір қиял-ғажайып ертегілерде еркек ұрғашы аңға үйленсе, кейде әйел еркек аңға күйеуге тиеді. Мысалы: «Жігіт пен өнерлі қыз»<sup>6</sup> — деп аталатын қазақ ертегісінде жігіт ақ қаншық қасқырды әйел етіп алады. Жігіттің қасқыр қалыңдығы мен қасқыр енесі оған адам баласының қолынан келмейтін жақсылықтар істейді. Тағы жылқылар мен балықтарға осы жігітті қожа ғып қояды. Қаншық қасқырлар зұлым ханның қауіпті жауыздық әрекеттерінен жігітті аман алып қалады. Қасқыр қайын-жұрты жігітке сиқырлы қайрақ береді. Бұл қайрақтың адам не тілесе, соны орындайтын құдіретті күші болады.

Ертеде аңды қамап ұстаудың үлкен маңызы болған. Қазақ тілінде аңшылықтың бұл түрі *аба* делінеді. Түркі тілдерінде *аб(ау)*, *аба* сөздері де ертеректе қулық, айла, сиқыр<sup>7</sup> деген мағыналарда жұмсалған. Жартастағы бейнелер, көбінесе, осындай қиял-ғажайып, ертегілермен ұштасып, сол кездің өмір шындығын көрсетеді.

Жартастағы бейнелер ұзақ уақыттың жемісі. Мұны бір ғана адам, немесе бір ғана ру жасамаған. Мұнда палеолит, неолит, қола, темір ғасырларының ізі көрінеді. Кейде бір жартастан, бірнеше халық мұраларының кездесетіндігі, бұл жерді әр кезеңде әр түрлі халық жайлағаны сезіледі. Сібір жартастарындағы бейнелерде түркі халықтарының да үлесінің барлығын айта келіп, А. П. Окладников, бұл арада осы күні түркі тұқымдас ел болмағанымен, олардың бір кезде қалдырып кеткен жер-су атаулары бар, Сібірдегі Ангара өзенінің аты — «таза, мөлдір»<sup>8</sup> деген түркі сөзі еді дейді.

Жартастағы бейнелерді ертедегі халықтар пір тұтқан. Қазақтарда мұндай суретті тастарды осы күнге

<sup>6</sup> Қазақ ертегілері, I т. Алматы, 1957, 96-бет.

<sup>7</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М. — Л., 1959, 26-бет.

<sup>8</sup> А. П. Окладников. Олень золотые рога. М. — Л., 1964, 44-бет.

дейін «Әулие тас» деп атайды. «Тәңірге» жалбарынғанда, түнде басына келіп түнейтін беті әр түрлі суреттермен безелген қасиетті шыңдарды Қазақстанның кез келген жерінен кездестіруге болады. Жергілікті тұрғындар бұл суреттерді адам баласының жасағанына күмәнданған. Күн сәулесінің жартасқа түсуіне байланысты суреттердің бірде көрініп, бірде көрінбей қалатын құбылыстарын да, ол кездің адамдары, бір керемет күштің әсері деп ұққан. Сібірдегі адамдар, міне, осындай «қасиетті шыңдарға» түнде келіп ант беретін. Егер қылмысты деп танылған адам ақ болса, баспалдақпен шың басына көтеріліп кетеді, керісінше арам болса, құлап түседі-міс, шың басындағы «шарапатты иелер» оны итеріп құлатады деген ұғымға сенген.

Қазіргі қазақ тілінде тура шешімін тапқан әділдік-ақиқатты «Шың басындағы шындық» дейді. Бұл сөз тіркесі, біздіңше, сол ерте кездегі «қасиетті» шыңмен байланысты болса керек. Өйткені көне түркі халықтары, соның ішінде қазақтардың ата-бабалары да сиынатын, ант беретін «қасиетті» шыңдардан құр алақан болмаған. Осы күнге дейін қазақ даласынан «әулие тас», «әулие шың», «әулие үңгір» (арқадағы Шыңғыс тауларының біріндегі «Қоңыр әулие үңгірі» тәрізді) аталатын жер аттары жиі кездеседі. Кейбір діндар адамдар қазір де бұл жерлерге келіп, жақсы тілек тілейді, «қасиетті» шыңдардың басына ақтық байлап, түнде сол жерге түнеп шығады.

Қазақстандағы таулы өлкелерден дию, пері, періште, айдаһар, абжылан тәрізді қиялдағы ұғымдардың суреттері де байқалады.

Қазақстан жеріндегі эпиграфиялық мұралар революциядан бұрын да назардан тыс қалмаған. Бұл ретте Ш. Уәлиханов, А. Диваев, И. А. Кастанье сияқты бірен-саран болса да ғалымдарды атаған орынды.

Революциядан кейін, кемеліне келген еліміз көне мұраларды керегінше зерттейтін дәрежеге жетті. Халқымыздың ежелгі мәдениетінен аса бағалы деректер беретін жартастағы сурет, таңба, жазу сырлары 50—60 жыл бойы ғылым дүниесінен қағаберістеу жатты. Мұның бұлай болатын негізгі басты себебі, жас Совет өкіметінің алдында кезек күттірмейтін толып жатқан мемлекеттік маңызы бар шұғыл міндеттер тұрды.

Қазір халқымыздың тілі мен тарихын арнайы зерт-

тейтін Тіл білімі, Тарих, археология және этнография институттары құрылды. Көптеген елге танылып, түркі тану іліміне ерекше үлес қосқан: Ә. Х. Марғұлан, І. К. Кеңесбаев, Ғ. Ғ. Мұсабаев сияқты ірі-ірі ғалымдар өсіп жетілді. Қазақ лингвистикасының негізін қалаушы көрнекті ғалым, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов түркі халықтарының ежелгі жазба ескерткіштерін өз зерттеулеріне байсалдылықпен пайдалана білген<sup>9</sup>. Қазақ сөздерінің сөйлемдегі орын тәртібі жәйлі жазған еңбегінде көне түркі дәуіріндегі сөйлем құрылысының дәл осы күнгідей болмағанын көне ескерткіштерден қыруар мысалдар келтіре отырып, сөйлемдердің тарихи қалыптасу жолдарын асқан білімдарлықпен баяндап береді.

Соңғы кезде Тіл білімі институты арнайы эпиграфиялық экспедиция ұйымдастырып, Қазақстан топырағындағы көне мәдениетке байланысты сурет, мүсін, ою-өрнек, жазу, таңба тәрізділерді жинастырып келеді. Қазір қолымызға көптеген материалдар түсті. Азғана уақыт ішінде осы экспедиция материалдарының негізінде тың пікірлері бар 50—60 мақалалар жазылып, бір-екі кітап жарық көрді. Бұл ғылыми еңбектердің ішіндегі жұртшылық назарын аударғандары — жартастағы суреттер мен жазулар. Ата-бабаларымыз көне түркі жазуы деп аталатын жазуларын тек жартастар мен ағаштарға ғана қашап жазбай, сонымен бірге кірпіш, қыш, моншақ сияқты заттарға да жазғандығы соңғы кезде белгілі болып отыр. Шымкент облысының Сырдария өзенінің бойындағы ескі Артуқ қаласының орнынан табылған кірпіштегі жазу<sup>10</sup>, Алматы облысының Кеген ауданындағы тас мүсіннен кездескен үш жол жазу<sup>11</sup>, Шымкент облысының Бөріжар маңындағы моладан табылған моншақтағы жазу<sup>12</sup>, Алматы облысының Иірсу жайлауындағы пиктограммалармен қатар тұрған

<sup>9</sup> Х. К. Ж у б а н о в. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966, 32—74-беттер.

<sup>10</sup> Г. М у с а б а е в, Г. А й д а р о в. Сыр-Дарьинская надпись. «Вестник АН КазССР», № 6, 1966.

<sup>11</sup> Г. М у с а б а е в. Кегенская надпись. «Вестник АН КазССР», № 3, 1967; А. М а х м ұ т о в. Көне дүние куәлары. «Қазақ әдебиеті», 1965, 25 июнь.

<sup>12</sup> Тарих, археология және этнография институтының ғылыми қызметкері Б. Нұрмұқамбетов тапқан моншақтағы «ес сек үс» деген көне түркі халықтарының жазуына талдау жасаған едік.

«ал ес аң ар оқ аб оң» (ал, дос аң, арбаулы оқ, аңшылық оң) деген мәнді білдіретін түркі халықтарының көне жазуы<sup>13</sup> ғылым дүниесіндегі жаңалықтардың бірі болып табылады.

Қазақстандағы Ә. Марғұлан, Ғ. Мұсабаев, Б. Кенжебаев сияқты көрнекті ғалымдарымыз халықтың ежелгі тарихына үңіліп, қалам тартып келеді. Бұл салада алғашқы жинап-тергеніміз көлемді еңбек болып жарық көре бастады<sup>14</sup>. Шығып жатқан кітаптарымызда кемшілік жоқ дей алмаймыз. Мұндай тың тақырыпты зерттеуге төзімділікпен еңбек ету керек. Түркі халықтарының көне мәдени мұраларын зерттеп сарапқа салу жаңа ғана басталды. Ендігі ғылыми зерттеулер әрі қарай жалғастырыла бермек.

#### ЕЖЕЛГІ АҢШЫЛАР МЕН БАҚТАШЫЛАРДЫҢ ЖАРТАСТАҒЫ БЕЙНЕЛЕРІ

Алғашқы адамдардың күн көрісі мен қоғамдық бірлестігі туралы археологиялық зерттеулердің нәтижесіне қарап Қазақстан жерінде, сонау Орта Енисей ойпатында орта палеолит дәуірінде адамдар өмір сүрген делініп жүр<sup>1</sup>. Жер шарының басқа да аудандарымен қатар қазіргі Қазақстан жерінде алғашқы адамдардың мекені болған, палеолит дәуірінен қалған ескерткіштерге сүйене отырып, К. Ақышев шамамен алғанда Орта Азия мен Қазақстан жерінде Европамен бір мезгілде алғашқы адамдар пайда болды дейді. Соңғы кезде буржуазияшыл тарихшылардың «Азия халықтарын — мәңгі артта қалған халық, олар — жаратылысында кем, дербес дамуға қабілетсіз болды-мыс» деген кертартпа теория-

<sup>13</sup> А. Махмұтов. Көне түркі халықтарының дыбыс жүйелі жазуы. «Білім және еңбек», 1966, № 3.

<sup>14</sup> Ә. Марғұлан, К. Ақышев, М. Қадыров, Б. Нұрмұхамбетов және т. б. Ежелгі мәдениет куәлары. Алматы, 1966; Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан, I бөлім. Алматы, 1966; Б. Кенжебаев және т. б. Ежелгі әдебиет нұсқалары. Алматы, 1967.

<sup>1</sup> С. В. Киселев. Краткий очерк древней истории хакасов. Абакан, 1951.

сымағын әшкерелейтін археологиялық қазба заттардың табылғаны белгілі <sup>2</sup>.

Бұл палеолит дәуірінде ежелгі түркі жайлаған мекеннен де алғашқы адамдар тұрағының табылуы, ондағы адам сүйегінің жақ бітіміне қарап, андертал адамдар жүз мыңдаған жыл бұрын болғанына қарамай-ақ сөйлегені жәйлі дерек үлкен жаңалық <sup>3</sup> болып табылады. Олар отты да жаға білген. Етті отқа қақтап, пісіріп жеуге қабілеті жеткен. Мұны Ф. Энгельс адам баласының үлкен екі жаңа табысы еді деп бағалады. Оның бірі — отты тіршілік мұқтаждығына пайдалану, екіншісі — жануарларды қолға үйрету. Алғашқысы ас сіңіру процесін бұрынғыдан да қысқартты, өйткені оның өзі ауызға, былайша айтқанда, жартылай сіңімді етілген тамақты салып отырды; екіншісі ет тамағының қорын көбейтті, өйткені аң аулаумен қатар оның өзі ет тамағын неғұрлым үзбей алып тұруға болатын малды қолға ұстайтын жаңа негіз тауып берді және оның үстіне, сүт пен оның өнімдері түрінде, өзінің құрамы жағынан кемінде етке барабар жаңа тамақ заттарын берді <sup>4</sup>, — деп көрсетеді. Аңшылық адамдардың икемділік, байқағыштық, іскерлік қабілетін арттырып, игілікті ықпал жасады. Сөйтіп ет тамағы қанның химиялық құрамын жақсартып, мидың дамуына ықпал жасайды. Алғашқы адамдардың аңды қалай аулағанын олардың жартастарға қалдырып кеткен суреттері мен азынаулақ археологиялық мұраларға қарап жобалаймыз.

Бұл кездегі адамдардың, тіпті, найза сияқты қарапайым құралды да қолдана білмеуі, аңшылықтың арнаулы топтардан құралғанда ғана тиімді болғандығын байқатады. Мұндай бірігушілік ішкі байланысты күшейтіп, адамдардың үйірлі топтарының алғашқы қауым болып қалыптасуына әкелді. Алғашқы адамдардың тарихында кездесетін аса бір маңызды кезең — осы орта палеолит дәуірі. Орта палеолит дәуіріндегі

---

<sup>2</sup> К. А қ ы ш е в. Археологиялық аса бағалы ескерткіштер. Ежелгі мәдениет куәлары. Алматы, 1966, 54—55-беттер.

<sup>3</sup> Й о з е ф А у г у с т а - 3 д е н е к Б у р и а н. Жизнь древнего человека. Артия-Прага, изд. 5, 1963, 54-бет (14-картаға берілген түсінікті қара).

<sup>4</sup> Ф. Э н г е л ь с. Маймылдың адамға айналу процесінде еңбектің ролі. К. М а р к с, Ф. Э н г е л ь с. Таңдамалы шығармалар, II т., Алматы, 1956, 79-бет.



Қыптардың мәдениеті Орта Азия, Қазақстан жерлері-  
құрамындағы қалғат аймақтарында, қайыптардың бұл



4-сурет. Аңшылық тәсілі.



5-сурет. Бұғалыққа ілінген өгіз.

адамдардың мәдениеті Орта Азия, Қазақстан жерлерінен табылып жатқан археологиялық қазбалардан белгілі болып отыр.

Жоғарғы палеолит дәуірінде адамдар қауымының бірлестігі матриархалдық сипатта болған тәрізді. Әрине, бұл матриархалдық та кездейсоқтықтан келіп тұрмаған, онда да дамудың белгілі бір тарихи құбылысы бар.

Орта палеолит дәуіріне тән адамдардың алғашқы бірлестігі ірі аңдарды аулау, аңшылар тобының бір жерге шоғырлануына, қоғамдық қатынасқа, жабайы болса да негіздейді. Адамдардың топ құрап, үйір-үйір болып жүруі табиғатта болып тұратын қауіп-қатерден қорғану кезінде бір-біріне жәрдемдесуге өте тиімді болды. Осының нәтижесінде өздерін және бүкіл қауымның меншігіндегі балаларды қорғау ісі жақсара түседі.

Аң аулауға ең күшті еркектер барды. Қарттар аң аулайтын құралдар дайындап, бірлескен аңшылыққа басшылық жасады. Әйелдер балаларға қамқорлық көрсетіп, тамақ пісіреді. Аңшылар бір жерден екінші жерге көшкенде жүк тасып, тоқтағанда күрке тігеді. Қорыта келгенде әйелдер үй ішіне, ас-суға қожалық жасайды.

Некелік тәртіпке де өзгеріс кіре бастайды. Ата-аналар мен балалардың арасында болатын некелік қатынасқа тыйым салынады. Сөйтіп, семьяның алғашқы формасы қалыптаса бастайды. Бірақ әлі де аға, қарындас, немере, шөбере дегендер біріне-бірі үйлене беретін тәртіп сақталып қалады <sup>5</sup>.

X ғасырдың басында ескі болғар, көне хазар және қазақ жеріне келіп, олардың өмір тіршілігінен бағалы материалдар қалдырған арабтың атақты саяхатшысы Ибн-Фазлан жазбаларынан «түркілердің біреуі өліп, оның артында кіші әйелі мен бәйбішеден туған ұлдары қалса, өлген әкесінің кіші әйеліне (тоқалына) бәйбішеден туған ұлдардың үлкені үйлене береді» <sup>6</sup>, — деген деректі кездестіреміз. Бұл айтылғандардан байқалатын жәйт, түркі халықтарында кейбір матриархалдық қалдықтың элементтері ұзақ уақытқа дейін сақталған. Түркі халықтарының көне жазба ескерткіштерінде ата-

<sup>5</sup> С. Е. Малов. Енисейская письменность тюрков. М. — Л., 1952, 84-бет.

<sup>6</sup> Ибн-Фазлан жазбалары. «Білім және еңбек», 1968, № 7, 22-бет.

баба деудің орнына апа-ече (апа-әже) — шыққан тегіміз, үрім-бұтағымыз деген мағынада жұмсалады. Апа мен әженің ежелгі ұрпақ деген мәнде қолданылуы да матриархалдық дәуірден қалған белгі болса керек.

Алғашқы діни сенімдер мустье дәуірінде туа бастайды. Үңгірлердің ішіне жерленген аю сүйектерінің немесе аяқтарын бүгіп, ұйықтап жатқан қалыпты байқататын ошақ қасына жерленген адам бейнесін білдіретін ескерткіштердің табылуы белгілі бір діни дәстүрді байқатады. Аю сүйектері аңға табыну — тотемизм салтын байқатса, ошақ қасына жерленген әйелдің тастан шабылған мүсіні оттың қожасы ана дегенді аңғартады.

Қазақстан жеріндегі үңгірлерден мамонт, мүйіз тұмсық, бұғы, арқар сияқты аңдардың сүйектерінің және жартастардан олардың суреттерінің кездесуі сол дәуірдегі аңшылық жайынан хабар береді. Қазақстан өңірінен палеолит дәуіріне тән шолақ найзалар мен шанышқылардың, шақпақ тастардан істелген садақ масақтары табылып жатыр. Мұндай құралдардың дүниеге келуі, сөз жоқ, аңшылық кәсібінің бұрынғыға қарағанда, дамығандығын көрсетеді. Коллектив болып, топталып жүретін палеолит аңшылары бұл кезде аңды қамап немесе ор қазып, тұзақ салып, алдап-арбап ұстайтын тәсілді жақсы меңгерген болу керек. Қазақстан тауларынан табылып жатқан аңшылық тұрмысты бейнелеген суреттер бұл дәуірдің сыр-сипатын түсіндіруге жәрдемдесетін тәрізді. Жоғарғы палеолит дәуіріндегі аңшылар енді ылғи жортып жүрмей-ақ тұрақты белгілі бір жерден аң аулап күн көрерлік дәрежеге жетеді. Бір жерге қоныс тебушілік адамдардың қоғамдық қалыптасуына да әсер етпей қоймайды. Туысқандар арасында болатын некеге тыйым салу бұрынғыдан да күшейе түседі.

Жартастарға салынған немесе мүсін тас етіп шабылған суреттерде әйел образы палеолит дәуірінде рулық қауымның қалыптасқандығын байқатады. Алғашқы рулық қауымда әйел рулық бірліктің ұйытқысы, түтіннің қожасы болды. Үрім-бұтақ, туыстық белгілер тікелей әйел есімімен келіп ұштасты. Әйел жаңа туған жас нәрестенің анасы болумен бірге, ру мүшелеріне тамақ пісіріп беретін тіршіліктің тірегі сияқты роль атқарды.

Сондықтан жоғарғы палеолит дәуіріндегі аңшылардың рулық қауымында барлық билік әйелдің қолында болды. Әйел қасиетті оттың қожасы болғандықтан, «киелі», «шарапатты» болып көрінеді. VII—VIII ғасырлардағы түркі халықтарының жазба деректерінде де әйел «тәңір» дәрежесінде дәріптеледі. Жақсылық істің бәрі тек әйелмен ғана байланысты болады деген ұғым бар. Көне ескерткіште: «Умай текті шешем қатын құтына інім Күл-тігіннің ер атағы шықты» делінетін сөйлем кездеседі<sup>7</sup>. Жоғарыда көрсетілген Ибн-Фазлан жазбаларында түркілер өздерінің «ұлы құдайын» әйел деп есептейді екен деген де пікір бар.

Қазақстан жерінен табылып жатқан археологиялық қазба материалдар мен жартастағы суреттер осы күнгі түркі халықтарының (қазақ, қырғыз, өзбек, шуаш, башқұрт, татар, т. б.) неолит дәуіріндегі рулық топтарының өмірінен аса бағалы мәліметтер береді.

Қоладан істелген еңбек құралдарының шыға бастаған кезінде шаруашылық пен қоғамдық қатынаста, мәдениетте үлкен өзгеріс болды. Аңшылар жануарларды қолға үйрете келіп, оларды тіршілік қажетіне жаратады, сөйтіп, мал деген ұғымды табады, мал шаруашылығын дамытады. Бақташы тайпалар («пастушеские племена») дүниеге келуіне байланысты еңбек бөлісінде де өзгерістер пайда болады. Малдың еті, сүті, терісі, жүні сияқты заттардың көбеюімен ғасырлар бойы қалыптасқан матриархалдық-рулық қауым ыдырай бастайды. Малдың қолға үйретілуі, жаңа байлықтардың табылуы семья ішінде түбегейлі өзгеріс енгізді. Малды бағып-қататын, оған иелік жасайтын еркектер болады. Малға айырбасталып алынатын товарлар мен құлдар да еркектің билігінде болды. Әйелдер еркектердің меншігіндегі затты тұтынғаны болмаса, бұрынғыдай қожалық жасай алмады. Сөйтіп, енді семьяда еркек бірінші орынға, әйел екінші орынға ауысады.

Афанасьев кезеңіне тән ескерткіштер энеолит дәуіріндегі Орта Азия, Қазақстан жерін мекендеген адамдармен тығыз байланыстылығын және сол мәдениеттің жалғасы екенін аңғартады. Сонымен қатар, Афанасьев

<sup>7</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М. — Л., 1951, 24-бет.



6-сурет. Ертедегі бақташы.


дәуіріндегі шаруашылық пен мәдениеттің өзгешелік сипаты көне энеолит заманындағы Сібірдегі халықтардан елеулі айырмашылықтарын да байқатып отыр. Антропологиялық өзгешеліктерден де құр емес.

Археологиялық материалдар Афанасьев дәуірін біздің эрамызға дейінгі III—II мың жылдың төңірегі деп шамалайды.


Андронов дәуірі біздің эрамызға дейінгі II мың жылдың ортасы, Саян-Алтай тайпаларының жаңа даму кезеңін меңзейді. К. Ақышев: «Қазіргі қазақтар мен андроновтық тайпалар арасын 3000 жылдан астам уақыт шымылдығы бөліп тұр. Орталық Қазақстанның үлкенді-кішілі Нұра, Талды, Шерубай өзендерінің жағалауларынан андроновтық тайпалардың мекен-тұрақтары табылды. Мекен-тұрақтардан табылған заттардың ішіндегі көзге түсер көріктісі де, көңіл бөлер мәндісі де — сәнді өрнектелген қыш құмыралар. Қыш ыдыс өрнектерін талдасақ, көз алдымызға қазақтардың ою, сызу өрнектерінің көптеген нақыштары келеді. Мыс.: «қошқар мүйіз» өрнегінің сарының ертедегі андроновтықтар өрнектерінен көреміз. Егер андроновтықтар бұл өрнекпен ыдыс-аяқ бетін әшекейлесе, қазақтар әр түрлі бұйымдарды безендіретін-ді. «Қошқар мүйіз» өрнегінің негізінен кілем, түс киіз, текеметтер, сандықтар, ағаш төсектер өрнектелетін. Әшекей өрнек өнерінің осындай бір мәнерінің өзі де араларын мыңдаған жылдар бөліп тұрған халықтардың мәдениеттерін байланыстыратын ортақ белгілерін айқын көрсетеді. Антропологтардың қазақтардың нәсілдік сыр-сипаты андроновтық негізде қалыптасты деген тұжырымдары да осыны айтады»<sup>8</sup>, — деп қорытады. Бұл кезде жер шаруашылығымен шұғылданушылық күшейіп, металл құралдар да кеңінен қолданыла бастайды. Тайпалардың белгілі бір жерге қоныс теуіп, отырықшылық өмір құра бастағандығы байқалады. Адамдардың мәдени рухани тілегі бұрынғыға қарағанда әлдеқайда ілгері дамиды.

Андроновтықтардың діні — күнге табыну сипатында болады. Аспан әлеміне (төңірге) табыну, ондағы ай, күн, жұлдыз сияқты планеталарды пір тұту бүкіл түркі халықтарына тән дәстүр. Ертеңгі күн шыққан кезде не-

<sup>8</sup> К. А қ ы ш е в. Көрсетілген еңбек, 57-бет.







Музей этнографии и археологии Академии наук Республики Казахстан

7-сурет. Тәңіріге табыну.

месе жаңа ай туғанда, қазақтар оларға тәжім етіп, бастарын жерге жеткізе иетін, әрі бұлардан жақсылық тілеп, жалбарынатын. Қазақстандағы жартастардан басы ай немесе сәуле шашқан күн тәрізді алып адам бейнелері кездеседі. Әдетте мұндай ғажайып суреттер қатар орналасқан басқа бейнелерге қарағанда, үлкенірек болады. Бұлар екі қолымен қой, ешкі, жылқы, сиыр сияқты малдарды көтеріп тұрады. Тіршілік дүниесінің тірегі ай мен күнді бейнелеген тас бетіндегі осы суреттер құдіретті тәңірлердің символына ұқсап кетеді. Ибн-Фазлан жазбаларына сүйенсек, түркілердің 12 құдайы болыпты: Олар: қыстың, жаздың, жаңбырдың, желдің, ағаштың, адамның, хайуандардың, судың, түннің, күндіздің, өлімнің, жердің жеке-жеке құдайлары бар деп иланған<sup>9</sup>. Кейде жартастардан түсініксіз қиялдан туған суреттер кездесіп қалады. Бұлар да сол көне дінмен байланысты бейнелер болу керек.

Саян-Алтай жерінен табылған қазбаларға ұқсас андронов ескерткіштері Сібір далалары мен Қазақстаннан, Оңтүстік Орал мен Сарысу су қоймасына дейінгі территориядан кездесуде. Батыс Сібір мен Қазақстанда «андроновтықтар» ұзақ уақыт өз мәдениетін сақтап келген. Біздің заманымызға дейінгі XIII—XII ғасырларда Саян-Алтай жерінде жаңа өзгеріс басталады.

Саян-Алтай халықтарының өміріндегі жаңа өзгеріс біздің заманымызға дейінгі XIII—XII ғасырлардағы Қарасу мұраларының таралуына байланысты. Тастағы, қоладағы әр түрлі бейнелер мен белгілерді сарапқа салып қарастырғанымызда, Қарасу ескерткіштерінің Солтүстік Қытайдағы Ордос, Суйюань, Жехэ мәдениетіне жақындайтындығы байқалады. Терістік Қытайды мекендеген «тағылар» Орта Енисей мен Алтайға қарай ығыстырылған. Бұл «тағы халық» деп аталатындар қытай нәсіліне жатпайтын тайпалар еді. Халықтарды ығыстыру Шань мен Инь династиясының тұсында (б. з. д. XVII—XIII ғ.) болады. Қарасу дәуіріне тән қола заттарда осы кезеңді байқататын өрнек пен әр түрлі бейнелер байқалады.

Европа мен Азия далаларындағы кейінгі кезең біздің заманымызға дейінгі VII—III ғасыр шамасы, скиф

<sup>9</sup> Ибн-Фазлан. Көрсетілген еңбек, 23-бет.

дәуірі деп аталады. Қазақстан жерін бұдан екі жарым жыл бұрын скифтер немесе сақтар деген тайпалардың мекен еткені тарихтан белгілі. Скифтердің негізгі мұрагері түркі халықтары, соның ішінде қазақтар болу керек. Қазақстан жерінен табылып жатқан кейбір қазба мұралар, жартастағы суреттер скиф заманындағы заттарға өте ұқсас. Осы күнгі қазақтардың ою-өрнектері, әдет-ғұрыптары, киім үлгілері де скифтердікіндей. Бірақ зат ұқсастығы кең көлемді қамтиды. Мәдениеті мен этникалық құрамы әр түрлі және әр тілде сөйлейтін Орал бойы, Қазақстан, Батыс және Оңтүстік Сібір, сыртқы Байқал, Монғолия мен Қытайдың Ұлы қорғанының солтүстік облыстары, Ордос, Суйюань, Жехэ тәрізді жерлерден табылған көне мұралар да скиф дәуіріндегі бұйымдарға ұқсас. Ұқсастық, әсіресе, қару-жарақ, ат әбзелдері, ою-өрнектерде күштірек. Скиф заманындағы ромба тәрізді жебенің қола масағы жоғарыда көрсетілген жерлердің бәрінде кездеседі. Скиф тұсындағы семсер (акинака) жәйінде де осыны айтуға тура келеді. Біздің заманымызға дейінгі VII—VI ғасырларға жататын жүгендердің ауыздықтары да скиф үлгісін көрсетеді. Заттардың бетіне салынған ою-өрнектер де «скифтік аң стилімен» безелген. Үйді дөңгелектің үстіне орналастырып, өгізге жегіп сүйретіп жүрушілік тіпті скиф дәуірінен бұрынғы қарасуск заманында болған.

Өнер, әдет-ғұрып, мәдениет, шаруашылық бірлігінен басқа халықтың шыққан тегін көрсететін негізгі бір дәйек — тіл болмақ. Қалыптасқан ана тіл ұзақ уақыттың жемісі, сондықтан оның өмір жасы да ұзақ. Аумалы-төкпелі заман болып, халықтар тоғысып, бірі құрып, бірі көркейіп жатса да өмір талқысынан өтіп, сомдалып соғылған, кесек тұлғалы мәдениетті халықтың тілі артына із қалдырмай кетпейді.

Тарихта жарыса қатар қолданылып жүретін скиф-сақ тілдерінің бір тіл болғандығы, әрі олардың бір этникалық топ екендігі айқын. Скифтердің сақ атауы бұғы<sup>10</sup> сөзінің мәнін білдіреді. Мүмкін ерте кезде бұғы бұл халықтың шыққан тегін білдіретін шарапатты тотемі болған шығар. Сібірдегі түркі тілдес, немесе түркі-

---

<sup>10</sup> В. И. Абаев. Осетинский язык и фольклор, т. I. М. — Л., 1949, 179—198-беттер.

лерге әдет-ғұрыптары жақын келетін көптеген халықтар бұғы-маралды аспандағы «күн құдай» деп түсінеді. Түркі халықтары да өздерін тәңірі текті (аспан текті) елміз деп дәріптеген. Тарихи деректер түркі халықтарының да бұғыны құрметтегенін аңғартады. Мәселен, Қазақстан жерінен «бұғы тастар», жартастардан алуан түрлі бұғы суреттері, көне молалар мен обалардан бұғы суреттерімен безелген киімдер, қару-жарақтар, белдік тоғабастары кездесіп жатыр. Бұл материалдық мәдени мұралар скифтер мен түркілердің, соның ішінде қазақтардың ұзақ ғасырларға созылған туыстық қатыстарын айқындай түседі.

Махмуд Қашқаридың атақты «Девону лугатит ат-түрк» атты сөздігінде *қай* деген тайпа кездеседі. Бұл сөздіктің авторы кейбір түркі тайпаларында сөз ортасында *з* дыбысының *й*-ға алмасатынын мәлімдейді. Мысалы, *қазың//қайың, қазын//қайын, азақ//айақ* т. б. Бұған қарағанда, кейбір түркі тайпалары *қай* терминін *қаз* деп айтуы мүмкін.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде *аз*<sup>11</sup> деген халықтың аты аталады. Жоғарыда көрсетілген сөздікте сөз алдында *а* дыбысының түркі тілдерінде *һа* дыбысты буынға алмасатыны да ескертілген. Мысалы, *ата//һата, ана//һана*<sup>12</sup>. Бұл дерек *аз* деген халық атының *һаз//қаз* болып айтылатындығын да теріске шығармайды. Қорыта келгенде, қалай да, ертеректе осы күнгі қазақтардың алғашқы негізі *қаз* деген тайпа болған. Осы талдаулардың негізінде қазақ қос түбірлі атау, бастапқысы *қаз* (тайпа аты), екінші сыңары сақ (скифтердің тегін білдіретін бұғы бейнесіндегі аспан құдайы) деген қорытындыға келеміз.

Шын мәнінде скиф тілінің түркі тектес халықтар тіліне, соның ішінде қазіргі қазақ тіліне ұйтқы болғанын ешкім теріске шығара алмайды. Окиф тіліндегі көптеген сөздер көне түркі тілдері мен қазіргі қазақ тілінде кездесіп отырады. Қазақстан жеріндегі жартастардан табылып жатқан аңшылар мен бақташылардың суреттері де скиф дәуірін көз алдымызға елестетеді.

<sup>11</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, 26-бет.

<sup>12</sup> Махмуд Қашқари. Девону лугатит түрк, 1 т. Ташкент, 1960, 64, 68-беттер.

Тагар дәуірінде Енисей ойпаты мен Алтайда мәдени-тарихи дамудың өзіндік ерекшелік сипаты болған. Алтайда тагарға жақын, дегенмен даралығы байқалатын Майәмер мәдениеті қалыптасады. Бұл мәдениетте бұрыннан келе жатқан традициялық жалғас азырақ та, батыстағы скиф-сақпен байланыс күштірек. Осында Саян-Алтай тайпаларының екі топқа бөлінуі басталады. Бірі — түркі-алтай, екіншісі — қырғыздың этногенездік негізін құруға жәрдемдеседі. Бұл өзгерістер шаруашылықтың жаңа қалпына әсерін тигізбей қоймайды. Қарасу дәуіріндегі халықтардың шоғырланушылығы жер кәсібін дамытып, мысты өңдеуді жетілдіре түседі.

Біздің заманымызға дейінгі заманнан көп бұрын дүниеге келген қазақ жеріндегі мәдени мұраларды зерттеуде маңызды үш құбылысты ескеру қажет. Бұл кезде құл иеленуші Қытай батыспен сауда жасауды көздеп, Орталық Азиядағы «тағы тайпаларға» қарсы шабуылға шығады. Мұның аз-ақ алдында Таяу Шығыс пен Орта Азия Александр Македонскийдің шапқыншылығына ұшырайды. Эллиндік мемлекеттердің құрылуы шетелдіктерге қарсы күресті үдете түседі және жаңа сипаты бар біздің заманымызға дейінгі IV—I ғасырдағы эллиндік мәдениет творчестволық түрде қабылдана бастайды. Орта Азияда сақ, сармат тайпаларының ерсілі-қарсылы сапырылысуы әлдеқайда күшейді. Батыста сарматтардың беделі артып, шығысты юэ-чжидің (массагеттердің) жаулап алуға ұмтылуы осыған байланысты. Ақыры, біздің заманымызға дейінгі III—II ғасырларда бұрынғы көшпелілерге қарағанда әлдеқайда күрделі қоғамдық құрылысы бар хундардың (күн) қуатты соғыс бірлестігі құрылады. Хундар Оңтүстік Байкал бойын жайлайды. Олар Саян-Алтай тауларындағы елдерге де оқта-текте үстемдік жүргізіп қояды. Хундардың (күндердің) әлеуметтік саладағы мәдениеті Саян-Алтай тауларындағы тайпалардың ақсүйек табының тірегі болады. Хундардың искусствосы сармат, скиф халықтарына тән стильде дамиды. Шығыс Түркістан, Орта Азия мемлекеттерімен қарым-қатынас жасау грек мәдениетінің үлгілерін хундарға ғана емес, Қытайға дейін таратады. Сонымен қатар скифтердің эллиндік жаңа мәдениеті Қиыр Шығыстың да игілігіне айналады.

Юэ-чжи (массагеттер), үйсін, хорезм (көне қанды) елдерімен тыныштық кездегі байланыс, әрі шапқыншы-

лық кездегі қақтығыстар Қиыр Шығыста хун тайпаларының идеологиясына ұқсас салт-сананың қалыптасуына ықпал етеді.

Жартастағы суреттер ертедегі халықтардың осындай аңшылық, бақташылық, жаугершілік өмір көріністерінен, әрі әдет-ғұрыптарынан азды-көпті деректер береді.

Алғашқы адамдар тас бетіндегі бейнелерді ерекше бір сыры бар жазу іспетті түсінген. Көне заманға тән суреттер бояумен жасалады, осыдан барып, «жазулы тас» («писаные камни») деген термин қалыптасады. Жартастардағы суреттер бес дәуірге бөлініп қаралып жүр.

I. Палеолит дәуіріндегі суреттер: ең көмі біздің заманымыздан 40—20 мың жыл бұрын дүниеге келген.

II. Неолит дәуіріне жататын суреттер: шамамен алғанда бұдан 10 мыңдай жыл бұрын салынған.

III. Қола және ертеректегі темір дәуіріне жататын (біздің заманымызға дейінгі III ғасырдан — біздің заманымыздың V ғасырына дейінгі) суреттер.

IV. Түркілердің қурықан заманындағы VI—X ғасырлардағы суреттер.

V. Қурықандардан кейінгі X—XV ғасырлардағы суреттер.

Палеолит дәуіріне тән суреттер көлем жағынан сол кездегі аң денесімен шамалас үлкен болып істелген. Ірі суреттер мен антропоморфты адам тәрізді бейнелер палеолиттен кейінгі неолит дәуіріне жатады. Эвенкілер аңшылардың суреттермен безелген қасиетті шыңын Бугалы деп атапты.

Сібір халықтарында аңшыдан қашып келе жатқан бұғы құдайдың құдіретімен тас шыңға айналып кетіпті дейтін аңыз бар. Бұл қасиетті шыңды буряттар ата-бабамыз Буха-Нояң-Бабай дейтін көрінеді.

Аңшылықты шамандар басқарды. Аңшылар саяхатқа шығар алдында тайпалық Бугадыға жиналып, «олжалы қылып қайтара көр» деп жалбарынған, әрі дәстүрлі би билеген. Шамандар «жындарын» бүкіл тайганы аралап келуге жібереді-міс. Жындар аңның қай жерде жүргенін көріп, аңды аңшыларға айдап әкелуге тиіс, немесе тайпалар жеріндегі аңды басқа жерге жібермеулері керек. «Жындар» аңдардың өсіп-өнулеріне жәрдемдеседі дейтін сенім де бар екен.

Діни түсініктерге байланысты аңшылар аңдардың әр түрлі мүсіндерін істеді, жартастарға олардың суреттерін салды. Алтайлықтар арпаның талқанынан әр түрлі аңдардың мүсіндерін жасап тайғаға апарып қояды екен. Бұл мүсіндер тіріледі, өсіп-өнеді деп ойлаған. Мұның негізінде аңдарды алдап-арбау жатыр. Мұндай дәстүр Сібірдегі аңшы халықтардың көпшілігіне тән.

Тунгустар мен олардың нәсілдес тайпаларында ең «жоғарғы ие» буга, боа немесе буха делінеді. Олардың ұғымында дүние үшке бөлінеді. Оның бірі — «жер бетіндегі дүние». Қалған екеуі «жоғарғы аспан» мен «төменгі жер астындағы дүние». Бұл «жоғарғы» және «төменгі» екі дүниеде де толған тіршілік болады-мыс. Аспанда бұғы, бұлан, киік тәрізді аңдар, оларды аулайтын аңшы адамдар мен иттер болуы мүмкін, жер асты балық, айдаһар жылан дүниесі болуға тиіс деп қиялдаған.

Сібірдегі халықтар үлкен жеті қарақшы жұлдызын да бұғы немесе аю деп есептейді. Қола мен ертедегі темір ғасырларының мәдени заттық ізі Қазақстан мен Сібір жартастарындағы суреттерден де кездеседі. Қола дәуіріне А. П. Окладников ең алдымен қайықтар, адамдар, мүйізді аруақтар, бүйірінде күн тәрізді белгісі бар басын артына қайырып тұрған бұғылар тәрізді суреттерді жатқызады. Шишкиндегі бұғы денесінен қабырға сүйектерінің табы тәрізді жолақтар байқалды. Мұндай суреттер де қола дәуірінде пайда болған көрінеді.

Жолақты аң суреттері көп жерге тараған. Лена өлкесі, Орал, Енисей, Ангара ойпаты, Байқал және Қазақстан жерінен кездестіреміз. Құйрықты адамдар мен құстар да қола, ертедегі темір дәуіріне жатады. Алматы облысының атақты Таңбалы сайында жолақты өгіз де, құс та, құйрықты адам да, Сібірдегі бұғы тастарындағы бұғыға ұқсас төрт аяғын бауырына ала бүгіп жатқан бейнелер де кездеседі.

Сібір халықтарындағы шамандардың аңызы бойынша, төменгі өлі дүниеде өлік өзеніндегі толқындарды қақ жарып жүзіп жүретін бұғылар мен бұландар болады-мыс. А. П. Окладников: «Басын артына қайырып тұрған бұғылар мен қайықтағы ашақай басты адамдар арқылы ерте кездің суретшілері аңыздағы өлік

өзенінде жүзіп жүрген ол дүниедегі аруақтарды бейнелеген болар дегенді айтады <sup>13</sup>.

Шишкин жартастарындағы арандай аузы ашылған ұзын тісті, адам қиялынан туған діни мақұлықтың бейнесі де Қазақстандағы Қаратаудан кездесіп отыр.

Қайық, бұғы, адам қиялынан пайда болған тап төрізді мақұлықтың суреттері өліммен байланысты образдар. Адам өлген соң, оның жаны өлік өзеніндегі қайықтарға барып тұрақтайды деген діни сенім көптеген елге таралған.

Көне Египеттің жерлеу салтында ол дүниенің күн құдайы ретінде жылан бейнеленеді.

Антропоморфті күн шұғылалы адам бейнелері де А. П. Окладниковша қола және ерте кездегі темір ғасырына жатады.

Жартастардан жалаулы салт атты адамдар, садақ тартқан аттылар, марал, бұғы, бұлан, қос өркешті түйе, құс, түрегеп тұрған адамдар, аруақтар бейнесі кездеседі. Айнала садақ тартып, аңды қамал ұстау, бұғалық тастап, тұзақтап ұстау тәсілін де байқаймыз. Аңшылықтың мұндай суреттері Алматы облысының Таңбалы сайында да сайрап тұр.

Шишкин жартастарының бір жерінде он тоғыз адам қатарласа келіп, қол ұстасқан. Бәрінің ұзын киімі бар. Таңбалыда осы төрізді бір топ адам билеп тұр. Бұлардың қатар тұруы бір-біріне ұқсағанымен, қимыл бейнеленуі мен киім өзгешеліктері бірден байқалады. Таңбалыдағы бишілер жалаңаш жүрген төрізді.


Талдықорған облысының Ақсу, Сарқант аудандарындағы наймандарда да ат жалын тіс-тіс етіп, құйрығын келтелеу етіп, күзейтін әдет бар. Осы алуандас суреттер Орталық Азиядағы юэчжилерде біздің заманымызға дейінгі V—IV ғасырларда болған екен.

Қазақ халқы эпостарында батырдың мінетін аты құдайдың құдіретімен ерекше жаралады да, келешекте батырды тәрбиелейді. Мұндай батырлар эпоста әлсіз жас, немесе жетімек болып суреттеледі. Дәл осындай жәйттерді буряттар аңызынан кездестіруге болады.

Ертедегі далалық тайпалардың туы жылқының

<sup>13</sup> А. П. Окладников. Шишкинские писаницы. Иркутск, 1959, 97-бет.





8-сурет. Алғашқы бишілер.

құйрық қылы, мыс пен қоладан жасалған скиф мәдениетіне ұқсас әр түрлі аңдардың, кейде адамның бас бейнелері болған. Оржон түркілерінің туларында осындай бөрі суреті болды. Қытай деректері түркілердің туы алтыннан жасалған бөрі, немесе бөрінің басы еді дегенді айтады.

Түркілердің билеуші тобы қаншық қасқырдан жаралыпты дейтін аңыз бар. Түркілердің Ашин руының да арғы тегі қасқыр екен. Мұның да туы өзінің шыққан тегін көрсететін алтыннан істелген қасқырдың басы болыпты <sup>14</sup>.

Лена жартастарындағы матадан істелген тулы адамдардың (салт атты жауынгерлердің) суреттері Қазақстандағы Балқаш көлінің оңтүстік батыс жағалауынан және Талдықорған облысының Талдықорған ауданындағы Дауылбай тауынан кездесіп отыр. Бұл фактілерге қарағанда, Азиядағы түркі халықтарының кейбіреуінде металдан істелген бейнелі тудан басқа, бертін келе матадан жасалған тулардың болғанына да толық көзіміз жетеді.

Арабтардың алғашқы тулары біздің заманымыздың V ғасырында белгілі болды. Олар найзаға ілінген ақ шүберек еді. Арабтың кейінгі тулары, көбінесе, қара не ақ түсті болып келеді. Кейбір тайпаларда басқа да түсті тулар болғанын Ғ. Мұсабаев өзінің мақаласында айтқан болатын <sup>15</sup>.

Қара түсті шүберек ту біздің заманымыздың X ғасырында ирактардың кейбір рулары мен печенегтерде болған.

Қырғыздардың Енисей бойындағы Сулеке тауының жартастарында ойып қалдырған тулы найза ұстаған салт атты жауынгерлерінің суреттері біздің заманымызға жетіп отыр. Дәл осындай найзалы тулардың Қазақстан жеріндегі жартастардан да кездескенін ескертпейміз.

Д. Банзаровтың айтуынша, монғолдар Сүлде деп аталатын тәңірі текті аса мықты күшке сенген. Соғыста жауынгерлерге қорғаныш болатын және оларды жеңіске жеткізетін осы Сүлде деп ұққан. Монғолдар өздерінің ақ түсті туын, жорықтарда ешкім мінбейтін, жеңіс ша-

<sup>14</sup> Н. Я. Бичурин. Собрание сведений..., I т., 229-бет.

<sup>15</sup> «Жұлдыз», 1963, № 11.

қыратын ақ түсті атты Сүлде деп атаған. Бәйге атты ыбылыс күштерден қорғайтын және оның озып келуіне жәрдемдесетін жасырын күшті де Талдықорған облысының Ақсу, Сарқант аудандарындағы наймандар сүлде деп түсінеді. Осы керемет иенің белгісі ретінде ат құйрығына тағылатын ақтықты (ақ суыртпақты) да сүлде дейді.

Тудың руларды біріктіретін қасиеті болған. Қазақтардың туында да елге ұйтқы боларлық қасиет бар екенін П. Левшиннің айтқандарынан анық байқауға болады. Ол әрбір рудың үлкен туы, бөлімшелердің туға ұқсас кішірек белгілері болатынын айтады. Туды соғыс кезінде ғана алып шығады. Жайбарақат уақытта ту сенімді жерде сақталатын. Жауынгерлер ту түсіне сай келетін ленталарды қолдарына байлайтын немесе киімінің сыртқы жеңіне тігіп қоятын. Жорықтарда туды сақтайтын адам бас қолбасшыдан кейінгі атақты сұлтандар мен старшиндардың біреуі болады. П. Левшин туды жоғалту әскердің ыдырап кетуімен барабар еді<sup>16</sup>, — дейді.

Тудан айрылу әскерді жеңіліске ұшырататын. Ертіспен Ыстық көл бойында қазақтар Рашид ханнан жеңіліп, тоғыз немесе алты туынан айрылады. Осыдан кейін қазақтардың туы құриды. Туға ие болу руларды біріктіріп, тайпалық одақ құру ғана емес, оларды күшпен бағындырып, тәуелді етудің де символы болған-ды<sup>17</sup>.

## ЖАРТАСТАҒЫ КӨНЕ СУРЕТТЕРДІҢ СЫРЫ

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтында 1961 жылдан бастап, туған өлкедегі көне эпиграфиялық мұраларды жинауға кіріскеннен бері қа-

<sup>16</sup> П. Левшин. Описание киргиз-кайсацких орд и степей, ч. III. СПб., 1832, 51—52-беттер.

<sup>17</sup> В. В. Бартольд. Киргизы. Исторический очерк. Фрунзе, 1929, 33-бет; А. П. Окладников. Шишкинские писаницы. Иркутск, 1959, 132-бет.

зақ тілінің тарихын зерттеуге қатысы бар қолдағы ескерткіштерді әзірше алты салаға<sup>1</sup> бөлуге болады:

- 1) Рулар таңбасы;
- 2) Тасқа ойылып салынған суреттер;
- 3) Пиктографиялық жазу элементтері;
- 4) Көне түркі халықтарының жазу нұсқалары;
- 5) Көне ұйғыр жазуының үлгісі;
- 6) Көне тибет жазуының элементтері.

Негізгі қарастыратын объекті осы болғанымен, жол-жөнекей кездескен қорғандар мен зираттарға қойылған құлпы тастар немесе қола, мыс, алтын бұйымдардағы ою-өрнектер, тастан, металдан яки қыштан жасалған сымбаттар мен әр қилы көне құрал-саймандар да, археологиялық заттар да экспедиция назарынан тыс қалмады.

Алматы қаласының солтүстік-батыс жағында, 160 км қашықтықта (Алматы облысы, Жамбыл ауданы) Таңбалы сайы деп аталатын жер бар. 1957 жылы, жаз айларында, Қазақ ССР Ғылым академиясының археологиялық экспедициясы тұңғыш рет бұл жердің жартастарындағы мыңға тарта көне суреттер мен таңбаларға кезікті<sup>2</sup>.

1962 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты Таңбалы сайына арнаулы экспедиция шығарды. Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Ғ. Мұсабаев басқарған эпиграфиялық экспедиция бұл өңірден бұрынғыдан басқа да толып жатқан сурет, таңба, көне жазу нұсқаларына кездесті<sup>3</sup>.

Қазақстан көне мұралары көп өлкелердің бірі. Таңбалы сайы тәрізді суретті жартастар Қазақстан тауларының қай жерінен болса да ұшыраса береді. Бұл көне мұралар Қазақстан жерінде ертеде кімдер болды және олар қалай өмір сүрді деген сұрақтарға тартымды да татымды жауап бере алады. Жартастағы эпиграфия-

---

<sup>1</sup> А. Махмұтов. Мектептер де ғылымға үлес қосуда. «Қазақстан мұғалімі», 1964, 12 ноябрь.

<sup>2</sup> А. Г. Максимова. Наскальные изображения ущелья Тамгалы, «Вестник АН КазССР», IX, 1958, 108—111-беттер.

<sup>3</sup> Ғ. Мұсабаев, А. Махмұтов. Эпиграфиялық экспедиция материалдарынан. «Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер». Алматы, 1965, 162—182-беттер.

лық ескерткіштерді халық өмірінің айнасы деп қарасақ артық болмауға тиіс.

Бір орталық саладан тараған, «Таңбалы» деп аталатын үш сайдың екі жақтауындағы шекіліп безелген жылтыр жалпақ қара тастар сырт көрінісіне қарағанда сурет галереясына ұқсайды. Әрине, ұзақ заманның өтуі (арғысы — 30 мың, соңғысы — 1 мың жыл) суреттерді қиратып, бүлдірген. Кейбір суреттердің бетін қына басып күңгіріт тартса, табиғаттың жел-құзы да, жауын-шашыны да, жердің сілкінуі де қара тасты қаратып қоймай, не жарықшақ дақ түсіріп, немесе мүлде құлатып, аударып тастайтыны да анық. Дегенмен бір кезде адам баласының қолы тиіп кейінгі ұрпаққа мұра болып қалған жақпар тастағы көне заманның бұл куәлары сол кездегі әлеуметтік өмір тіршілігінің алуан саласын ап-анық баяндап тұр.

Сайдың батыс жар қабағындағы басын шұғылаға шұлғап (ай іспетті, немесе күн сәулесіне бөленген) салынған алып адамдар суреті (биіктігі 2 метрдей) тіршілік дүниесінің қожасы тәрізді. Бұларды сыртқы көрінісіне қарап, «Күн тәңірі» немесе «Ай тәңірі» деп атауға тура келеді. Аспан әлеміне табынушылық кезінде пайда болған көне заманның бұл қасиетті «әулиелері» айналасына жиналған әр түрлі аңдарды (қой, ешкі, сиыр, жылқы, түйе, шошқа) көтеріп тұрғандай ыңғай көрсетеді. Төрт түлік мал мен тағы аңдар осы тәңірлердің еркінде тәрізді. Тәңірлердің төменгі жағында бір топ адам билеп жүр. Мүмкін, бұл би тәңіріне құлшылық етіп, жалбарынудың бір түрі шығар! Иә, солай да! Әттең осы билердің жыры мен музыкасы бізге келіп жетпеген.

Жартастағы билеп тұрған адамдардың суреті тек Сібірдің шығыс жағында ғана емес, Балтық теңізінің жағаларында, Эстонияда, Жерорта теңізінің маңында, Кавказда, Орта Азия мен Қазақстанда т. б. жерлерде кездеседі. Сібір тайгасының тұрғындары мен далалық буряттар «ехор» деп аталатын мұндай биді қазір де мейрам кездерінде таң атқаннан күн батқанға дейін билейтін көрінеді.

Жартастағы биді аңғартатын суреттер туралы А. П. Окладников: — «Ол — еркек, билегендей аяқтарын бүгіп тұр, екі қолы жоғары көтерілген. Тәңірден

жәрдем тілеп, жалбарынған құлшылық, әдетте, ылғи осылай бейнеленетін еді»<sup>4</sup>, — дейді.

А. Н. Бернштам Саймалы таштағы суреттерді зерттеп, құнды пікірлер айтады. Суреттердің ең көнелерін біздің дәуірімізге дейінгі II мың жылдықтың I ғасырына жатқызып, «сақ алдындағы дүние» («предсакской») дейді. Бұл арадағы күн шұғылалы бейнеге табынып билеу, немесе арқар бейнесін әулие санап, оған жалбарыну, дөңгелекпен жүру жайындағы суреттер ең кемі біздің заманымызға дейінгі I ғасырға жатады<sup>5</sup>, — деп көрсетеді. Мұны Ғ. Мұсабаев біздің заманнан әлдеқайда ерте болған (қола дәуірінде) малшы тайпалар «сой күні» (сойыс күні) — күзде жиналып, тайпаның ұлыс күнін мейрамдап, отқа табыну үшін от жағатын мұнара жасап, малдың етін құрбандық үшін сол отқа тастап, тәңіріге жалбарыну биі<sup>6</sup>, — дейді.

Біздің заманымызға дейінгі II ғасырда Үйсін (усунь) мемлекетіндегі адамдар жасы үлкендерін құрметтеп, бас киімін алып, иіліп тәжім еткен. Ең әуелі маңдайын, одан кейін кеудесін, келесінде оң иығын, бұдан соң сол иығын қолымен көрсетіп, крес жасаған. Өздерінің табынатын «құдай суретін» аспан әлемінің қожасы деп түсінген. Бұған қарағанда крес таңба жалғыз Керей ұлысына ғана тән емес, басқаларға да ортақ халықтың әдет-ғұрпымен біте қайнасып қалыптасқан көне тарихы бар белгіге ұқсайды, крес — оң мен солдың, аспан мен жердің көрсеткіш белгісі болған.


Күн шұғылалы дөңгелектер мен крес тәрізді таңбаларды Мана өзенінің бойындағы суреттерден Мана (Енисей өзенінің бір саласы) Красноярск қаласынан 25 шақырымдай жерден А. В. Адрианов та кездестірген<sup>7</sup>. Аяқтарын бауырына алып, мүйіздерін қайырып тастап, мойындарын соза түсіп жатқан Таңбалы сайындағы үш бұғының суреті Монғолиядағы бұғы тастарына («оленные камни») ұқсас келуі — ол жер көне

<sup>4</sup> А. П. Окладников. Олень золотые рога. М. — Л., 1964, 51-бет.


<sup>5</sup> А. Н. Бернштам. Наскальные изображения Саймалы таш. «Советская этнография», 1952, № 2, 53—62-беттер.

<sup>6</sup> Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. Алматы, 1966, 10-бет.

<sup>7</sup> А. В. Адрианов. Писаницы по реке Мане. Записки русского археологического общества, т. IX. СПб., 1913, 1—34-беттер.



2



заманғы түркі мекені екенін еске түсіреді (бұдан бұлай Монғолия десек, көне түрік жері деген мәнде түсіну керек). Таңбалыдағы бұғы бейнелері біздің заманымызға дейінгі VI ғасырға, Зайсан көлінің оңтүстік жағындағы Шілікті деп аталатын жердегі қорғаннан табылған алтыннан жасалған бұғы бейнесі (қазушы С. С. Черников, 1960) біздің заманымызға дейінгі V ғасырға жататын мұра. Бұл бұғылардың мүйізі S түрінде бейнеленетін бұғы мүйіздерінің типінен өзгешелеу. Бұтақтана келіп екі айрылған, салалы қос мүйіз Монғолияның «бұғы тастарындағы» мүйіздерді көз алдыңа елестетеді.

Венгриядан Ордосқа дейін тараған скиф заманындағы бұғы бейнелері, Қобаннан табылған қола тоға бастағы бейне Монғолия мен Тувадағы бұғы тастарына ұқсаңқырайды. Тоға бастағы бұғының кеңсірігі құс тұмсығы тәрізді<sup>8</sup>. Құс тұмсықты болып келетін бұғы бейнелері Қазақстан жерінен де табылып жатыр<sup>9</sup>.

Бұғы тастарында бұғы суреттерінен басқа алқа, белдік, белдікке ілінген қанжар, семсер тәрізді заттар байқалады. Қара теңіз жағасынан табылған тас мүсіндер біздің заманымызға дейінгі V—III ғасырға, ал бұғы тастар біздің заманымызға дейінгі V ғасырға жатады<sup>10</sup>.

Қытай деректеріне сүйенсек, солтүстіктегі халықтардың бұғы шаруашылығымен айналысқан кезі біздің заманымыздың V—VI ғасыр тұсы<sup>11</sup>. Көне түркі халықтарының жазу нұсқаларында да бұғы шаруашылығы сөз болады. Түнқақтың (Тоньюкук) құрметіне қойылған ескерткіште: «Кейік йійү, табусған йійү олуруп ертіміз»<sup>12</sup>, — деген сөйлем бар. Мұны сөзбе-сөз аударсақ: «Киік жеп, қоян жеп отырар едік», — болар

<sup>8</sup> Н. Л. Членова. Об оленных камнях Монголии и Сибири. «Монгольский археологический сборник». М., 1962, 27—35-беттер.


<sup>9</sup> М. Кадырбаев. Древнейшая «головоломка». «Огни Алатау», 1964, 13 декабрь, № 249 (419).

<sup>10</sup> Н. Л. Членова. Об оленных камнях Монголии и Сибири. «Монгольский археологический сборник». М., 1962, 33-бет.

<sup>11</sup> Н. Я. Бичурин (иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена, ч. I. М., Изд-во АН СССР, 1950, 350-бет.

<sup>12</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М. — Л., 1951, 57—61-беттер.





11-сурет. Тоғабастағы бейнелер.

еді. Бағы заманда киік<sup>13</sup> барлық тағы аңның атауы болған тәрізді. Сондықтан бұғыны да киік («ақ киік») /деп атаған. Бұғы мен киіктің екі түрлі аң болып саралануы кейінгі кез болса керек.

Қорыта келгенде, тас бетінде сақталған бұғы бейнелерінің көпшілігі біздің заманымызға дейінгі VI—V ғасырларға жатады. Таңбалыдағы бұғы бейнелерін де осы шамаға жататын шығар деп жобалаймыз.

Сібір мен Қазақстанды мекендеген тотемдік тайпалар бұғы, тау теке, арқар, жолбарыс сияқты аңдарды арғы ата-бабаларымыз деп есептеген. Ол кездегі бейне-

<sup>13</sup> Бұл да сонда, 392-бет.

леу искусствосының сүйікті сюжеті, міне, сондықтан да осы аңдар болды.

Қазақ халқында да аспан әлемі жөйінде шығарған аңыздар көп. Жұлдыздардың Ақбозат, Үркер, Жетіқарақшы, т. б. аталуы ертеде халық оларды күн-бұғы тәрізді тірі нәрсе деп ұққан. Күн мен айды құрметтеу көпшілік халыққа тән. Оларды пір тұтып, сыйынушылық біздің елімізде де бар. Ш. Уәлиханов: «Темерланға (XIV ғасырға дейін) қырғыз (қазақ) ата-бабаларының рухы — аруаққа, бар күнәдан пәк қылатын күш ретінде отқа, айға, күнге сыйынған», — деп жазады.

Халықтың аңыз-әңгімелердің сілемі, әрине, өте арыдан басталады. Бір елден екінші елге ауысып отыратын ортақ сюжетті аңыздардың да болуы мүмкін. Бұдан мыңдаған жылдар бұрын дүние жүзін шарлаған ержүрек теңізшілер қатты соққан дауылға кезігіп, Сицилия жеріне тоқтауға мәжбүр болады. Қалжыраған теңізшілер дем алып, тыныққаннан кейін, бөшкелерге тұщы су толтырып, аң аулауға шығады. Бір үңгірден аңшылар керемет үлкен қу басты көреді. Сүйек адам басына ұқсайды. «Қорыққанға қос көрінеді» демекші, баста екі көз жоқ, беттің ортасына орналасқан жалғыз ғана көз бар сияқтанады. Бұл басты көріп, мүмкін, алып адамның ұрпағы қазір де тірі шығар деп, үрейленген теңізшілер, кемелеріне мініп, тартып отырады. Гректің Гомері жырлаған «Одиссей» дастанындағы жалғыз көзді дәу осылай аңызға айналып, көптеген елге тарайды. Ал шын мәнісінде теңізшілердің қорқып жүрген басы қортық тұқымды мамонттың басы болып шығады. Қытайлықтар ерте кезде тұқымы құрып кеткен ірі кесірткелердің қаңқасын көріп, ауызынан от шашатын, қанатты айдаһар (дракон) сияқты аңызды шығарады. Египет халқы тасқа айналған ұлу сияқты жәндіктердің сүйегін көріп, ұшатын оқ жыландар мен оны құртатын Ибиси деген құс туралы аңызды таратады<sup>14</sup>. Бұл тұрғыдан қарағанда, «Күн астындағы Күнікей қыз» деп аталатын қиял-ғажайып ертегідегі алтын таққа отыратын алтын мүйізді шұбар киік те аспан әлеміндегі аңызға айналған планеттің біріне ұқсап кетеді. Қазақстан жерінен табылып жатқан бұғы, киік,

<sup>14</sup> Б. Ружичка, К. Диттлер. О чем рассказывают окаменелости. М., 1964, 22, 28, 29-беттер.

тауғешкі суреттері де аңшылыққа байланысты палеолит немесе неолит дәуіріндегі ата-бабаларымыздың арман-қиялынан туған болар.

Әрине, тау тасына шекiлiп салынған суреттердің барлығы қиялдан туған деген пікірден аулақпыз. Өйткені алғашқы адамдардың ойлауы балалық дәуірдегі тәрізді алдындағыны ғана сурет еткен. Ойдың абстрактануы одан кейінгі кездің жемісі екенін айта келіп, профессор Ғ. Мұсабаев: «Қазақстан жеріндегі суреттердің пиктограмма болу ролі кейін туды. Бұл суреттерді малшы тайпалар малын жайып отырып, немесе жусатып отырып жасаған. Көзбен көргендерін сурет еткен. Қиялдан туған суреттер — одан бергі даму ісі»<sup>15</sup> — деген болатын.

Бурят, якут, телеут халықтарының түсінігінше, шамандардың шыққан ата-тегі бүркіт болып есептеледі. Бүркіт от пен күннің қожасы тәрізді. Сондықтан жоғарыда көрсетілген халықтар оны әулие тұтып, сыйынатын болған. Бұл жай бүркіттің тотемдік сипатын байқатады. А. П. Окладников жартастағы құс суреттерін біздің заманымызға дейінгі дәуірдің бірінші мың жылдығының алғашқы жартысына жатқызады<sup>16</sup>. Бұл пікірді К. В. Вяткина қуаттайды<sup>17</sup>.

Алғашқы адамдарда келе-келе арман-қиялдың болғандығы даусыз. Ендеше жартастар мен әр түрлі заттарда кездесетін бүркіт сияқты құстардың бейнесін де сол фантастикалық сезімнің елесі деп қарау керек.

Заман озған сайын шаруашылық саласында үлкен өзгерістер болады. Адам аңды қолға үйретеді. Қола, темір сияқты металдарды табумен байланысты дүниеге адамның қожалығы күшейеді. Осы кезде мал бағатын бақташы мен темір соғатын ұста әр түрлі сиқырлы айла әрекеті бар деп танылатын бақсы-балгер, шамандармен бірдейлік дәрежеге көшеді. Көне заманнан қалған нақыл бойынша, төрт түліктің әрқайсысының киелі ата-тегінің болуы тегін емес. Сиярдың әулие қамқор-

<sup>15</sup> Ғ. Мұсабаев. Көрсетілген еңбек, 9-бет.

<sup>16</sup> А. П. Окладников. Образ птицы в искусстве бронзового века. Забайкалья и его аналогии в народном искусстве бурят. Советская этнография, 1954, № 1, 152-бет.

<sup>17</sup> К. В. Вяткина. Наскальные изображения Минусинской котловины. «Сборник музея антропологии и этнографии». М. — Л., 1961, 192-бет.

шысы — Зеңгі баба, жылқынікі — Жылқышы ата, Қамбар ата, түйенікі — Ойсыл қара, қойдыкі — Шопан ата сол түліктің бақташысы тәрізді, қарапайым адам кейпінде бейнеленеді. Сондықтан шаруашылықтың бұл жаңа түрі тас қашағыш суретшілердің назарын аудармай қоймайды. Енді жартастарда аңшылықтан басқа, ұсталық пен мал бағушылық кәсібі де бейнелене бастайды. Шаруашылықтың дәл осы түрін көрсетуде үлгі боларлық суреттерді Алматы облысының Ащысу өзенінің бойындағы Таңбалы сайынан кездестіруге болады.

Ерте кездегі суреткерлер тіршіліктің көзі болған мал шаруашылығын тамаша бейнелеген. Ен далада жайылып жатқан көп жылқы. Оның ішінде асыр салып шапқылап жүрген құлын-тай да, атының шылауынан ұстап жаяу тұрған жылқышы да суретші картинасынан орын тепкен. Аспанға секірген сайгүліктер мен тағы аңдардан шошып үріккен, жекелеген жылқы суреттері де кездесіп қала береді. Малды қолға үйретіп, өсіру — адам қоғамын тағылық дәуірден шығарудың басқышы болғаны мәлім.

Біздің заманымызға дейінгі қола дәуірінде салт атты кісілер болған. Бұған қарағанда, жылқы малы бұдан да арғы дәуірде қолға үйретілген тәрізді. Кейбіреулер Қаратаудағы атты кісі суретін біздің заманға дейінгі VII—I ғасыр<sup>18</sup> дегісі келетін көрінеді. Бұл, әрине, тым жақын мерзім.

Саймалы-таштағы «жер жырту» деп аталатын уақиғалы суреттегі екі дөңгелекке жегілген аттарда мүйіз, сақал бар сияқты. Дәл осындай мүйізді жылқы Таңбалы сайынан да кездеседі. Талдықорған облысының Ақсу ауданындағы Қапал тауының төрінен арбаға жегілген пар аттарды да, дара аттарды да кездестіреміз.

Ерте кездегі адамдар жабайы жылқының жүйріктігіне қызыққан. Бұл тарапта да әр түрлі деректер мен аңыздар бар.

Амударияның оң жақ жағасындағы Тахт-и-Кувад деген жерден (Хуттал шекарасының түбі) күміс ыдысқа салынған ат бейнесі, хуттал жылқылары туралы

<sup>18</sup> Т. Н. Сенигова. Наскальные изображения у поселения Актобе. Археологические исследования на северных склонах Каратау. Алма-Ата, 1962, 96-бет.



12-сурет. Қапал төріндегі ат арбалар.

араб тілінде жазылған деректер ІХ ғасырдағы араб географы Ибн Хордабехтың су жылқысы жайында айтқан аңыздары қытай деректемелеріндегі «аспан жылқыларымен» келіп ұштасады. Айырма: арабта «су жылқысы» десе, қытайлар «тау жылқысы» деп атаған. Оғыздардың «Көроғлы» дастанында биік тау жылқысы мен су жылқысы тұқым араласуынан үшінші түрлі будан шығады. Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі жылқы тұқымы өте жүйрік екендігі біздің заманнан әлдеқайда ерте кезде белгілі болды.

Хутталаян қаласындағы Назкуль бұлағынан шықты дейтін су айғырымен байланысты табаны жерге тимей ұшатын сайгүлік тұлпар жөнінде аңыз бар<sup>19</sup>.

Ыдыстағы айғыр осы аңыздан туған болар, өйткені саздау жердің шөбі бейнеленген дейді А. М. Беленицкий.

Қытай мәліметі бойынша асыл тұқымды Тяньма тұлпарлар («добрых лошадей») Ферғана тауларында болған. Олардың тері қан болып ағады. Шыққан тегі — тяньма — аспан жылқылары («небесных лошадей») деп аталған.

Көне Ферғананың ерте кездегі саяси орталығы Эрши болған. Эрши қаласының тұрғындары жақсы жылқыларымен дүниеге атағын шығарған. Геродоттың айтуынша, ертеде Орта Азиядағы массагеттер күнді жүйрік құдай деп танып, ең жүйрік жануар жылқыны құрбандыққа шалған, Араван жартасындағы жылқы бейнесі күнге табынумен байланысты дүниеге келген болар,<sup>20</sup> — дейді.

Көне шығыс түркі халықтары да аспанға ұшатын жылқыны қиялдаған. Қазақ халқының эпостық жырындағы Қобыланды батырдың Тайбурылы, «Ер Төстіктегі» Шалқұйрық бұған толық дәлел бола алады. Кім біледі, кейбір жартастағы арғымақ суреттері «аспан жылқысы» тәрізді қиялдағы жылқының бейнесі ме?

---

<sup>19</sup> А. М. Беленицкий. Хутальская лошадь в легенде и историческом предании. «Советская этнография», № 4, 1948, 162—167-беттер.

<sup>20</sup> А. Н. Бернштам. Араванские наскальные изображения и даванская (Ферганская) столица Эрши. «Советская этнография», № 4, 1948, 156—159-беттер.

Таңбалыдағы жартастарда батысқа не шығысқа қараған екі өркешті түйелер мен мүйізді тау текелердің суреттері көп. Салыну шеберлігіне қарағанда суреттер әр түрлі. Кейбіреуі түйе мен ешкі бейнесін айнытпай танытады. Осы хайуандарға тән құлақ, тұяқ, құйрық т. б. мүшелері мейлінше анық бейнеленеді. Ал қайсыбір суреттер өте тұрпайы. Мұндай суреттер аң тұлғасының жобасын ғана аңғартады.

А. Н. Бернштамның зерттеулеріне қарағанда, жартастағы аң бейнелерінің аңшылыққа байланысты болмай кететін де жерлері бар. Кейбір суреттер «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» жақсы заманды аңсаудың символы, анығырақ айтқанда, аспан әлеміне: күнге, айға, жұлдызға табынудың эмблемасы ретінде жасалған. Тау текелер де аспан әлеміндегі планеталардың бірі болу керек деген пікірге саяды.



13-сурет. Алакөл ауданының Жабық жайлауындағы тау теке бейнесі.

Егер дала адамы үшін, ең жүйрік жануар жылқы болып көрінсе, тау тұрғындарының ұғымында тау те-

ке мен арқарға жетер аң жоқ. Олай болса тау теке мен арқар да киелі, қасиетті аң болып саналуы ықтимал. Кейбір жартастарда жылқы мен тау текенің қатар тұруы тегін болмау керек <sup>21</sup>.

Қазақ халқының «батыр — елдің серкесі, ақын — елдің еркесі» дейтін мақалы арғы түркі заманында қалыптасқан тәрізді. VII—VIII ғасырларда таңбаға ұқсас тау текенің (серкенің) бейнесі орхон бойындағы түркі халқының бекзадасы Күл-тігін мен оның ағасы Білгі-қағанның (немесе Могилянның) құрметіне қойылған ескерткіштерде арнайы салынған. Бұған қарағанда, тау теке немесе серке бейнесінің басшы, жетекші, хан, қаған дегенді білдіретін мәнінің де барлығы байқалады. Олай болғанда, Күл-тігін қаған болған жоқ, оның басына орнатылған ескерткішке неге тау теке бейнесінің таңбасы қойылған? деген сұрақ тууы мүмкін.

Білгі-қаған мен Күл-тігін жан-жағындағы елді түгел өзіне бағындырып, Қытайға бірнеше рет шабуыл жасаған. Олар Қапаған (Мочжо-қаған) деген қатал адамның інілері Қапағанды Қытай императорының жасырын ұйымдастырған қастандығы бойынша уәзірінің бірі у беріп өлтіреді. Тума-туыстары қағандыққа таласады. Мочжоның орнын басатын қағандық таласқа Күл-тігін Мочжоның үлкен ұлын және тағы басқа ер балаларын тегіс өлтіріп, қағандықты ағасы Могилянға (кейін, қаған болған соң «Білгі-қаған» атанады) алып береді. Күл-тігін Тунқақты (Тоньюкук) өлтірмейді. Өйткені Тунқақтың Пофы деген қызы Могилянға тұрмысқа шыққан еді. Ол Мочжо тұсындағы қалған уәзірлердің бәрін өлтіреді.

Күл-тігін Білгі-қағаннан үш жыл бұрын, 731 жылы қайтыс болады. Білгі-қаған інісінің қазасына қатты қайғырады. Күл-тігін түркі (тугю) армиясының бас қолбасшысы еді. Білгі-қаған Күл-тігінді қаған дәрежесінде жерлетеді. Оның өмірі, ерлік істері жайында жазылған ескерткішке қаған дегенді білдіретін тау теке бейнесіне ұқсас таңба қойылады. Білгі-қаған 734 жылы қайтыс болады. Оның құрметіне қойылған ескерткіште де Күл-тігін ескерткішіндегідей таңба бар <sup>22</sup>.

<sup>21</sup> Бұл да сонда, 157-бет.

<sup>22</sup> В. В. Радлов. Сборник орхонской экспедиции. IV, СПб., 1897, 91-бет.



Тау текенің қағандықты білдіретін мәнінен басқа, сөз жоқ, тотемдік сипаты да анық. Неге десеңіз, Қазақстанның таулы өлкелерінің кез келген жылтыр қара тастарынан тау ешкінің көне суреттері кездеспей қалмайды. Бұл жай тау ешкінің өте дәріптелгендігін байқатады. Арқар, тау теке тәрізді жабайы аңдардың бейнелері кейінгі кездегі, тағар дәуіріндегі (біздің заманымызға дейінгі VII—V ғ.) металдан істелген заттардан да жиі кездесіп отырады. Бұл да тегін болмау керек, өйткені күні бүгінге дейін отар қой текесіз, серкесіз болмайды.

Түйенің екі түрі бар: бірі жалғыз өркешті нар, екіншісі айыр өркешті түйе. Нардың тараған жері — Иран, Алдыңғы Азия, Африка. Ал, бізде әсіресе, нар Түркменстанда көбірек кездеседі. Жабайы нарды зоологтар байқаған емес. Ал айыр өркешті түйеге келсек, Орталық Азияның тауларында ерте кезде де, қазір де кезіп жүргенін байқауға болады.

XIX ғасырда жабайы түйе жайында алғаш рет деректер берген ғалым Н. М. Пржевальский. Ол кісі Алтын-Тағ деген жерден жабайы түйелерді кездестіреді.

Белгілі географ Э. М. Мурзаев монғолдар жабайы түйені *хабтагай* деп атайтындығын мәлімдейді. Кейде оны «*тэме гөрөөс*» (ақ түйе) деп те айтатын көрінеді.

Тува тілінде *теве* (түйе), *буура* (бура), *адан* (атан), *эңгин* (інген), *бодаган* (ботақан, бота). Жабайы түйені монғолдар *хабтагай* дейді. Монғолдар *хабтагай* жүретін жерлерге қысты күні мал бақпаған. Жабайы түйенің буралары інгенге шөгетін кезінде өте ашулы болады. Бұл мерзім қыстың ең суық айлары.

Хабтагайды аулау өте қиындыққа түскен. Олар бір жортып кетсе, күніне 50—80 км дейін жүреді. Өзі күшті, өте биік болған. Жаугершілік кезде асыранды түйелер босып кетіп, хабтагай пайда болды дейтін пікір де бар. Айыр өркешті түйенің өзі жабайы еді дейтін де аңыз кездеседі. Сондықтан тау ешкі, арқар, құлан сияқты аңдармен бірге тұрған айыр өркешті түйе де жабайы аңның қатарында саналады. Бұл жабайы түйе бейнесін біздің дәуірімізге дейінгі 1 мың жылдың шамасы деп жобалайды. Жартастағы түйелер бейнесі тым ерте салынған.

Осыдан келіп, үш түрлі қорытынды жасалады:

1) Біздің эраға дейінгі 1 мың жылдықта шығыс түркі халықтарында түйе үй хайуандарының қатарына әлі кіре қоймаған деген пікір ұшқарылау сияқты. Өйткені хун заманында түйе көлік болып қолданылып, той-томалақта, «түйе жарыс» болған.

2) Бұл дәуірде қолға үйренген түйемен қатар жабайы түйенің таралған шегі үлкен территорияны қамтыған. Мысалы, мыңдаған км созылып, Саян тауларынан Тянь-Шаньға дейін жеткен.

3) Жабайы түйе Орта Азияда көп болған. Асыранды түйе жабайыланды дейтін пікірде ешқандай қисын жоқ. Бірақ, түйе малы, әсіресе бурасы адам баласының тағылық дәуірінде тотемдік қасиеттен құр қалмаған көрінеді. Таңданатыны жоқ, тотемдік сипаттағы аңдармен бірге қос өркешті түйе суреттері де жеріміздегі сай-саладағы, тау-тастарда жиі кездеседі.

Түркі халықтары түйені өте киелі мал деп есептейді. Түсінде түйе көрсе, не түйеге мінсе жақсылыққа жориды. Қазақ халқының аңыз-ертегілерінде де түйе қасиетті, қадірлі мал. Түйеге байланысты «түйе мұрындық» деп аталатын мейрам да бар.

Алтайлық шамандардың бубналарындағы аң бейнелері *буура* деп аталған. Алтай халқының этнографиясын зерттеген ғалым А. В. Анохин *буура* — Эрлин патшалығы мен тағы басқа рухтарды аралайтын шамандардың «қиялдағы керемет аты» дегенді айтады. Г. И. Гуркин *буура* — «қиялдағы ұшатын ат» дейді. Г. Н. Потанин *бура* (буура) терминінің екі мағынасын көрсетеді: бірі — «бұлт», екіншісі — «ұшатын ат». Өзінің кейінгі шығармаларының бірінде А. В. Анохин алдыңғы айтқан пікірінің негізінде *буура* терминін «аспан аттары» («небесных коней») деп түсіндіреді<sup>23</sup>. Ажалдан қашқан Қорқыт ата желмаяға мінсе, Жерұйық іздеген Асан қайғының да жүйрік көлігі осы түйе еді, — дейді қазақ аңыздары. Бұған қарағанда, қазақ тіліндегі *бурыл* (түс) мен Тайбурыл (қиялдағы жүйрік ат) бұлтпен ұшатын ат деген мағынаға қатысты болу

<sup>23</sup> А. В. Анохин. Материалы по шаманству у алтайцев изд. АН СССР, 1925, 61-бет; А. Д. Грач. Петроглифы Тувы, I, Сборник музея антропологии и этнографии. XVII. М. — Л., 1957, 424-бет.

керек. Қазақ тіліндегі бурыл түспен Тайбурыл сияқты керемет жүйрік аттың мағынасы да осы бұлтпен ұшатын ат мағынасынан өрбуі мүмкін. Шынында бурыл түс бұлтқа ұқсайды.

Якут тілінде *бур* — «бұғы», туваша *пур-а*, *пур-и* «бұланның бұқасы», «бұғы-бұқа», жалпы сиыр, түйе сияқты малдардың пішілмеген бұқасы мен бурасы. Туваларша *пур* — «бұлан», алтайлықтарша құрбанға «шалынған аттың жаны» мен «терісі», шор тілінде «құрбанға шалынған жылқы», кумандықтарша «аспан аттары» деген ұғымды білдіреді. Бұған қарағанда, *буура* сөзі бірнеше тарихи қат-қабатты байқатады. Алғашқы мәні Саян-Алтай, Алатау-Қаратау тауларындағы бұғы, марал, бұлан тәрізді жабайы аңды білдірсе, кейін қолға үйретілген сиыр, түйе, жылқы сияқты малдардың да атауына ауысқан.

Тувалықтар ұрғашы маралды «шыққан анамыз» («моя бабушка») деп есептейді. Алтайлықтар мен теленгіттер де бұғы мен маралды шыққан ата-тегіміз деп жориды. Бұл Сібір халықтарындағы тотемдік дәстүрді көрсетеді.

Қорыта келгенде, жартастардағы өгіздің, жылқының, түйенің, бұғының суреттері жабайы аңдарды қолға үйрете бастаған кездегі малшылықпен, арғы кездегі аңшылықпен байланысты жасалған. Бұл бейнелер біздің заманнан көп бұрын басталып, біздің заманда ислам дініне байланысты XI—XII ғасырларда тоқыраған сияқты. Кейбір археологтардың жартастардағы бейнелерді біздің заманға дейінгі I мың жылдықтың екінші жартысында жасалған деген тұжырымдары көңілді дауалатпайды <sup>24</sup>.

Ф. Энгельс, малшы тайпалар Европада емес, ең алдымен Азияда, Орта Азияда да пайда болғанын айтады. Рулық қоғамды айта келіп, Ф. Энгельс: «Но люди не везде застывали на этой ступени развития. В Азии нашли животных, поддающихся приручению и разведению в прирученном состоянии» <sup>25</sup> — деп айтса, тағы да: «Пастушеские племена выделялись из остальной

<sup>24</sup> А. Д. Грач. Петроглифы Тувы, I. Сборник музея антропологии и этнографии, XVII. М. — Л., 1957, 425-бет.

<sup>25</sup> Ф. Энгельс. Происхождение семьи, частной собственности и государства. М., 1932, 160-бет.


массы варваров; то было первое крупное общественное разделение труда»<sup>26</sup>, — деп көрсетеді.

Сөйтіп, А. Д. Грач және сол алуандастардың жартастағы суреттердің жасалу кезеңін көрсетулері теріс. Өйткені олардың болжамы бойынша бұл суреттер өмір қажетінен туған емес, еріккен адамдар салған тотем деген теріс бағыттан туған. Жартастардағы суреттерді көптен зерттеп келе жатқан проф. Ғ. Мұсабаев олардың туу себептерін саралайды. Біріншіден, малшы тайпалар тағылардан жіктеле бастағанда малға жайлы қоныс іздеп, жаңа жерге келгенде өз таңбасын (суретін) салады. Ол жердің бәрі бос, малшы тайпалар аз. Екіншіден, бұл суреттер сулы өзен, қолайлы қонысы бар жартастарға салынған. Малшыларға қолайсыз тастарға мұндай суреттер салынбайды. Үшіншіден, алғашқы кезде әркім өз малын өзі бағып, бай-кедей, малшы-жалшы болмаған. Мал көбейе келе бай, малшы болып, қанау туа бастағанда тағы да жер іздеп, басқа әлсіздердің жерін әлдісі басып алған. Алғашқы осы соғыс Таңбалы сайындағы сурет екенін орынды көрсеткен<sup>27</sup>.

Таңбалы сайындағы кейбір картиналарда төрт түлік бір жерге жиналып, оларды бағып-қағатын малшы мен күзетші иттер де бейнеленеді. Әсіресе мүйізі шаңырақтай алып өгіздер мен мүйізді жылқылардың суреттері ерекше назар аударады. Өгіз мүйізіне ешкім таңданбайды. Ал суретші жылқыға неге екі мүйіз бітірген? Алғашқы кезде суретші қателескен шығар деген ойға келесің. Бірақ бұл тұжырым ұзаққа бармай, суретшінің әдейі жасап отырғанына көзіңіз жетеді. Тас картинадағы жайылып жатқан бір үйір жылқының ішінде мүйізділері мен мүйізсіздері қатар тұр. Мүйізді жылқыға адамның қарым-қатысы баяндалатын суреттер де кездеседі. Сондай суреттердің бірінде құйрықты адам жүгенделген мүйізді айғырды тізгінінен ұстап тұрған сияқты. Бұл мүйізді бейнені сиыр малына жатқызайық десек, оның мүйізі болмаса, басқа мүшелері (аяғы, тұяғы, бауыры, сауыры, мойыны т. б.) жылқыға көбірек ұқсайды. Мұндай мүйізді жылқылардың суре-

<sup>26</sup> Бұл да сонда.

<sup>27</sup> Ғ. Мұсабаев. Аталған еңбек, 9-бет.



14-сурет. Жылқышы.

ті басқа өлкелерден де кездесуде<sup>28</sup>. Бұл фактілер ерте кезде жылқының мүйізді, мүйізсіз екі түрі болды ма деген сұрақ тудырады. Бұған жауап беру үшін, малдың басқа түрлері қалай дегенді тағы ойластырамыз. Сиыр малының: қодас, як, сиыр түрлері, түйенің: жалғыз өркешті — нар, қос өркешті қоспақ түрлері, қойдың: тегеш және салпы құйрық түрлері тәрізді ақиқатқа жүтінсек, бір кезде жылқыда мүйіз болмады деп ешкім дау айтпаса керек. Жылқының мүйізді түрі осы заманға жете алмай құрып кетуі мүмкін, бірақ Африкада қуну бар емес пе?

Суреттердің жасалу тәсіліне қарағанда, шапқы сияқты тас құралмен қашалып, тұйық сызықтар арқылы қайрылып, немесе сол тұйық сызық түрінде бейнеленген заттың ішкі жағы ойылып тереңдетіледі. Бір жерге жинақталған суреттердің құрамынан: ешкі, сиыр, түйе, жылқы, түйеге мінген, жылқыға мінген, жаяу тұрған адамдар байқалады. Кейбір суреттерден тағы аңдарды айлалы күшпен бағындыру (қолға үйрету) мақсаты сезіледі. Қолында құрығы бар атты кісілер жабайы аңдар мен малды қосып жіберіп, бағып тұрғандай ыңғай көрсетеді. Қайсыбір суретте киіктің лағы адамның қолын иіскеп тұрады. Аң терісін киген ер адамның бейнесі көне дәуірдің алғашқы аңшыларын еске түсіреді.

Талас ойпатының Текеташ, Қорғанташ, Терек, Қаракөл, Куганды, Күркіресу, Ур-Марал деген жерлеріндегі суреттер де Таңбалыдағы бейнелерге өте ұқсас. Талас ойпатындағы суреттердің бірінде сурет ішіне сол суретке ұқсас кішкене суреттер жасалған<sup>29</sup>. Тұйық сызық арқылы жасалған суреттің ішіне сурет салу әдісі Таңбалыдан да кездеседі. Біздің байқауымызша, бұл тегін болмау керек. Осы тәсілмен ерте кездің суретшілері аң мен малдың буаз екенін аңғартқан шығар.

<sup>28</sup> А. Н. Бернштам. Наскальные изображения Саймалы-таш. «Советская этнография», № 2, 1959, 57-бет.

<sup>29</sup> В. М. Гапоненко. Наскальные изображения Таласской долины. Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе, 1963, 101—110-беттер.

Таңбалыдағы көптеген картиналар көне дәуірдің кәсібін баяндауға арналған. Бұл суреттерге қарай отырып, аңның садақпен ауланғандығын, ат, өгіз, түйе сияқты малдардың мінгі көлік болғандығын, ұзын аралығы бар, мойынтұрыққа жегілетін екі доңғалақты ағаш арбаның шыға бастағанын байқаймыз. Суретшілер ортасында жалғыз тұтқасы бар тай қазанға ұқсас үлкен бір ыдыстың суретін де мұра етіп қалдырған. Үстіне жүк теңделген түйені жетектеп келе жатқан жаяу мал баққан көшпелі халықтың өмірін баяндайды. Қолдарында қаруы бар жағаласып тұрған екеу сол кездегі ұрыс-керіс, жауынгерлер жайынан да хабарлар береді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институты Қазақстан жеріндегі қорғандарды қазу арқылы соңғы кездерде тамаша жаңалықтар ашты. Жер астындағы көне заманның қабірлері мен катакомбаларынан, тасбақа сүйектерінен жасалған алқа, қола айна, алтын білезік, темірден істелген семсер, қанжар тәрізді бұйымдар кездесуде.

Осы күнгі Чардара теңізінің түбінде қалған орта ғасырлық мұраға жататын Ақтөбе қаласының орнын қазғанда, ұн тартатын тиірмен, тары, күріш, қауын, қарбыз, мақта сияқты егістердің тұқымдары табылып жатыр. Археологиялық қазба материалдарды қорыта келгенде, біздің заманымызға дейінгі I ғасырдың өзінде-ақ қазіргі Шымкент облысындағы Чардара су қоймасының маңын жайлаған түркі тұқымдас халықтардың мал шаруашылығы мен егіншілікті қатар кәсіп еткен мәдениетті ел болғандығы айқындалып отыр. Шаруашылық пен мәдениеттің осындай жетістіктері Қазақстан жеріндегі жартастарды беземеді деп айта алмаймыз.

Қазақстан территориясынан табылып жатқан суреттердің ішінде пиктографиялық (сурет арқылы ойды білдіру) жазу түрінде кездесетіндері де жоқ емес. Мұндай жұмбақ белгілердің шешуін табу өте қиын. Дегенмен бағдарлап қарасақ, бұларда да белгілі уақиғаны аңғартатын адам ойының ізі жатады.

Суреткер қайық үстінде түрегеп тұрған адамды бейнелейді. Құлақ баулы қамытқа ұқсас сопақша дөңгелек екі жағынан екі өзен келіп құйып жатқан көлге

ұқсайды, оның қасындағы аша тәрізді сызық, мүмкін, сол көл жиегін жағалап жүрген жол айырығын көрсеткен шартты белгі шығар?

Кейбір суреттер алғашқы адамдардың әлде қандай фантазиялық арман-қиялынан келіп туған тәрізді. Қаратаудағы Қарынжарық деген жерде басы итке ұқсас, арқа жағында өркеш тәрізді бірдемелері бар бір керемет мақұлық, арандай аузын ашып, шар тәрізді домалақ нәрсені жұтқалы тұр.



15-сурет. Қаратаудағы тап бейнесі.

Бұл суреттің шешуі де ертедегі халықтардың аңызымен келіп ұштасады. Орталық Азияда тұратын түркі тұқымдас халықтар мен монғол тайпаларында күнді, айды, жұлдыздарды жұтып жіберетін мангыс (мангус) немесе мангатхай деп аталатын айдаһар тәрізді керемет жалмауыз аң бар деп есептелген. Күнді жұтатын ғажайып аңның осы бейнесі Орталық Азиядан Қытайға ауысады. Өткен ғасырдың аяғында Батыс Қытайға саяхат жасаған тарихшы және этнограф белгілі орыс ғалымы Грум-Гржимайло: «Бұл жақтағы жартастарда қиялдан туған *тап* деген аң бар. Төрт тылсымды (талисман) меңгергендіктен ол айналасын қоршаған от,



су, ауа тәрізді қауіп-қатерден қорықпайды. Барлық кереметтерді өзіне бағындырып алған *тап* күнді жұтуға құштар. Бірақ *тап* күнді жұта алмай, тантал азабын<sup>30</sup> тартуда. Неге десеңіз, оның күнді ұстамақ болған бірағана әрекеті сезілсе, *тап* барлық тылсымынан айрылып, өлуге мәжбүр болады»<sup>31</sup> — деп жазады.

Қайыққа отырған адамды бейнелейтін сюжетті суреттер Карелия мен Скандинавия жарты аралынан, Енисей ойпаттарынан кездеседі. Мұндай петроглифтардағы<sup>32</sup> қайыққа мінген адамдар екі қолын көкке созған, бастарында ашақай екі мүйізді бас киімдері бар. Діни наным бойынша, бұл қайықтар өлген адамдардікі. Олар өздерінің ата-бабаларының еліне, ол дүниеге сапар шегіп барады. Өлгендердің жаны жылжып бара жатқан күннің арт жағынан қалмай ілесіп келеді-міс<sup>33</sup>.

Түркі халықтарында да өлген адамдардың жаны ертеректе қайтыс болған ата-бабалары аруақтары жанына барып қосылады екен деген сенім бар. Бірақ құрылықтағылар қайықты білмейді. Ендеше олар «шыбын жанды» ол дүниеге қалай жібермек? Бұл діни наным жартастағы суреттерде қалай бейнеленген?

Саймалы-таштағы дөңгелекте жегілген аттардың вожысын ұстап тұрған адамдарда айдар (мүйіз), құйрық бар. Суреттің алдыңғы жағына арыстан, жолбарыс, тау

<sup>30</sup> Тантал — көне грек мифологиясы бойынша, Лидий немесе Фригий патшасы, Зевстің ұлы, Пелопс пен Ниобаның әкесі. Әр түрлі діни аңыздарда Т. құдайлардың асқан залым, қас жауы ретінде суреттеледі. Ол олимпийцтердің құпиясын сыртқа жаяды. Көне гректердің түсінігінше, құдай шарапатына ие болу үшін, той кезінде, құдайларды мәңгі өлтірмей, жасартып отыратын тамақтары: нектар мен амброзияны ұрлап алып, құдайларға өзінің өлген баласы Пелопстың етінен істелген тағам береді. Осы қылмысы үшін Т. мәңгібақи азап шегуде-міс. Т. кеңірдегінен келіп судың ішінде тұр. Төбесінен төніп тұрған миауалы жеміс бар, бірақ суды ішейін десе төмендеп, жемісті жейін десе жоғарылап қашықтап кетеді. Ешуақытта шөлі қанбайды, не аштықтан құтылмайды. Осыдан барып, «тантал азабы» деген ұғым пайда болған.

<sup>31</sup> Г. Е. Грум-Гржимайло. Путешествие в Западный Китай, II, Л., 1926, 200-бет; А. П. Окладников. Олень золотые рога..., Л.—М., 1964, 83-бет; Шишкинские писаницы, Иркутск, 1959, 98-бет.

<sup>32</sup> Петроглифы — тас және қашау (ою) деген мағынаны білдіретін грек сөзі, неолит, қола ғасырларында тасқа ойылған өте ерте кездегі суреттер мен пиктографиялық белгілер. Мұнда сол кездегі адамдардың өмір шындығы, діні, дүниеге көзқарасы бейнеленген.

<sup>33</sup> А. П. Окладников. Көрсетілген еңбек, 80-бет.

теке сияқты киелі аңдар бейнеленген. Бұл суретке А. Н. Бернштам «жер жырту» деп ат қояды. Біздің байқауымызша, бұл уақиғалы сурет егіншілікке ұқсамайды. Суреттердің бағыты батыс жақты меңзейді. Әдетте батысқа қаратып салынған сурет — өлімді, шығыс жаққа қарағаны — тірлікті көрсеткен. Арыстан, жолбарыс, тау текелерде ата-баба дегенді білдіретін тотемдік шарапатты сипаттың барлығы белгілі. Олай болса, бұл суреттерді өлген адамдардың жаны ата-бабаларының жанына қосылу үшін атқа жегілген дөңгелекке мініп барады деп те жоруға болады. «Минуар мен Бибатима» деп аталатын қазақ ертегісінде ақымақ хан өлген әкесі мен шешесін ол дүниеден көрмек болып бір мая шөппен бірге өртеніп кетеді. Ертеде халық мүмкін, өлген адамның жаны түтінмен бірге ұшып кетеді-міс деп те ойлаған болар.

Батыс пен шығыстағы суреттердің ұқсастығы ~~жайында~~ ғалымдар бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі пікірге келіп тіреледі. Кейбір ғалымдар ұқсастықтың негізінде, мәдени бірлік, немесе еліктеу әсерінің жатқандығын көреді. Ал қайсыбір ғалымдар ұқсастық белгілі заңдылықтан шығады, атап айтқанда, табиғат ұқсастығы, шаруашылық пен қоғам құрылысының бірдейлігі — мәдени ұқсастықты туғызады деп қарайды.

Бұл екі пікірдің де өмірге жанасымды шындығы бар. Орман арасында, я болмаса, көлді-теңізді жерде тұрған адамдардың табиғаты да, тіршілік кәсібі де бір-біріне ұқсас. Сондықтан бұлардың (алғашқы адамдардың) жартастарда қалдырған көне мұраларының да бір-біріне ұқсап кетуі ғажап емес. Сондай-ақ, эпиграфиялық материалдарда мәдени бірліктің де ізі сайрап жатыр. Өте ерте кезде, біздің заманымызға дейінгі V—IV ғасырларда, мүмкін, одан да әрі түркі халықтарының Сібірді жайлағаны мәлім. Кейін түркілер Орта Азияға, Қазақстан жеріне ауысты. Лена, Ангара өзендерінің бойындағы кейбір суреттердің Қазақстан даласындағы суреттерге ұқсауы, оларды жасаған суретшілердің түркі халықтарының өкілі болғандығымен бірге, тарихи-мәдени бірліктің ортақтығында. Лена бойындағы бұғы, марал қуған салт аттылар, Қазақстан жеріне келгенде, енді көбінесе тау ешкі мен арқар қуады. Өйткені, бұл арада бұғы мен маралға қарағанда,

тау ешкі мен арқар әлдеқайда көп. Шишкин жартасындағы түйе, жылқы суреті де Қазақстандағы бейнелерге ұқсас.

Шишкин жартасындағы суреттерді толық баяндай келіп, А. П. Окладников: «Адамдар ұзын шапан немесе тон сияқты киім киген. Бастарында тымақ әлде бөрік іспетті бас киімдері бар. Киімнің мұндай үлгісі белгілі бір этнографиялық түрді көрсетеді. Дәл осындай киімдер ерте кезде түркі тұқымдас халықтарда болған. Қырғыздар мен қазақтар киімнің бұл үлгісін біздің заманымызға алып келіп отыр»<sup>34</sup>, — деп қорытындылайды.

Алғашқы түркі халықтарының искусствосы біздің заманымызға дейінгі мың жылдың I ғасырында белгілі болған көне скиф, сармат, сақ, үйсін (усунь) халықтарының искусстволық традициясының жалғасы тәрізді. Қурықандардың искусствосы белгілі тарихи жағдайда дамыды. Алғашқы оның әсер алған искусствосы Орталық және Орта Азия мен Шығыс Еуропа территориясына тұңғыш рет шығыстан батысқа қарай ауысқан түркі тайпалары мен әр түрлі халықтардың, ең алдымен хундардың (күндердің), олармен бірге және олардан кейін де батысқа келіп қоныс тепкен далалық көптеген көшпелі ордалардың тұсында болды. Бұдан кейін Орталық Азияның далаларында алғашқы мемлекеттік бірлестіктер құрыла бастайды. Бірінші, екінші түрік қағанатын, саяси орталығы Орхонда болған, кейінірек бұл жерді ұйғыр бірлестік мемлекеті басып алған, 100 жылдан кейін қырғыздар ұйғырды қуып тастап, мекендеген еді, оны қытайлықтар қуып, ол жерге осы күнгі Монғолия мемлекетін орналастырды да, көне монғол жерін өзі меншіктеді.

Түркілер енді шығыстағы көршілерімен ғана байланыс жасап қоймайды, Россия, Византия, Соғди, Иран, Хорезм елдерімен де қатынас жасайтын болады. Түркілер Хинганнан — Адриатика теңізіне дейінгі жерді жайлағанын көрсететін жартастарда қалған мәдени мұралары бар. Байкал төңірегінен табылып жатқан суреттер мен Қазақстан жерінен табылып жатқан жартастағы жазу-сызу, таңба, бейнелерін де көне түркі халықтарының ескерткіштеріне жатқызамыз.

<sup>34</sup> Бұл да сонда, 92-бет.

Халықтар арасында қарым-қатынас болғандықтан түркі көшпелілерінің мәдени өнері дүние жүзілік маңызы бар Иран, Византия халықтарының мәдени жетістіктерімен тығыз байланыс жасағаны даусыз. Сондықтан түркі халқының суреткерлері олардан азды-көпті әсер де алған, дүние жүзілік ұлы мәдениетке өз үлесін де қосқан.

### ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КӨНЕ АЛФАВИТИ СУРЕТТЕН ДАМЫҒАН

Қазақстан жерінен кездесіп жатқан тас бетіндегі бейнелер ерте кездегі көне мәдениет куәлері ретінде ғана зерттеліп қалмай, сол алғашқы қауымның ой-өрісінің даму дәрежесін көрсететін де бағалы материал болмақ.

Жоғарыда келтірілген суретті сайларды *аран* (аңды алдап ұстайтын қазылған ор немесе қора) деуге болады. Осы күнге дейін аңды қамап ұстау тәсілін *аба* дейді. Сондай-ақ балық ұстайтын аудың түп қалтасы да *аба* делінеді. Мұндағы *аба* сөзінің түбірі *аб* — қулық, сиқыр, алдау деген мағыналарды білдіреді.

Ежелгі аңшылар ұрымтал шатқалдарға бұл жердің аңды қамап ұстауға лайықты орын екенін байқарлықтай етіп көптеген суреттер қалдырған. Талдықорған облысының Дауылбай тауы мен Теректі сайы және Алматы облысының Таңбалы сайынан, Семей облысы Шұбартаудан кездескен тас бетіндегі бейнелер ерекше назар аудартады.

Талдықорған қаласының солтүстігінде, 20 км жерде Дауылбай тауы деп аталатын шоқы бар. Шоқының айналасын толып жатқан терең сайлар қоршаған. Сай жиектерінің көпшілігі тік құлама жартастар. Сайға түскен аң одан шығып кете алмайды. Осы сайлардағы жылтыр қара тастардың беті адам ойын аңғартатын толып жатқан сюжетті суреттер. Бір жерде арқарлар мен тау ешкілерді қоршап алған жалаңаш аңшылар оларға садақ тартып тұр. Бұл арадағы суреттердің ішінде төрт түлік малдан басқа қозығасын емізген марал да, қарағай мүйіз бұғылар да кездеседі. Әсіресе арқасына садақ асынып, ұшына ту ілінген шашақты ұзын

найза ұстаған көне түркі халықтарының салт атты жауынгерінің тас бетінде сақталып қалған суретіне таңданбасқа болмайды.

Аңшылар аңмен бетпе-бет келіп айқасқа түскенде, оларды бұрынғыдан да жете тани түседі. Әсіресе аңның дыбысына құлағы үйрене түседі. Өздері де осы үніне еліктейді. Аңшылар қасқыр болып ұлуды, қабан болып қорсылдауды, құлан болып кісінеуді, түйе болып боздауды, қаз болып қаңқылдауды өздеріне машық етеді. Бұларды білу ерігуден емес, аңшылық кәсіпке байланысты талап-тілектен келіп туады. Аю соғып алған аңшы оның терісін бітеу сыпырып алып, езі үстіне киеді де, аю бейнесіне келіп аңға шығады. Алдамыш тері киген әккі аңшы жайылып жүрген аюға жақындағанда аюдың үнін айнытпай салған. Сөйтіп аюды алдайды да, оны тез соғып алады. Аң терісін киген аңшыларды Алматы облысының Таңбалы сайындағы суреттерден кездестіреміз.



16-сурет. Аң терісін киген аңшылар.

Аңшылар бертін келе аңдар мен құстардың дыбысына еліктеп, өздері ғана айтып қоймай, сол аң мен құстың үнін білдіретін суреттер де салады. Аузы ашыл-

ған қасқыр басы оның ырылдайтындығын, аузын ашқан жылан басы оның ысқыратынын білдіретін шартты белгіге айналады. Жартастардағы суреттерге үңіле қарасақ, сол кездегі аңшылардың ақыл-парасатының қалай дамығанын да байқаймыз. Сурет өнері дами келе бірнеше шартты белгілер пайда болады. Кейінірек осы шартты белгілер адам баласының күрделі ойын баяндайтын дыбыстық мәні бар әріптер негізін қалады. Түркі халықтарының «орхон-енисей», «талас» типті көне жазу үлгілері де алғашқыда пиктографиялық жазуға соқпай кете алмаған. Кең-байтақ Қазақстанның жартас беттерінде сақталып қалған сюжетті суреттер мен пиктографиялық шартты белгілер бұл айтылған пікірді толық дәлелдей түседі.

Қазіргі кезде жер бетінде дыбыс жүйелі, буын жүйелі, сондай-ақ ойға негізделген (иероглифті) жазулардың барлығы белгілі. Ертеде ойды суретпен білдіретін пиктографиялық деп аталатын жазу да болған. «Пиктографиялық» (латын тіліндегі pictus — сурет саламын және грек тіліндегі графо — жазамын деген сөздердің бірігуінен пайда болған, мағынасы — «суретті жазу»), «идеографиялық» (гректің idea — идея, ұғым және графо — жазамын, сөздерінен біріккен, мағынасы — «ұғымды білдіретін жазу»), буын мен дыбысқа негізделген «буынды» және «дыбысты» жазулар болған. Пиктографиялық тарихи тұрғыдан қарағанда, ең алғашқы жазу болды<sup>1</sup>. Ғалымдар әріптер арқылы оқылатын дыбыс жүйелі жазулардың шыққан кезеңін біздің дәуірімізге дейінгі мың жылдықтың II—I ғасырларына жатқызады<sup>2</sup>. Бұл да теріс пікір еді. Көне арамей жазуы басталғанына 6 мың жылға жуық болса, шұмыр жазуы онан да әрірек екенін еске саламыз. Пиктографиялық жазуды 20 мың жыл бұрын болды деген пікір бар.


Жазудың даму сатысына зер салсақ, пиктографиялық жазу да бірден пайда бола қалмаған. Оның алдында алғашқы искусствоның сілемі жатыр. Адам ой-санасының төменгі кезінде-ақ сөйлеу тіліне қосымша, көрген-білгенін, ұққан-сезгенін сурет арқылы бейнелеуді әдетке айналдырған. Ғылым алғашқы көркемөнер-




<sup>1</sup> В. А. Истрин. Развитие письма. М., 1961, 26-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 190-бет.

дің шыға бастаған ізі деп жоғары (соңғы) палеолит дәуіріне, ориньяко-солкютре мәдениетіне (шамамен біздің заманымызға дейінгі дәуірімізге 40—25 мың жыл бұрын) кроманьон адамының қалыптасуына байланысты кезеңді көрсетеді<sup>3</sup>.

Пиктографиялық жазу дамыған көркемөнердің бір бұтағы тәрізді. Белгілі тарихы бар мәдениетті жазулардың қай-қайсысы болса да пиктографияға соқпай кетпейді. Идеографиялық жазулардың (египеттік, шумерлік, қытайлық т. б. жазулар) әр түрлі суреттерден келіп шыққандығына ешқандай күмән жоқ. Ал алғашқы дыбыс жүйелі жазуды шығарды деп саналатын финикиялықтар мен тағы басқа батыс семит группасына жататын халықтардың жазулары да өзінің бастапқы сатысында дара ұғымды білдіретін суреттер болған. Мыса-

лы, финикий алфавитіндегі а —  алеф (өгіз), б —

 бет (үй), г —  гимель (түйе), д — 

далет (есік) сияқты конкретті заттардың шартты белгіге айналған бір мүшесінің, не бөлшегінің суреттерінен келіп қалыптасады. *Алеф* — өгіздік басына, *бет* — қырынан көрінген үй шатырына, *гимель* — нардың өркешіне, *далет* — киіз үйдің есігіне ұқсап тұрғанын байқау қиын емес. Дәл осындай өзіндік ерекшелігі бар көне жазудың бірі «орхон-енисей», «талас» деп аталатын түркі халықтарының тасқа жазылып қалған ескерткіштері болып табылады. Бұл ескерткіштердің алғашқысы біздің заманымыздың V—VI ғасырларының аралығында дүниеге келді деген тұрақталған пікір барды. Әлемге атағы жайылған осы тамаша жазудың одан арғы жердегі дерегі, қалай қалыптасқандығы күні бүгінге дейін жете сөз болмай келді.

Кейінгі кезде Қазақстан территориясынан табылған талас-орхон алфавитімен жазылған жазулар көлем жағынан шағындығына қарамай-ақ бірнеше құпия сырлардың бетін ашты. Сырдария ескерткіші деп аталатын кірпіштегі жазу талас-орхон алфавитін бес ғасыр ары

<sup>3</sup> Н. А. Дмитриева. Происхождение искусств. Всеобщая история искусств, т. I. М., 1956, 12-бет.

шегіндіріп, біздің заманның I ғасырынан ары екендігін<sup>4</sup> дәлелдесе, Алматы облысы Кеген ауданы, Қарқара өзені жанынан табылған «Алаша қаған» ескерткіші тағы да бес ғасыр әрілетіп, біздің жыл санауымыздан V ғасыр бұрын<sup>5</sup> болғанын айқындады. Сөйтіп бұл — алфавиттің қолданылған мерзімі мың жарым жыл емес, екі жарым мың жылдың ар жағы екенін айтады.

Ә. Құрышжанов өзінің бір мақаласында, X ғасырда Оралдан Еділге дейінгі жерді кумандардың билеп тұрғанын, олардың дыбыс жүйелі жазуы болғанын, оның кейінде «ұйғыр жазуы»<sup>6</sup> деп аталғандығын хабарлады. Бұл айтылған деректен ертеректе түркі халықтарының көпшілігі талас-орхон сипатты, әрі көне түркі алфавитті жазуларды пайдаланғандығын байқаймыз. Талас-орхонға қарағанда, «ұйғыр жазуы» кейін пайда болған. «Ұйғыр алфавиті» деп, тюркологтардың көне түркілердің екі алфавитін шатастырмас үшін қойған шартты аты еді. XI ғасырда өмір сүріп, 3 томдық «Диуани лұғат ат-түрк» атты әйгілі еңбегін жазып кеткен данышпан ғалым Махмұд Хусаинұлы Қашқари бұл алфавитті ұйғырдікі демейді, көне түрк алфавиті<sup>7</sup>, — дейді. Махмұд өзін Қашқари дегенде сол дәуірдегі Қараханидтер хандығының орталығы, жалайыр мен карлықтар шәһәрі Қашқарды айтқан. Сол кезде Қараханидтер мемлекеті орталығы — Қашқар болып, олармен қатар өмір сүрген ұйғыр мемлекеті Турфан аңғарында болған. Махмұд Қашқари өзін ұйғыр демейді. Ұйғырдың дәріптелуі туралы академик Д. М. Поздневтің: «Шыңғыс тұсында Қара қорымға барған батыстық миссионерлер алғаш ұйғырды көрді де батысты даурықтырды. Басқа түркілерді де «ұйғыр» деп кетті»<sup>8</sup>, — дейтін пікірі бар.

С. В. Киселев «ұйғыр жазуы» түргеш мемлекетінде

<sup>4</sup> Г. Мусабаяев, Г. Айдаров. Сыр-Дарьинская надпись. «Вестник АН КазССР», № 6, 1966.

<sup>5</sup> Г. Мусабаяев. Кегенская надпись. «Известия АН КазССР, серия общ.», 1967, № 3.

<sup>6</sup> А. Құрышжанов. О графике одного слова в памятнике куманского языка «Codex Cumanicus», «Эпиграфика Востока». № XV. М.—Л., 1963, 120-бет.

<sup>7</sup> М. Қашқари. Аталған сөздік, I том. Ташкент, 1966, 49, 72, 135, 447-беттер.

<sup>8</sup> Д. М. Позднеев. Исторический очерк уйгуров. СПб., 1899, 14-бет.



VIII ғасырда <sup>9</sup> қалыптасты дегенді айтады. Бұл пікірдің дұрыстығын С. Е. Маловтың еңбектерінен де кездестіруге болады. Ол кісі «ұйғыр жазуы» деп аталатын алфавитті шығарғандығы үшін түркілер согдилықтардың алдында борышты екендігін француз ғалымы Готьионың дәлелдеп шыққандығын, шынында, ұйғыр жазуының согди әліппесінен қалыптасқандығын, кейін бұл алфавит монғолдар мен манчжурларға ауысқандығын көрсетеді <sup>10</sup>.

Осы шағын дәйектемелердің өзі-ақ көне ұйғыр жазуының шығу тарихынан азды-көпті ақпар береді. Демек, ұйғыр жазуы аталған, көне түркі алфавитінің дүниеге келіп, қалыптасуы туралы дәйек бар да, «орхон-енисей», «талас» сипатты көне түркі жазба нұсқаларындағы көпшілік қауым қолданған алфавит сыры әлі күнге толық ашылмай, көмескі қалып келеді. Керек десеңіз, түркі халықтарының тілінде сөйлеп тұрған ескерткіштердің де дәл қай кезеңде қойылғандығы анық шешілді дей алмаймыз. С. Е. Малов әр түрлі тарихи деректерге қарап, Енисей ескерткіштерінің алғашқысын V ғасырға жатқызушы еді <sup>11</sup>. Л. Р. Кызласов археологиялық материалдарға сүйене отырып, ең көне Енисей ескерткіші VII ғасырда жазылды дегенді айтады. VIII—IX ғасырлардағы ескерткіштерді (орхон жазуларын) ұйғырлардікі, ал IX—XII ғасырдағы Енисей ескерткіштерін Туваны жайлаған көне хакастардікі <sup>12</sup> дейді. С. Г. Кляшторный көне түркі жазуларын VI—VII ғасырларға жатқызып, шыққан тегін ескі согди (<арамей) жазуларына апарып тірейді <sup>13</sup>. Бұл жазу өмір сүруін қашан тоқтатты деген мәселеде, біреулер X ғасыр, кейбіреулер XIII ғасыр деген пікірлерді айтады.

---

<sup>9</sup> С. В. Киселев. Древняя история Южной Сибири. М., 1951, 609-бет.

<sup>10</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, 102—105-беттер.

<sup>11</sup> С. Е. Малов. Енисейская письменность тюрков. М.—Л., 1952, 7-бет.

<sup>12</sup> Л. Р. Кызласов. Новая датировка памятников енисейской письменности. «Советская археология», № 3, 1960, 96—100-беттер.

<sup>13</sup> С. Г. Кляшторный. К вопросу о подлинности древнетюркской надписи с именем «Чингиз-Хана». Проблемы Востоковедения, № 1, 1960, 175-бет.

С. В. Киселев VI—VII ғасырларда Жетісуды мекендеген түркілерде руникалық жазу болды, оның «орхон жазуынан» көне екендігі анық деген. Бұл кісі VI—VII ғасырларда батыс туг-ю арамей алфавитін түркі сөздеріне қолданған тәрізді дейді. Енисейді жайлаған түркі халықтарының жазу ескерткіштерінің көнелігіне дәлелдер келтіреді. Өйткені бұл арадағы жартастар мен әдейі орнатқан тас бағаналарда соғысты, аңшылықты, елдің қоныстанғанын не басқа жаққа ауғанын көрсететін суреттердің дүниеге келгеніне ең кемі екі мың жылдай уақыт болған. Көптеген шартты белгілер символдық, әсіресе, космогониялық (әлемнің, соның ішінде күннің, жердің, ай мен жұлдыздардың қайдан шыққаны туралы) сипатты байқатады. Қисық, түзу крестер, әр түрлі шаршылар мен дөңгелектер, жұлдыз т. б. белгілер қарасу заманында пайда болған. Біздің заманымызға дейінгі VII—II ғасырларға жататын тағар дәуірінде шартты белгілер көбейе түскен, оған әр түрлі таңбалар қосылған. Таштық заманында (біздің заманымызға дейінгі I ғасырдан біздің заманымыздың V ғасырына дейін) таңбалармен қоса санды білдіретін белгілер шыққан. Мұндай көнелік, шартты белгілердің көбейіп, дамып отыруы, қырғыз мемлекеті құрылған кезде, олар өзінің меншікті жазуын шығаруға талпынған. Уйбат чаатасындағы қырғыз қорғанынан табылған қыш құмырадағы әр түрлі шаршы, крес таңбаларымен бейнеленген жазу бұған дәлел бола алады. Табылып жатқан осындай жазуларға сүйене отырып, түркі халықтарының көне жазуларындағы таңбалардың бәрін түгелдей арамей алфавитінің системасынан шығаруға болмайды. Осы мәсе­лемен айналысқан В. Томсиннің арамей алфавитінен түркі халықтарына төн жазудың 15 таңбасын таба алмай, бұларды жергілікті халық өздері толықтырған ғой деген тоқтамға келгендігі белгілі С. В. Киселев, Н. Аристовтың түркі халықтарының руникалық жазуы таңбалардан шықты дейтін теориясына келіспейді, О. Доннер мен В. Томсеннің бұл жазуды шыққан тегі арамей алфавиті деген теориясына бойұрады<sup>14</sup>. В. А. Истрин көне еврей жазуының қалыпта­су кезеңін біздің заманымызға дейінгі дәуірдің II мың

<sup>14</sup> С. В. Киселев. Древняя история Южной Сибири. М. 1951, 610—611-беттер.

жылдығының ақырына жатқызып, шыққан тегі финикийлық (мүмкін, ханаандық) болуға тиіс. Ал кейінірек біздің заманымызға дейінгі III ғасырда арамей алфавитінің негізінде «шаршы еврей жазуы» («квадратное еврейское письмо») дамыған дейді. Парсы-арамей жазуы кейде Индияның буын жүйелі кхарошти жазуының шығуына негіз болды деген де пікірдің барлығын көрсетеді. Орхон өзенін жайлаған Сібірдегі түркі мемлекеті дыбыс жүйелі «орхон руникалық» жазуын қолданған. Жоғарыда айтылған жаңа фактілер бұл сияқты қарама-қарсы пікір таласына тыйым салса керек. Өйткені қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, түрікмен т. б. халықтарға ортақ «алты алаш» ескерткіші бұрынғы сан түрлі жорамалдың быт-шытын шығарды. Енді даулауға орын жоқ.

Түркі тілінде сөйлейтін халықтардың мәдени мұралары біздің заманымызға дейінгі III—II ғасырларда үлкен ел болған сақ-үйсін мәдениетінің («сако-усуньская культура») жалғасы екенін археологиялық материалдар жылма-жыл дәлелдеп келеді. Тарихи деректерге қарағанда, үйсіндер Жетісу мен Қырғызстанның солтүстік жағын мекендеген. Үйсін тайпалық одағының шекарасы: батысы Шу — Талас өзендері, шығысы — Ертіс өзені, терістігі — Балқаш көлі, түстігі — Қашқарға дейін болған. Қорғандарды қазғанда өрнекті қыш құмыра, қола айна, алтын сырға, темір пышақ, арғы кезден қалған тас құралдар сияқты т. б. заттар кездесуде. Мұндай заттармен әсіресе, өлген адамды жерлегенде жасалған архитектуралық негізі бар құрылыстар халық мәдениетінің дәрежесін<sup>15</sup> айқын көрсете алады. Халықтың жартастарға сурет, таңба салу өнері тіпті сақ-үйсін мәдениетінен де бұрын пайда болған. А. Н. Бернштам мұндай суреттерді сақтардың алдындағы дүниеге жатқызып, біздің заманымызға дейінгі ғасырдың II—I мың жылдығының тұсында салынған деп шамалайды<sup>16</sup>. Алматы облысының Таңбалы сайында тұрған бұғы суреті біздің заманымызға дейінгі VI ғасырға, Зайсан көлінің оңтүстігіндегі Шіліктіден табылған бұ-

<sup>15</sup> К. А. Акишев, Г. А. Кушаев. Древняя культура сакков и усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963, 27, 142, 181-беттер.

<sup>16</sup> А. Н. Бернштам. Наскальные изображения Саймалы-Таш. «Советская этнография», 1952, № 2, 53-бет. ~

ғы бейнесі біздің заманымызға дейінгі V ғасырға тән ескерткіштер.

Қазақстандағы жартастарда бұғы ғана емес, төрт түлік мал, толып жатқан тағы аңдар (оның ішінде кейбіреулері, мысалы, мүйіз тұмсық, жираф қазір Қазақстан жерінде кездеспейді), әлеуметтік тіршілікті танытатын (аң қуу, ит жүгіртіп, құс салу, көшу, соғысу, т. б.) суреттер, әдемі ою-өрнектер мен сан алуан таңбалар, пиктографиялық жазу элементтері, сондай-ақ халықтың әдет-ғұрпын<sup>17</sup>, ойын-сауығын, дінін т. б. білдіретін бейнелер өте көп<sup>18</sup>. Мұндай суреттер Алатау, Қаратау, Ұлытау, Жоңғар тауы, Талас ойпаты, Балқаш көлінің маңындағы жерлерден жиі ұшырасып отырады. Таңбалы сайы, Дегерес тауы, Көкқия шоқысы т. б. аумағы тұтас оншақты километрге созылған суреттерді байқайсыз. Әрине, мұндай көлемді территорияны алып жатқан суреттер бір дәуірдің ішінде дүниеге келмеген, не болмаса, белгілі бір ғана халықтың қолынан да шықпаған. Жартастағы бейнелер мен таңбалар сабағы арыдан үзілмей келе жатқан ұзақ уақыттың жемісі. Бұл мұраларда, сөз жоқ, түркі халықтарының ата-балалары сақ-үйсіндердің де үлесі бар. Өйткені үйсіндер мен қаңлылардың тайпалық одақтарының тұсында тоқу станогі, ағаш өңдеу, ұсталық кең өріс алады. Қола мен алтыннан істелген бұйымдарға аң мен құстардың суреті салынуы, қолөнердің дамығанын білдіреді<sup>19</sup>. Біздің байқауымызша, «талас-орхон» типті дыбыс жүйелі түркі халықтарының жазуы да бірден туа қалмаған; ол дыбыс жүйелі алфавитке жеткенше, пиктографиялық этапты басынан өткізгенге ұқсайды. Бұл мәселеге дұрыс жауап беру үшін Қазақстан жерінен табылып жатқан жұмбақ суреттердің сырын ашу керек. Әсіресе, түркі халықтарының көне ескерткіштерінен дерек беретін алфавиттің әрбір әрпін халық өмірімен салыстырып, зерттеудің қажеттігі байқалады. Алдын ала ескерте кететін жәй, «орхон-енисей», «талас» тип-

<sup>17</sup> Б ұ л д а с о н д а .

<sup>18</sup> Н. Л. Членова. Об оленных камнях Монголии и Сибири. «Монгольский археологический сборник». М., 1962, 28 — 29-беттер.

<sup>19</sup> Ғ. М ұ с а б а е в, А. М а х м ұ т о в. Эпиграфиялық экспедиция материалдарынан. «Қазақ тілі тарихы туралы зерттеулер» (жинақ). Алматы, 1965, 162—182-беттер.

ті жазу өзінің даму барысында парсы-арамей сияқты жазулардан үлгі-өнеге де алған болар. Мысалы, түркі

халықтарының  $\Gamma$  (а),  $\text{H}$  (к),  $\text{J}$  (л),  $\text{X}$  (м),  $\text{Y}$  (н),  $\text{C}$  (р),  $\text{Y}$  (ш)

сияқты таңбалары түр-тұлғасы мен дыбысталу жағынан арамей алфавитінің әріптеріне дәл болмаса да ұқсастығы бар екені де белгілі. Бірақ бұған қарап, түркі халықтарының руникалық алфавитіне арамей жазуы негіз болды дерлік қисын жоқ (тәрізд). Егер түркі халықтарының көне жазба ескерткіштерін біздің дәуірден бұрынғы VI—V ғасырларға жатқызсақ, оның алдында да бұл жазудың қалыптасуына негіз болған бірдемелер болу керек. Ол халықтың алғашқы искусствосынан (сурет өнерінен) бөлініп шыққан шартты белгілер болуға тиіс. Егер алфавиттегі әріптердің дыбысталуы мен кескін-келбетіне зер салсақ, олардың аты мен заты сай келіп, бірін-бірі айқындай, дәлелдей түседі. Әріптер мен — түркі халықтарының қолтумасымын және олардың аңшылық дәуірінде дүниеге келген жазу перзентімін дегендей болады. Кейбір әріптер үй тұрмысындағы әр түрлі құралдар<sup>20</sup> мен нумизматикадан келіп шыққан. Ал қайсыбір әріптер аспан әлеміндегі планеталарға ұқсап кетеді. Түркі халықтарының көне руникалық алфавитіндегі әріптердің сыр-сипаты мұны дәлелдей түседі. «Талас-орхон» жазуы арамей алфавитіндегі әріптерге ұқсамайды<sup>21</sup>, бұларда халықтық ерекшелік мол. Әріптер көне түркі тілінде сөйлеп тұр. Мысалы,  $\text{J}$ ,  $\text{I}$ ,  $\text{X}$ ,  $\text{X}$  (а, е, б<sup>2</sup>) әріптерін көргенде, аяқ (адамның не малдың аяғы), айыр, аша, ауыз тәрізді ылғи а әрпінен басталатын түркі сөздері көз алдына елестейді.


Жартастағы аң аяғының суреттері де дәл осы түркі халықтарының көне алфавитіндегі әріптерден айнымайды. Жүріп бара жатқан тау ешкінің аяқтарын ерте кездің суретшілері бірде былай  $\text{X}$ , бірде былай  $\text{X}$  бейнелейді. Үстінде алға қарай садақ тартқан жауынгері бар, арнаулы ер-тоқыммен жабдықталған мына бір піл

<sup>20</sup> Қазақ ССР тарихы, I том. Алматы, 1957, 55-бет.

<sup>21</sup> Н. А. А р н с т о в. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов большой орды и каракиргизов. «Живая старина». 1894, вып. 3—4, 416-бет.



17-сурет. Қаратаудағы тау теке.



18-сурет. Қаратаудағы ғажайып бейне.

сияқты жануардың аяғы да жоғарыда көрсетілген б<sup>2</sup> әріпке ұқсайды. Ал мына әріп  $\Sigma, Z$  тізесі бүгілген адам аяғына ұқсап тұр. Бұл фактілер а, е, б<sup>2</sup> әріптерінің аяқпен байланысты қалыптасқандығын байқатады, кейін аяқ мәнінен ауытқып, дыбысты білдіретін шартты белгіге айналған болу керек.

Алғашқы кезде бір ғана сөз мағынасын білдіретін шартты белгі өзінің басқа заттармен ұқсастығына қарай кейінгі кезде көп мағынаға да ие болған. Сөз болып отырған аяқ бейнесінің бір көрінісі  $Z$  (а) әрпін жасаса, екінші бір көрінісі түркілердің екі аяқты дөңгелек үстіндегі үйіне ұқсаған.

Қазақ ССР тарихы VI—XII ғасырларда түркі халықтарының «жазғы үйі екі түрлі болды: бірі кәдімгі киіз үй, екіншісі дөңгелек үстіне орнатылған жылжымалы үй (әв) болды<sup>22</sup>», — деп көрсетеді. Дәл осындай дөңгелек үстіне жайласқан күмбез тәрізді шошақ үйлер сақ-үйсін дәуірінен де бұрын, біздің заманымызға дейінгі VII—VI ғасырларда бар екен<sup>23</sup>. «Талас-орхон» («енисейді» қоса айтамыз) жазуында  $\text{X}$  (б<sup>2</sup>) әб — үй дегенді білдіреді. Бұл талдаудан байқалатыны алғашқы кезде аяқ бейнесінен дамыған шартты белгі, бергін келе еб (үй) дегенді білдіріп, кейін жіңішке б<sup>2</sup> дыбысы әрпінің қалыптасуына негіз болған тәрізді.

**Алфавиттегі  $\text{J}$  қармақ белгісі де аңшылықпен байланысты.** Бұл белгі бұғалық немесе тұзаққа да ұқсайды. Ертеде аңды бұғалықпен де аулаған. Аңшылық кәсіптің мұндай түрін Алматы облысының Таңбалы сайындағы бұғыға бұғалық тастағалы тұрған аңшы бейнесінен байқаймыз. Ертеде аңшылықтың осы тәсілі *аб* (аңды алдап-арбап, сиқырлап ұстау) деп аталды. Балық аулайтын ау (тор) да аб сөзімен түбірлес. Талданып отырған қармақ пен бұғалық суретінің аңшылыққа қатысты екенін жоққа шығара алмаймыз. Олай болса, ертеде қармақ та ау сияқты аб болып аталуы мүмкін. Міне осы аб (ау, қармақ) болып аталатын құрал-

<sup>22</sup> Қазақ ССР тарихы, I том. Алматы, 1957, 88-бет.

<sup>23</sup> С. В. Киселев. Краткий очерк древней истории хакасов. Абакан, 1951, 26-бет.

дың суретінен жуан б' әрпі келіп шығады. Түркі халықтарының көне жазу ескерткіштерінде Ɔ аб (охота) — аң аулау <sup>24</sup>.

Алфавиттегі Ɔ, Ɔ' (г) әрпі де көне түркі халықтарының ескерткіштерінде кездесетін іг сөзінен келіп қалыптасқан. Бұл сөз Ɔ (г) түрінде жазылып, äг, іг болып оқылады. Кейде Ɔ Ɔ' (іг) күйінде де кездеседі. Ерте кезде іг (иік зат) — ию, майыстыру (гнуть, сгибать) дегенді білдірген. Тексте іг — айшықты тоға бас (луновидная пряжка) деп те аударылады <sup>25</sup>. Ендеше бұл таңба да іг (иік) бейнелі заттың суретінен шыққан. Таңба қай халықтікі екенін өзі мәлімдеп тұр. Қазақстандағы биік шыңдардың басынан да осы Ɔ (г) әрпі кездесуде. Мұны жергілікті халық тұлпардың тұяғы дейді. Шын мәніне келсек, бұл тұлпардың тұяғы емес. Ерте кезде түркілердің «қайырымды, қасиетті шыңы» болған. Қысылған уақытта осы шыңға келіп сиынатын, қылмыстыларды да түнде шың басына өрмелетіп сынайтын. Егер ол адал болса, құламай шың басына шығып кетеді, ал арам болса шыға алмай құлап өлуге тиіс деген діни сенім бар. Көне түркі тілдерінің кейбіреуінде игі—игі, ізгі; иге—ие, кие дегенді білдіреді <sup>26</sup>. Сөз жоқ, осы қасиетті ұғымды да Ɔ (г) әрпі білдірген Халық шыңды «игі шың» деп атаған.

Алфавиттегі мына Ɔ, Ɔ', Ɔ'', Ɔ''' әріп таңбалары қазақ ұғымындағы адам аяғы мен атан өркешін көз алдымызға елестетеді. Көне түркі тілдерінің кейбіреуі аяқты—ад, атанды—адан деген <sup>27</sup>. Олай болса, ад (адақ), адан суреттерінен жуан д<sup>1</sup>, жіңішке д<sup>2</sup> дыбысын білдіретін әріптер келіп қалыптасқан.

Сөз болып отырған руникалық алфавитте жебелі

<sup>24</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М.—Л., 1959, 26-бет.

<sup>25</sup> С. Е. Малов. Енисейская письменность тюрков. М.—Л., 1952, 94-бет; Егोजе: Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М.—Л., 1959, 65-бет.

<sup>26</sup> В. В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий, I т. СПб., 1893, 1428-бет.

<sup>27</sup> Бұлда сонда, 474, 479-беттер.





19-сурет. Қасиетті шыңдағы белгілер.

садақ бейнесінен ),( , l,l, )<sub>1</sub>( (r). жебе суретінен 4, D, 4, 1 (к) (қ) деген дыбыстардың әріптері келіп шыққан. Ертеде көптеген түркі тілінде сөйлейтін халықтар садақты оғ (оқ) деген. Башқыр руларында дәл осы белгі <sup>28</sup> ),( оқ — таңба делінеді. Мысалы, көне сары ұйғырлардың тілінде оқ — садақ дегенді білдіреді <sup>29</sup>. Қазіргі шуаш, башқыр, татар тілдерінде де ук — садақ мағынасында жұмсалады. «Орхон-енисей» жазуларында кездесетін 4, D, 4, 1 (к) таңбаларының оқ (жебе) суретінен келіп қалыптасқандығы анық-ақ көрініп тұр. Көне түркі жазуларының ескерткіштерінде бір таңбамен ↓ (оқ), кейде осы сөз > (о), )<sub>1</sub>( (r) әріптерімен )<sub>1</sub>( > (оғ) болып жазылады <sup>30</sup>. Бұл факті ғ, қ әріптерінің садақ, оқ (екеуі де ертеде оқ болып бір сөзбен аталған) заттарының суреттерінен келіп шыққанын анық дәлелдейді.

Көне түркі тілдерінде өгізді — өкүз деп атаған. Бұл сөздің бастапқы түбірінің өк болғандығы да белгілі. Алфавиттегі к әрпін білдіретін таңбалар 3, 4, 4, 5, 5

өгіз басына ұқсайды. Алғашқы түркі аңшылары өк (өгіз) деген ұғымды, оның бас суретімен бейнелеген болу керек. Бертін келе бұл бейне к әрпіне ауысқан.

Алфавиттегі D (й<sup>1</sup>) аспандағы айдың суретінен келіп шыққан. Түркі халықтарының қазір де қолданатын ай сөзі көне жазу нұсқаларында D (й<sup>1</sup>) түрінде бір әріппен бейнеленіп, ай болып оқылады. Жазудың құбылу сипатына қарай отырып, халықтың ерте кезде ай суретін оның атын білдіретін шартты белгіге айналдырғанын байқаймыз. Бұл белгі кейін й<sup>1</sup> дыбысын білдіретін болған.

Қазіргі қазақ тілінде *йй* деген сөз бар. Бір нәрсені

<sup>28</sup> Р. Г. Кузеев, Н. В. Бикбулатов, С. Н. Шитова. Зауральские башкиры. Археология и этнография Башкирии. Уфа, 1962, 187-бет.

<sup>29</sup> С. Е. Малов. Язык желтых уйгуров. Алма-Ата, 1957, 81-бет.

<sup>30</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, 23-бет; Егोजе. Енисейская письменность тюрков. М.—Л., 1952, 100-бет.

майыстырып бұғу, не ішке қарай жымыру тәрізді іс-қимылды *йй* етістігі тиімді түрде баяндай алады. Алфавиттегі жіңішке *йй* әрпін білдіретін таңба да ? иілген зат бейнесін аңғартады. Біздің байқауымызша, *йй* сөзінің мәнін білдіретін бейнелі суреттен жіңішке ? (*й²*) әрпі жасалған болу керек.

Алфавиттегі *√*, *У* (*л*), *М* (*лт*) әріптері де түркі сөздерінен (түркіше аталатын заттардың атынан) шығып тұр. Зат ілетін ілгек, адалбақан сияқты құралдар сақ-үйсін заманында-ақ болған<sup>31</sup>. Көне түркі жазу ескерткіштерінде *л* — «прицеплять, вешать» болып аударылған. Бұл сөз екі түрлі таңбамен *У* кейде *√* болып жазылып, әрқайсысы *л* болып оқылады<sup>32</sup>. Ертедегі түркілер *л* (*лу*) тәрізді қимылды білдіретін зат бейнелерінің суретінен жуан айтылатын *√* (*л¹*) және жіңішке *У* (*л²*) әріптерін жасаған. Ал *М* (*лт*) әрпі ілмек басы жоғары қарай көтеріліп беттескен екі *√* (*л¹*) таңбасынан құралған. Ерте кезде осы шартты белгі *М* (*лт*) — ілті (ілді) деген ұғымды білдірген тәрізді.

Көне түркі жазбаларында *ем* — емшек мағынасында жұмсалады<sup>33</sup>. Алфавиттегі *м* дыбысын білдіретін әріп емшек іспеті. Бұған қарағанда, осы *ем* (емшек) бейнесінің суретінен *М*, *М* (*м*) әрпі жасалған болу керек.

Алфавиттегі *н* (*н¹*), *н²* (*н²*), *Э* (*н* — оқылуы *ін*),

*Э* (*нч*) әріптері әр түрлі аң кіретін *ін* бейнесіне ұқсайды. Індер дара, немесе көп түңлікті (бірнеше ауызды) болып келеді. Егер індерге назар салып қарайтын болсақ, олар бір шеті жерге батқан жарты шеңбер тәрізді.

<sup>31</sup> А. Н. Бернштам. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана. «Известия Академии наук Казахской ССР, серия археол.», вып. 2, 1950, 72-бет.

<sup>32</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, 19-бет.

<sup>33</sup> *Suvagrabhasa* (сутра золотого блеска). Текст уйгурской редакции, изд. В. В. Радлов и С. Е. Малов, VII—VIII. Петроград, 1917, 620-бет, 18 жол.

Алғашқы түркі аңшылары өздеріне белгілі осы ін суреттерінен жуан, жіңішке және тым жіңішке дыбыс-талатын н әріптерін ойлап шығарған болу керек. Аң кіретін іннің ішкі көрінісінен «ін іші» деген мәнді білдіретін  $\zeta$  (нч) дыбысы жасалған.

Көптеген түркі тілдерінде ауланатын құстар мен әр түрлі тағы хайуандар аң делінеді<sup>34</sup>. Алфавиттегі н әрпі елік, тау ешкі сияқты аңдардың басына ұқсайды. Ертеде аң деген ұғым оның басымен бейнеленген. Кейін бұл бейне  $\uparrow$ ,  $\uparrow$  (н) дыбысын білдіретін әріпке айналған болу керек.

Көне түркі жазуындағы дыбысты білдіретін әріптердің көпшілігі белгілі сөздің соңғы дыбысынан келіп шыққан тәрізді. Бұл пікірді жоғарыда талданған б, й, л, лт, қ, ғ, м, н, нч т. б. дыбыстардың айтылу сипаты мен қалыптасу ерекшелігі дәлелдей алады.

Көне жазуларда кездесетін  $\Upsilon$  ( $p^2$ ) кошқар мүйіз. иір белгі біздің заманымызға дейінгі III—I ғасырдағы үйсіндер мен қаңлылардың ою-өрнектерінде жиі кездеседі<sup>35</sup>. «Орхон-енисей» жазуларында  $\Upsilon$  ( $p^4$ ) гүрінде жазылып, әр (ер) болып оқылады<sup>36</sup>. Бұл сөздің екі түрлі мағынасы бар: бірі — ер, еркек; екіншісі — ер, батыр. Бұл әріп таңбасы атқа ерттелетін ер суретінен немесе иір деген мәнді білдіретін түркі сөзінің бейнесінен келіп шыққан. Түркі халықтары осы таңбаны әлі күнге *иір мүйіз*, *қошқар мүйіз* не *теке мүйіз* деп атайды. Өйткені таңба бейнесінің өзі иір. Сол себепті *ер*, *иір* сөздерінің мәнін білдіретін өрнектің суреті келе-келе жіңішке айтылатын  $\Upsilon$  ( $p^2$ ) деген дыбыстық әріптің шартты белгісіне айналған.

Түркі халықтарының және алфавитінде  $\odot, \odot, \odot, \ominus, \otimes$  (нт) түрінде кездесетін әріптер бар. Бұл таңбалардың

<sup>34</sup> В. В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий, I т. СПб., 1893, 182-бет.

<sup>35</sup> Қазақ ССР тарихы, I том. Алматы, 1957, 57—58-беттер.

<sup>36</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, 22-бет; Е г о ж е: Енисейская письменность тюрков. М.—Л., 1952, 14-бет.

қай-қайсысы болса да ертеде өлім-жітім дегенді білдірген. Мезолит дәуіріне жататын «Масдазиль белгілері» дейтін кішкене сопақ, домалақ тастардан да дәл осындай таңбалар табылған. В. А. Истрин мұндай белгілерді «өлгендердің жаны сақталатын»<sup>37</sup> діни сенімге байланысты шыққан деп түсіндіреді. Ал *нт* деп аталатын әріптердің кейбіреуі адам басының қаңқасына ұқсайды. Қазіргі кезде де адам басының қаңқасы мен ⊕

крес белгісі өлім-жітімді білдіреді. Міне бұған қарағанда, ⊙ (*нт*) әрпі түркі-монғол халықтарында бар *ант* деген сөзді білдіретін шартты белгіден келіп шыққан. Неге десеңіз, *ант* берген адам өлсе де, айтқан сертінен танбақ емес. Сондықтан ертеде төбесі ашық адам басының бейнесі *ант* (клятва) деген ұғымның орнына жүрген. Бұл, сөз көне түркі халықтарының ескерткіштерінде<sup>38</sup> кездеседі. Жазылғанда *нт*, оқылғанда *ант* болады. Алфавиттегі >, > (о, у) әрпі еріннің айтылу әуеніне байланысты суреттен келіп шыққан тәрізді. Өйткені мұндай дыбыстарды айтқанда, ерін осы таңбаның бейнесіне ұқсап, сүйірлене түседі.

Алфавиттегі ʏ (с')ысқырған жыланның басына | (с') ертедегі € , † , ‡ , † (сүңг) сүңгі құралының суретіне<sup>39</sup> ұқсайды. Тау, то, ту, ты суретінен ⚡ , ⚡ (т') әрпі, тау басының көрінісінен ⚡ баш деп аталатын әріптер келіп қалыптасқан<sup>40</sup>. Үш деген санды білдіретін түркі тіліндегі ʏ , ʏ , ʏ шартты белгіден ч, ш әріптері келіп шыққан тәрізді. Алфавиттегі жуан айтылатын Ч , Ч (р'), Ч , Ч , Ч , Ч (з) әріптері ыр-ыр, ыз-ыз тәрізді еліктеуіш сөздердің бейнесін білдіретін суреттерден

<sup>37</sup> В. А. Истрин. Развитие письма. М., 1961, 52, 59-беттер.

<sup>38</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, 109-бет.

<sup>39</sup> Бұл да сонда, 25-бет.

<sup>40</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М., 1959, 65-бет.



20-сурет. Иірсудағы пиктограммалар.

келіп дыбысты білдіретін шартты белгіге айналған болу керек.

Бұл айтылғандар түркі халықтарының ежелгі алфавитінің суреттен келіп шыққандығына ешбір күдік қалдырмайды. Бұрын Қазақстан мен Орта Азия жерінен пиктографиялық жазудың элементтері болмаса, нағыз үлгі боларлық түрі табылмай келе жатыр еді. Қазір ғалымдар Қырғызстанның оңтүстігіндегі Памир — Алтай тауларының сілемінен де пиктографиялық жазу<sup>41</sup> тауып отыр. Кейде Қазақстан жартастарынан табылған көне жазулардың арасында да пиктографиялық белгілер кездеседі.

Біздің заманымызға дейінгі III--I ғасырдағы үйсіндер мен қаңлылардың тайпалық одақтарының тұсында-ақ жазу болған. «Қаңлы патшасының жазбалы кодексі бар екен, ол оның ордасында сақталыпты»<sup>42</sup>. Мұндай деректер түркі халықтарының көне алфавитінің негізі сақ-үйсін заманында хун (жүн) дәуірінен көп бұрын қалыптасқанын байқатады. Бұл алфавиттің шығу тегі — қазақ халқының іргесін құраған тайпалардың ою-өрнегі мен таңба-белгілерінен тым ерте жасалған болу керек. Әбден шыңдалып талай ғасыр өмір сүріп, осы күнгі кейінгі ұрпақтар ұмытқан алфавит.

## Ғ. АЙДАРОВ

### МАҢҒЫСТАУ МАТЕРИАЛДАРЫНАН

Маңғыстау түбегі — ежелгі заманның сырын аша беретін, дерегі мол көне өлкелердің бірі. Оның қойнауында тек мұнай мен газдың сарқылмас қоры емес, талай дәуірлердің тарихын бейнелейтін сан алуан ескерткіштер де кездеседі.

Маңғыстау — Каспий теңізінің шығыс қолтығында орналасқан, оның территориясы өте кең, бір шеті Қарақалпақ АССР-ның шығысы мен Ембі өзеніне дейін созылады. Кәрі Каспий мен Арал көлінің арасын алып жатқан кең дала — Үстірт. Оның көлемі екі мың квадрат километр.

<sup>41</sup> Рисунки на камне. «Ленинская смена», 1965, 7 февраля, № 26.

<sup>42</sup> Қазақ ССР тарихы, I том. Алматы, 1957, 56-бет.

Маңғыстау жарты аралы 1963 жылға дейін шалғай жатқан малды аудандардың бірі еді. Соңғы кездері республикамызда жүргізілген іздеу-барлау және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Маңғыстау жарты аралы мұнай мен газдың сарқылмас бай өңіріне айналып, есімі одаққа ғана емес, бүкіл әлемге әйгілі болып отыр.

Маңғыстау жері, оның табиғаты, онда өмір сүрген ру-тайпалардың тарихы, мәдениеті ғалымдардың назарынан қай дәуірлерде де шет қалып көрген емес-ті. Маңғыстау жөнінде толып жатқан шетел және орыс ғалымдарының зерттеулері бар. Бір кездері осы Маңғыстауда болған А. Дженкинсон, Марко Поло, Плато Карпин, В. Рубрук сияқты саяхатшылар да Маңғыстау түбегінің халқы, оның тұрмысы мен мәдениеті жөнінде көптеген деректер жазып қалдырғаны тарихтан бізге белгілі.

Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, Маңғыстау жерінде Асан-қайғы мен Сыпыра жырау да болғанға ұқсайды. Өз заманында «Түбінде мал баққан шаруаға Маңғыстаудан артық жер болмас» депті-міс Асан-қайғы. Шындығында, Маңғыстау бағзы заманнан суға шөл болса да, шөбі мол, малға жайлы болған.

Халық ақыны Қашаған Күржіманұлы Маңғыстау жері жөнінде:

Шөбі малға май болар,  
Аш-арыққа жай болар,  
Қашаннан да бұл қоныс,  
Құтты болған жер екен <sup>1</sup>, —

деп жырлаған.

1558 жылы ағылшын саяхатшысы Антоний Дженкинсон Маңғыстауда болды. Ол өзінің «Москвадан Бухараға және Бухарадан Москваға» атты еңбегінде осы өңір жөнінде былай деп жазды: «...У Каспийского моря люди живут, не имея городов и постоянных жилищ, в диких степях, кочуя с одного места на другое большими ордами со всем своим скотом, которого у них множество, а именно верблюдов, лошадей и овец... По всей стране растёт не трава, а род сухого хвороста или

<sup>1</sup> Ертедегі әдебиет мұралары. Алматы, 1967, 183-бет.



вереска, питаюсь которым, скот становится очень жирным».

Маңғыстау түбегі тек малға жайлы қоныс болып қана қоймаған, ол сонымен қатар, сол жерді мекендеген тайпаларға сауда үшін де қолайлы жердің бірі болған. Керуендер Маңғыстау арқылы Хорезм, Хиуа, Бұхараға, тіпті, шалғай жатқан Индия мен Қытайға дейін баратын-ды.

Қара ойы Маңғыстаудың,  
Жерленіп жеті жұрттың көшкен жері, —

деген шумақ халық арасына ерте заманнан кең тарап, аңызға айналған. Сөйтіп, Маңғыстау жерін көптеген тайпалар мекендеген. Тарихи деректерге қарағанда, Маңғыстауда сақтар мен скифтер, гундар мен сарматтар, аландар мен қаңлылар, оғыздар мен қыпшақтар, түркмендер, ал соңғы кездері қазақ құрамына енетін адай тайпалары мекендейді. Адай тайпалары XVIII ғасырдың орта кезінен, шамамен 1751 жылдан бастап, Маңғыстау түбегіне көшіп келе бастайды.

Сол тайпалар өздері мекендеген қоныстарында ғылымдық мәні бар сан алуан түрлі тарихи мұралар мен ескерткіштерді қалдырды. Оларды зерттеп, халық игілігіне айналдыру ғалымдарымыздың негізгі міндеттері. Осындай тарихи мәні бар ескерткіштер қатарына: ескі қорғандар мен қамалдар, қала орындары, обалар, жартастағы әр қилы бейнелер, балбалдар, ру таңбалары, жазулар, құлпытастар, қойтастар, сағана және күмбезді тамдар т. б. жатады.

Қазақтың көрнекті ғалымы Ә. Марғұлан: «Қазақтың сәулет өнерінің ең таңдаулы үлгілері Оңтүстік, Орталық Қазақстан мен Каспий маңындағы Маңғыстау, Сағыз, Жем бойында көп сақталған. Басқа халықтар сияқты қазақ халқы да қайтыс болған жандарын еске алып, мәңгі есте қалдыру үшін олардың қабірінің басына өз заманының стилінде құлпытас пен күмбез көтеру сияқты тамаша дәстүрлері бар», — деп атап көрсеткен болатын.

Бұл шағын мақалада жоғарыда көрсеткен тарихи ескерткіштер мен мұралардың бәріне бірдей талдау жасау мүмкін емес. Әйтсе де, солардың кейбіреулеріне қысқаша кідіріп өтуді орынды көрдік.

Маңғыстау түбегінде өте жиі кездесетін ескерткіштердің бірі — ескі қорғандар мен қамалдар. Солардың бірі — Бозашыдан Хорезм, Хиуаға жүретін жол бойындағы ескі Шерқала қаласы.

1851 жылы геологиялық экспедиция құрамында Маңғыстауда болған поляк революционері Бронислав Залесский «Қырғыз даласындағы өмір» атты өзінің 1865 жылы Парижде жарық көрген еңбегінде: «Біздер Шерқаладан бірнеше ескі сауыт, ескі татар теңгелерін таптық. Шерқала алыстан қарағанда, Римнің керемет пантеондарын, сондай-ақ ежелгі замандардың ескерткіштерін көз алдыңа келтіргендей боласың. Жақындап келгенде, жеке қабырғалардың колондары қираған статуялар сияқты ақ таулардың бағандарын көресің», — деп жазған болатын.

1961 жылы Маңғыстау ауданына қарасты «40 жылдық Октябрь» колхозының екі шоферы колхоз маңындағы үйілген тас обаларды бұзып, тас ала бастайды. 20—30 машина тас алынғаннан кейін оның астынан жергілікті тастан шауып жасалған кісі мүсіні (балбал) табылды. Бірақ бұған мән бермеген шоферлар оны қиратып, қораның фундаменті үшін пайдаланады. Іздестіре келгенімізде оның тек басы ғана табылды.

Дербес пенсионер, Маңғыстауда совет үкіметін орнатуда елеулі еңбек еткен А. Меңделіевпен сөйлескенімізде: «Осы колхоз маңындағы «Тәтім төбе» дейтін жердегі тас обаны біздер бірталай адамдар болып қаздық. Жерді бір метрдей қазғанымыздан кейін кәдімгі ақ тастан жасалған кісі мүсіні шыға келді. Одан әрі қазғаннан кейін бір топ адамдардың сүйектері, тот басқан металл қалдықтары, іші күлге толы құмыра табылды. Адам сүйектері шыққаннан кейін одан әрі қазуды мақұл көрмедік. Шұқырды қайта көміп кеттік. Одан бері бірталай уақыт өтті», — деп сөзін аяқтады.

Таңбалардың ішінде ерекше назар аударатыны сол маңды мекендеген тайпалар мен рулардың белгілері. Онда тек қазақ құрамына енетін адай, табын және әлімдердің таңбалары ғана емес, сондай-ақ ертедегі оғыз, одан кейінгі түркмендердің құрамына енетін салыр, сарық, егдір, шәудір, абдал, ших, ерсары, қожа, баят, қай, ерек, сусақ тәрізді рулардың таңбалары өте жиі кездеседі.




Құлны тастағы




таңбалар.



Құлпы тастағы



таңбалар



Жоғарыдағы кейбір ру таңбалары М. Қашқари еңбегіндегі<sup>2</sup> таңбалармен дәлме-дәл келетіндігі байқалады.

Тюркологиялық әдебиеттерде таңбалар жөнінде жасалған зерттеулер аз емес, бірақ түркі қағанаты дәуірінде таңбалар негізінде құрылған орхон-енисей типті жазуға қатысы күні бүгінге дейін толық зерттелмей келеді. Біздің пікірімізше қандай жазу болса да, олар алғаш шартты түрде белгілі бір таңбалар арқылы жасалған, оған күмәндануға болмайды. Өйткені, орхон жазуындағы 35 таңбаның отызға жуығы, енисей және талас жазуындағы 150 тарта таңбаның тоқсанға жуығы түркі халықтарының ерте заманда қолданған таңбаларымен тектес, бір-бірімен ұқсас, дәлме-дәл келеді. Олардың бірі-бірімен ұқсас келуі кездейсоқ құбылыс емес, қандай болса да, белгілі бір байланыстың бар екендігін байқатады. Бірақ бұл мәселе өз алдына арнайы қарастыруды керек етеді.

Белгілі бір халықта қазіргі замандағыдай жазу болмаған дәуірде адам баласы өз ойын екінші біреуге суреттер арқылы білдірді. Жартастағы әр түрлі суреттер әсіресе, Айрақты тауларында көбірек кездеседі.

<sup>2</sup> М. Қашқари сөздігі. т. I, 1960, 89—91-беттер.

Мұндай суреттер ерте замандағы көшпелілердің өмірі мен тұрмысын бейнелейді.


Өз заманында Ш. Уәлиханов «Түркмендер туралы» деген мақаласында Маңғыстау түбегінде кездесетін кейбір суреттерге де мән берген болатын<sup>3</sup>.

Құлпы тастар ерте заманда түркі тайпалары қолданған балбалдардың өзгерген түрі. Балбалдарды ескерткіштер ретінде VI—VIII ғасырдағы түркі тайпалары да, оғыздар да, қарлұқтар да, қыпшақ-половцы лар да кеңінен қолданды.

Орта Азияға мұсылман дінінің бірте-бірте еніп, кең өріс алуына байланысты жанды нәрселердің суреттерін бейнелеуге тыйым салынды. Сөйтіп, бұрынғы балбалдар орнына енді құлпы тастар пайда болды. Құлпы тастарды «тастан түйін түйген» шеберлер жасады. Құлпы тастар жасалу түріне қарай әрқилы. Олардың алғашқы түрі ешбір өрнексіз, жазусыз бағана тас түрлерінде орнатылды. Кейінгі жетіскен түрлері — төрт қырланып, жан-жағы әр түрлі өрнектермен безелді. Бір құлпы таста кездесетін өрнектер екінші бір құлпы тастарда кездесе бермейді. Бұған қарағанда, шеберлер үнемі ізденіп, өз мамандықтарын жетістіріп, дамытып отырған.

Маңғыстау түбегінде, әсіресе, араб жазуымен жазылған ескерткіштер өте көп кездеседі. Кейбір жазулар түркі тілдерінде жазылса, енді біреулері қазақ тілінде жазылған. Бұған үлгі ретінде сол Маңғыстаудан табылған қобди бетіндегі жазуды ұсынамыз.

Қобдишаның суреті:



<sup>3</sup> Ч. Ч. В а л и х а н о в. Собрание сочинений, т. 3, Алма-Ата, 1964, стр. 161.





Ондағы жазу:

Аршубо Қобди Құл  
Бәйменбет Қырымқұл  
Қыдырша Оғлы

Жазудың оқылуы: Ұшбу қобди құтлығ болғай Қырымқұл, Қыдырша-оғлына.

Текстегі Қырымқұл, Қыдырша деген кісі аттарына қарағанда, қобди тарихта аты белгілі Бәйменбет бидің әкесі Маямен бірге туысқан Қырымқұл мен Қыдырша ұрпақтарына арналып жасалған. Өйткені, адай тайпасының ішінде Әнет деген кісінің Бабақұл, Мая, Қырымқұл, Қыдырша, Қоштан, Төлеп деген балалары болғаны анық. Оның үстіне Маңғыстау мен Үстірттегі көптеген сағана тамдар мен күмбезді тамдарды осы Қырымқұл ауылынан шыққан шеберлер жасаған. Осыған қарағанда, бұл қобди да сол ауыл шеберлерінің қолынан шыққан үлгі екені байқалады.

Г. Г. МУСАБАЕВ

### О ПАМЯТНИКЕ КЮЛЬ-ТЕГИНА

Значение «Памятника в честь Кюль-тегина» трудно переоценить. Эта находка открыла перед учеными-востоковедами и востоковедением целый неведомый мир, о чем было очень много сказано в отечественной и европейской литературе (в частности, в прошлом столетии).

Особенности данного памятника (и подобных ему) выявляются, прежде всего, в его автохтонности, которая включает в себя специфику того народа, которым он создан. Поэтому данный памятник является эталоном для изучения любых языковых факторов в историческом аспекте для всех тюркских языков. Первая особенность текста состоит в том, что, несмотря на отдаленность времени, надписи (в сравнении с современными языками) с лингвистической точки зрения не имеют больших изменений ни в фонетическом (за исключением чередований, усечений, перемещений), ни в грамматическом строе, хотя сочетания слов применяются несколько примитивно.

Вторая его особенность — аутентичность, так как памятники письма сами являются первоисточником, бесспорным документом, как говорится, фактором № 1 в изучении истории ушедших эпох. В нем наряду с языковыми фактами имеется ряд ценных исторических сведений о той эпохе, когда надпись была высечена на камне.

Об этом памятнике почти за сто лет написано бесчисленное количество трудов на разных языках о са-

мых различных его особенностях, разнообразных толкованиях. В том числе рассматривался вопрос о стиле и форме письма. Однако прав был академик В. В. Бартольд, писавший: «Помимо своего лингвистического значения надписи имеют не меньше значения и для историков, как рассказ турок VIII века о себе, во многом дополняющий сведения источников. Необходимо однако помнить, что хотя со времени открытия... надписей прошло уже более 100 лет, дело разбора далеко не закончено, и толкование многих мест остается спорным»<sup>1</sup>. О спорности некоторых мест древнетюркских памятников письма говорил и современный исследователь С. Г. Кляшторный<sup>2</sup>.

Однако он пишет, что «текст надписей — не просто запечатленный на камне устный рассказ, а творение мастера, обладавшего незаурядным дарованием и тонким чувством языка историографа и панегириста царствующей династии второго Восточнотюркского каганата»<sup>3</sup>. Оставляя открытыми другие спорные моменты, нам хотелось бы высказать свое мнение о форме изложения большой надписи «Памятника в честь Кюльтегина».

Одним из спорных моментов был вопрос о форме древних надписей: о том, что памятники древнетюркской письменности, особенно орхоно-енисейской, написаны стихотворной формой, ямбическо-трохейческим строем. По данной проблеме давно уже высказал свое мнение один из маститых ученых академик Ф. Корш, который писал, что «самая своеобразность такого ритма свидетельствует в пользу глубокой древности 7-сложного и 11-сложного стихов, и притом именно этого, а не трохейческого строя»<sup>4</sup>, что «употреблялся повсеместно у турок».

Далее он замечает, что «стихов — то ямбического

---

<sup>1</sup> В. В. Бартольд. Современное состояние и ближайшие задачи изучения истории тюркских народностей. Баку, 1926, стр. 4.

<sup>2</sup> См. С. Г. Кляшторный. Древнетюркские рунические памятники. М. — Л., 1963.

<sup>3</sup> Там же, стр. 64.

<sup>4</sup> Ф. Корш. Древнейший народный стих турецких племен. «Записки Восточного отделения. Императорского Русского Археологического общества», том XIX, вып. II—III, СПб., 1909, стр. 162.

склада со стяжением внутри, то трохеического, состоящих из законного числа слогов (7) или как бы удлинённых триолями — можно найти бесконечное множество»<sup>5</sup>. Замечательно то, что Ф. Корш признает надпись стихотворением, написанным по определенной системе стихосложения.

Эта особенность была замечена и А. Б. Бернштамом, который характеризовал ее как «надпись былинного характера»<sup>6</sup>, но ничего определенного не сказал о форме надписи.

Тюргешского кагана при-  
ехал  
Макрач — хранитель пе-  
чати.  
И хранитель печати Огуз-  
Билге.  
От киргизского хана при-  
шел

Тардуш Ынанчу Чор  
келті.  
барқ етгучі,  
Бедез йаратыґма  
Бітіг таш етгучі  
Табғач қаған чықа-  
ны  
Чаң-сеңүн келті.

Чур-тардуш — Ынанчу.

Соорудитель храма для  
Украшения здания, рез-  
чик надписей на камне.  
От кагана табгача и

Чанг-Сенгун пришли.

54. Күл-тегін қон йылқа  
иеті иігірміке учды.

Тоғузынч ай  
йеті отүзқа  
йоқ ертүртіміз.

Барқын бедізін,  
Бітіг ташын  
Бечін йылқа, йетінч  
ай,  
йеті отызқа қоп алқа-  
дымыз.

Күл-тегін өліп,  
қырқ, артұқы  
иеті иашиың болты.  
Таш бунча бедізчіг  
тойғұн  
елтебер келүрті.

Кюль-тегин улетел [умер]  
в год Овцы, в семнад-  
цатый день.

В девятый месяц,  
Двадцать седьмой день  
Мы устроим похороны.

Плиты [надгробное]  
Сооружение, резные [фи-  
гуры]

И камень с надписью [в  
честь] его

Мы все это освятили.

В год Обезьяны, в седь-  
мой месяц,

В двадцать седьмой день  
Кюль-тегин умирал соро-  
ка семи лет.

Камень...

Столь много резчиков  
привели тойгуны и эл-  
тебери.

## Ғ. МҮСАБАЕВ

### КҮЛ-ТІГІН ЕСКЕРТКІШІ

Елдің аты — ел ғой, мейлі ол көп болсын, мейлі аз болсын, оның басынан кешірген күндері мен түндері бар. Сонау көне дүниенің көлеңкесіне көміліп, кейінгі әулетке жеткізуші болмағасын, ол күндер мен түндер «көзден таса, көңілден шет» болып қала бермек қой.

Солай болғанның өзінде адам баласының ең ардақты табысының бірі — тіл. Ана тіл талай заманның бұлдыр бұлағына дейін өзінде сақтай отырады да ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, аманатқа қиянат етпей тапсырады.

Шіркін, ана тілді айтсаңшы! «Тағыны жетіп қайырып», «толғауы — тоқсан» құбылып, ананың ақ сүтімен, әлдиімен сананы сан саққа жүгірткен ана тіл ғой! Оның сан қилы қасиеттері де бар. Ана тіл кескілеген қылыштан, түйрелген найзадан да именбей, ақшаның алтыны да, гәуһар мен жақұты да онан арзан соғады ғой. Елді басып алуға, жерін ойрандауға, қанын ағызып, сілесін құртып, күлін көкке ұшыруға, қырып-жоюға болады екен де ана тілді кісендеуге, қамап құлыптауға әл келмейді екен. Орыстың дана ақыны әйгілі А. С. Пушкин айтады-ау: «тілдің өз еркі болмаса, басқыншының қара өрті де, қарулы қолдың қылышы да өктемдік ете алмақ емес»<sup>1</sup>. Ана тілді ардақтай білген Дағыстан ақыны Расул Ғамзатов: «егер менің ана тілім ертең құритын болса, онда менің бүгін өлуім керек»<sup>2</sup>, — дейді. Ана тілді ардақтай білген адал жанды алғыр ақыннан туған асыл сөз Отанын сүйген, елін сүйген әр ердің жүрегіне жол тапса керек.

Ана тілдің бүгінгісін айтсақ, ұлт мәдениетінің № 1-нші мәселесі деп аталуы да тегін емес. Өйткені оның ертеңгісін айту үшін, кешегісін білу қажет. Оны ескермесек, оған зер салмасақ, алдағыны айтуға ауыз бармас еді. Сондықтан еліміздің өткендегісіне бір дерек болған көне заманның күңгірт дүниесін бұлдыр тұманымен, тұңғық-түнегімен бізге жеткізген, сонау, түрк (Жетісу-Саян) хандығы заманында жасаған қарт ақын автордың тасқа қашап қалдырған «мәңгі тас» ескерткішін оқушыларға ұсынбақпыз.

«Күл-тігінге арналған жазба ескерткіш» 731 жылы өлген, асқан қолбасшы Білге қағанның інісі Күл-тігінге қойылған еді. Осыған, және оның әкесіне (тұғлық), әкесінің інісі Қапаған (Мчжо қытайша) қағанға арнап артындағы ағайын-туғандары күмбез салдырған. Моланың қабырғалары тұтас мәр-мәр тастан салынып, оған өлеңмен жүз шумақ екі ескерткіш жазғызыпты. Оның сөзін жазған, тасқа қашатуға сол тасқа

<sup>1</sup> А. С. Пушкин. Толық жинақ, X т., 1937, 32-бет.

<sup>2</sup> «Дружба народов», № 1, 1968, 122-бет.

сырмен өзі жазған адам — Жолы-тегін (Юлық-тегін) екен. Ол да осы хандардың ұрпағы екен, 732 жылы тасқа жазу жазып, күмбез сап болыпты.

Бұл жазу ескерткіші XVII ғасырдың аяқ шенінде мәлім бола бастаса да ол кездегі ғылымға баяулық салдарынан жүз жылдан кейін ғана академик В. В. Радловтың арнаулы экспедициясы жазу сырын ашады. Сол кезде жаңадан табылған белгісіз, иесіз жазуды біздікі деп, аласұрушылар да табылды. Біреулер бұл фин халқының ескерткіші, — деп (Аспелин И. Р. фин ғалымы) газет-журналдарында дүрліктіріп жатса, екіншілері бұл руна әліппесімен жазылған арийстердікі (Маркварт Ю. неміс ғалымы) дегенді желеу етті. Кейбір ғалымдар бұл орыс тілі ескерткіші деген де тұжырымға келді, бірақ жазу сыры ашылған соң әркімнің шындыққа көзі жетті.

Бұл ескерткіш таңбалары біздің ата-бабаларымыздың сурет өнерінен шыққаны анықтала бастады. Оған кейінгі кездегі біздің эпиграфикалық экспедицияның материалдары айғақ бола алады. Бірер мысал айта кетелік:

1. Сырдария бойынан табылған кірпіш жазбасы біздің заманның I ғасыры мен біздің жыл санауымыздан бұрынғы II ғасыр арасы екенін анықтады. Бұл ашу ісі Қазақ ССР Ғылым академиясының «Хабаршысында» жарияланған (1966, № 6).

2. Кеген ауданы (Алматы обл.) Қарқара совхозының жеріндегі мүсін, табылған ескерткіш осыдан 2500 жыл бұрын болып өткен Алаша ханға арналған (автордың Қазақ ССР Ғылым академиясы «Хабаршысының» 1967, № 3 мақаласын қара). Бұл да осы көне түркі алфавитімен жазылған. Ендеше бұл әліппені жергілікті түркілерге қимамай, арамей алфавитінен ауысты деп, болжал айтушылар әлі-ақ шындыққа жүгінбек.

Сөйтіп, Күл-тігіннің өзі кім? Түркітер кім? Олардың ұрпағы кім? — деген сұрауларға талай ғалымдар 100 жыл бойы сан саққа жүгіртіп, шешуші пікірге келе алған жоқ. Оның елеулі себептері бар еді.

Біріншіден, «Орта Азия мен қазақ сахарасында мәдениет ошағы болған жоқ, әсіресе қазақ елі — көшпелі халық, қоныстан қоныс іздеп, тұрақтай алмай ауытқып, бір онда, бір мұнда кетеді, жартылай тағы дегенді желеу еткен өткен ғасырдағы буржуазиялық, әсіресе

неміс историаграфиясы айтып салды да, сол көзқарастың майлы күйедей талай зерттеушілерге жұққаны анық. Бұл кеселден күні бүгінге дейін арыла алмай, осы аурумен ауырғандар аз да болса, әлі де бар.

Тарихи деректердің өзін бұрмалап, қазақ жерінен табылған мұраларды әлі күнге не соғдаға (ирандық тайпа), немесе монғолға тели салады. Жазу Ираннан келді десе, нақты фактілер оба мен молалар, ескі қала мен қыстақ, қорғандар мен қорым тас, кешен т. б. қазақ атанған тайпаларға шендестірілмей, басқа біреулерге бере салынады.

Даусыз сияқты көрінетін ашық нәрселердің өзіне дау айтатынын қайтерсің? Біздің заманнан V—IV ғасыр бұрын ханданы, ханы болған ірі мемлекет үйсінді көзі көк, өзі сары болғанына қарап, біреулер фин халқының атасы десе, арийстер герман халқының атасы, біздің ұрпағымыз деп, көпе-көрнеу езеурейді. Күні кеше мархұм орыс профессоры Кюнер қытай тарихшыларының шалағай пікіріне арқа сүйеп, үйсіндер орыс халқының атасы деп жазған болатын. Үйсіннің өзі де, сөзі де сонау ел-мисақтан бергі қазақ екеніне (қазақ — атауы кейінірек болса да тайпа одағы ретінде атап отырмыз) сан түрлі дәлелдер бар. Кейбір ғалымдар Махмуд Қашқари, Баласағұн Юсуф сияқты мәдениеттің екі алыбын алыстағы ұйғырға бере салады. Бұлар шындығында ешқашан ұйғыр болған емес. Қожа-Ахмет Ясауидің діни көзқарасынан қорқып қазақ тарихшылары оны атай алмай жүрсе, өзбектер бұған біздің ғалымымыз деп жармасады.

Отырар қаласында туып, Бағдадта оқып, екінші ұстаз атанған (мұғалім сәни, бірінші ұстаз — деп Аристотельді атайды) Абу-Насыр-Әл-Фарабиді өзбектер алғысы келеді. Сонау есте жоқ, ескі заманнан Сырды сағалап, сан қалалар салғызған, осыдан 2 мың жылдай бұрынырақ (2200 ж.) жазу-сызуы болған, жарғыларың жаздырып, қазнада сақтайтын қаңлыны, қыпшағын қоса соғда (Иран) еді десе, үйсінді орыс десе оған не айта алар едің? Шынында орыс пен қазақ туыс болса, кім қарсы болады, қайта құп демейміз бе? Әңгіме тарихи фактіні бұрмалауда болып отыр ғой.

Сөйтіп, мұның бәрі буржуазиялық историография-

ның салдарынан еді. Онымен күрес үздіксіз болып тұратын құбылыс.

Екіншіден, қазақ интеллигенттерінің өздері де жете айыра алмау нәтижесінде тарихи адамдарды жалпы түрк халықтарына ортақ дей салатыны бар. Айталық Махмуд Қашқари деп аталатыны арабтың алыс шөл сахарасын кезіп, Дәмшықта (Дамаска) кітабын жазып отырғанда ол: — мен Барсыған қышлағынан едім, — дей алмаған. Барсығанды жұрт білмейді, Қашқар болса, ол күнде кемеліне келіп, толысып тұрған кезі, Бұрахан (Бура-хан), хараханидтер тұсы. Бүкіл Орта Азияны өзіне бағындырып, Жетісуды қамтыған болатын. Сондықтан Қашқар мемлекетінен едім деуі, өзі жек көріп отырған ұйғыр болғаны ма? Немесе бүкіл түркке ортақ космополит болғаны ма? Жоқ, бұл бекер!

Сондай-ақ Күл-тігін де космополит емес және русыз, тайпасыз, жалпы түрктік бола алмақ емес. Оған арналған жазба ескерткіште жолы (юлық-тегин) татар, татабы (монғол елдерінен), қырғыз, тоғыз оғұз, қарлық тағы басқаларын өздеріне қоспайды. Азербайжан, осман түріктері, бұлғар, печенег тағы басқасы ол маңда жоқ еді. Сондықтан Қазақстан жерінде сол дәуірде өмір сүргендер негізінен Жетісуда — түрк, он оқ аталатын.

Жырда он оқ, түргеш біздің түркіміз еді, — деп отырады. Соған орай сонау Монғолия жеріндегі шүйгінді мекен етсе де, қазақ болып бас құраған тайпаларға туыс екені күмән келтірмесе керек. Ендеше VII—VIII ғасырларда сол жерді мекендеген кімдер еді десек, керей, найман, арғын, уақ және кіші жүздің біраз рулары болатын. Бұлардың ішінен Сәнби деп, арғынды ғана кездейсоқ атайды, бірақ бәрінің ұлыс одағы түрк делінеді. Басқаша айтсақ, бұлар сияқты ірі ұлыстардың тарихта аталмауы мүмкін емес. Сондықтан жазудың иесін осы аттары аталғандар деп қарауға тиіспіз.

Ол кез лаңдатып елді шауып, шаңдатып жерді шауып, бес қаруын асынып, ұл — олжа, қыз — жесір деген шақ еді. Пайдалы ақсүйрікті тұңғықтың түбінен тартып, табиғаттың шиеленген түйінін шешкен данадан қара күштің иесін артық санап, өмірдің өрнегін найзаның ұшымен, алып қолдың күшімен шешкен заманды айтып отырмыз.

Алтай тауының арғы бетіндегі көптеген ұсақ елдер

бұрынғы көп жұрттың ауа жайылып, тозған көзінде мешеуліктен, әлде басқа бір жағдайда қалып қойғандар. Анау алыс Сібірдегі туыстар да қан тепкісінен, би мен бек өкімінен бе? Әлде қылыштың жүзінен бе? Қаша көшіп, табиғат көрін жаудың зәрінен артық көргендер еді.

Халық «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан десе», талай елу де, талай жүз де өтті. Монғолиядан ығысқандар жылжи келе өз бауырынан, өз елінен жәрдем тапты. Сол жазуды жазған ақын да найман, керей, уақ, тама, шекті т. б. тайпаларынан деп шама лауға тіл жақындығы дәлел бола алады.

Міне, сөйтіп, көне түркі жазу ескерткіші дегеніміз өз тіліміз екен. Оны біз біле алдық па? Жоқ, оны бірен-саран адамдар болмаса, жұрт біле бермейді, білу де оңай емес еді. Ол жазу алфавиті қолданыстан шығып қалғанына бір мың жыл болып қалды, ондағы сөздер негізгі мағынасын сақтаумен қатар даму барысында жаңарды.

### Текст туралы

Осыны ескере келіп, жүргішілікке таныстыру үшін екі жұмысты қатар жүргіздік. Ең әуелі, жолға бөлінбей тұтас, проза сияқты жазылған тексті өлең жолына бөлу оңайға түскен жоқ. Мұны поэзия тілімен жазылды деген жорамал айтылғалы табаны күректей жүз жыл болса да, қолға алушы болған жоқ. Бар болғаны академик Д. М. Позднеевтің революциядан бұрын төрт жол, бір ауыз айтқаны бар еді.

Біздің дәуірде бұл ескерткішті өлең жолына түсіруге талпынған Стеблеваның өлең жолы сәтсіздікке ұрынған. Оның ең басты себебі ескерткішті түп нұсқадан емес, транскрипция бойынша өлеңге түсірмекші болған. Сондықтан болса керек, оны поэзия емес, балдыр-батпақ бірдемеге ұқсатып жіберген. Оған сын айтып жатпаймыз, өйткені сын көтерерлік еңбек емес, ол туралы Л. Н. Гумилев<sup>3</sup> сынын қараңыз.

<sup>3</sup> Л. Н. Гумилев. Древние тюрки. М., 1967. 322-бетінде өлеңдік қасиет ырықты жоғалтқан — дегені. Стеблеваның тұрыста қатал сынаған.

1. Түркі халықтары поэзиясы ең алдымен әнге құрылады. Онсыз өлең болмайтынын ескермеген. Бұл ескерткіштер осыдан мың жарым жылдай бұрын жазылған дәуірді анахронизм етіп, бүгінгі поэзияға теңеуге келмейтіні анық. Бүкіл тексті байқасақ, он бір буын өлең атымен кездеспейді. Бір мұнда ғана емес, барлық ескерткіш тіліне тән құбылыс. Стеблеваның өлең жолын алсақ, 4 буыннан бастап, 16 буынға дейін болады деп, түсінбей, қалай болса, солай қате жорамалдайды.

Бұл қатеге ұрындырған тілдің қарасын танып, рухын түсінбеу болса керек. Халық ақындары буын санамайды, бірақ өлең өлшеуін, ырғағын біледі. Оның бір жолынан буын саны асып кетсе, я кем болса, өлең бұзылатынын Стеблевадан гөрі жақсырақ түсінеді. Яғни түрк тілдерінде өлең буын мен ырғақтан құрылатыны сөзсіз. Бұған ұйқасты қоссақ, өлең — онай жатқан дүние емес екені айқындалады.

Бұл мәселеге сонау тарихи дәуірдің шытырманьында толғау мен жоқтауды қабаттастыра, оған мақтау мен даттауды араластырып, жыр мен өлеңді кезек қолданған автордың шығармасында бізге жұмбақ жәйттер көп.

2. Дауысты дыбыс буын құрайды, бұны даусыз делік, ал дауысты дыбыстың өлең жолындағысының бәрі буын жасай ма? Бәрі бірдей буын болып санала ма? Әсіресе, қысаң дауысты *ы*, *і* дыбыстарының өлең-жыр буынын жасаудағы орны қандай? Бұл сұрауды анықтау қажет. Халық әдебиетінен бір мысалды қарап көрейік:

Жеті жыл бірдей күткен ата-анам — 11 дауысты.

Бар ма еді маған деген өкпе-панан — 12 дауысты.

Алғашқы жолдағы 11 дауысты 11 буынға сай келеді де, соңғы жолдағы 12 дауысты дыбыс 11 буын жасайды, бірақ сан жағынан біріне-бірі тең емес, бір дауысты артық тұрған сияқты. Грамматика тұрғысынан 12 дауысты, яғни бұл — оның орфографиясы; орфоэпиясы — 11 дауысты, демек өлеңдік буынды орфоэпия жасайды екен!

Соңғы жолдан бір дауысты дыбыс артық екен, сонда қайсысы бас артық тұр десек, сөз арасында тоғысқан екі а дыбысының бірін түсірсек, өлең ырғағына нұқсан келіп, 10 буынды жол болып қалар еді.



Ата-ана ақ батаңды аттап кеттім,  
Тентек ел талқысына тастап кеттім.  
Туған жер, енді есен бол! —

дегенде *ата-ана* сөзінен ортадағы бір а айтылуда түсіп қалып тұр, мұнда оның басы артық. Оның үстіне, қазақ орфоэпиясы дауыстыға сөз бітіруді ұнатпайды. Оларды дұрыс айту жұрттың бәрінде бірдей емес, жұрттың бәрі Серке Қожамқұлов емес. Сондықтан алғашқы мысалдағы *ата-ана* сөзін айтқанда екі сөздің арасына іркіс (пауза) жасайтын у, в алуандас дыбыс пайда болады, соңғы мысалдағы ата-ана түйдек айтылып, бір өкпінге бағынады, ырғақ түсетін буын бөлек, дауысты дыбыс сақталады, ашық, қысаң дауысты екеніне қарамайды. Алғашқы мысалдағы:

*Бар ма еді — Бар м еді* болып, а дауысты түсірілсе, соңғыдағы: *ақ батаңды аттап кеттім*-нен ы дауыстысы түсірілмей айтылуы — ырғақ осы ы буынына түседі. Осыны көре білген Абай өлең жазу техникасына тамаша батыл қолданған.

Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол,  
Қаза көрген жүрегі жаралы ол, —

дегеннен *кісісі өлсе і* түсірілсе.

Шешен де өткен не бұлбұл,  
Көсем де өткен не дүлдүл

ырғақ түспейтін, басы артық е түсірілген.

Өлең жолында екі сөздің дауысты дыбыстары тоғысқанда түсу я түспеуі ырғақты өкпінге байланысты. Бұл қағида ямба, анапест қағидасынан гөрі мықтырақ. Ямб — бір я екі буынның өкпінсіз болып, үшіншіге өкпін түсіре жасалуы болса, анапест, 3 буыннан жоғары қарай. Бұл теория сөздің тұтастығын бұзып, белгілі өлшемде өкпін жасайды. Бұған біздің тіліміздегі өлең шығару тәжірибесі көнбейтін тәрізді. Оны әдебиет теориясымен шұғылданушылар үлесіне қалдыра тұрамыз.

3. Қысаң дауысты ы, і дыбыстары өлең теориясында ерекше көңіл аударуды қажет етеді. Өйткені бұл дыбыстар — түркі тілдері поэзиясының таптырмайтын қоры. Оның кереметі — (факультативтілігінде) жүр-

дектігінде. Оны қажет болса, қоса салып, артық болса, алып тастаса да поэзиялық жолдар ешбір кемшіліксіз баз-баяғы қаз-қалпында қала береді. Бірақ бұл құбылыс сөзге қарай, қандай сөзде орын алады, қай сөзде оны істемеу керегі өлең авторына айқын. Мысалы:

Аулым қонған Сырымбет саласына, —  
дегенмен:

Ауылым қызыл шілік саласында —  
дегеннің алғашқысында — ауыл сөзіндегі **ы** түсірілмесе, буын артылады, екіншісінен **ы** дыбысын түсірсең, буын жетпей қалады, өлең өлшеуі бұзылады.

Осы ерекшелік те орхоннан табылған көне түркі тілі ескерткішінде кездеседі. Мысалы:

1) *Ол емті анық йоқ* — Ол енді анық жоқ

2) *Едгүті есід* — (2 шумақ Күл-тігін)

«Ол енді анық жоқ» деген тіркестегі дауыстылар тоғысы бола тұрса да дыбыстың түсірілмей айтылуы ырғақ *енді* сөзінің соңғы буынына түскендіктен еді. Сол сияқты **2, 3 мысал да** түсірілмей сақталады.

*Бұнча йерке тег (і) иорытдым* — дегендегі *тегі* сөзінің **і** дыбысы түсіріліп, 8 буын болған. Өйткені басқа жолдар да 8 буынды өлең. Сол сияқты *игі еді* дегеннен **і** түсіріліп, *иг-еді* болып оқылса, бұл да буын санын шумақтың басқа жолдарындағы өлшемге дәл келтіреді.

Әрине, бізге жазу таңбасы келіп жетті, бірақ олар қалай оқылды, қалай айтылды, дыбысталуы белгісіз. Біз өлең жүйесіне, техникасына, ыңғайына қарай заңдылығына негіздеп айтып отырмыз. Мұқият қараған адамға өлең ырғағы, екінді буын, кідіріс (пауза) музыка нотасы сияқты өзі айтып тұрады.

1) Едгу білге кісіг

2) Едгу алып кісіг (6-шумақ), —

дегендегі *алып* сөзі С. Е. Маловта, тағы басқаларда бір буын, бір екпінмен *алп* деп жазылған. Осы сөздің екі буын екенін оның алдында тұрған жол айтып тұр. Ол жолда 6 буын бар. 2-нші жолда да 6 буын болуға тиіс. Егер *алп* бір буын болса, бұл жолда 5-ақ буын болып, біреуі жетпейді. Ол қайда? Әрине ол осы *алып* сөзіндегі **ы** дауыстысы.

4. Бұл жырдың тағы бір ерекшелігі — қайырма кездесуінде. Қазіргі тілімізде сирек болса да ұшырасатын *-еміс* (еміш), түбірі е етістігі, жұрнағы *-мыс* (-міс), *-мыш* (-міш). Осының көне түбірі — *ер* көмекші етістік өлеңнің қайырмасы да болып, анда-санда ұшырап отырады. Осы етістікке ұйқас 5—7-нші шумақтарда қолданылған.

Сөйтіп, заманы алыс ата-бабамыздан қалған асыл мұраны ұрпаққа жақындату ниетінен туған алғашқы тартуды алдарыңа салып отырмыз. Ер қосы жүре түзелмек қой, бұған ақын-жазушылар, әдебиет тану мамандары ат салысса, артығы алынып, кемі толтырылып, қалыпқа түсер деген үміттемін. Бұдан бұлайғы істер — мұрагер жастар, сөздердікі!

### Күл-тігін ескерткіші (кіші жазу)

1. Тәңрі тег тәңріде бол-  
мыш

Түрк білге қаған  
Бу өдке олуртым,  
Сабымын түгеті  
Есідгіл ұлаю,  
Іні-йігіенім, оғланым!  
Берікі оғушым, бу-  
дуным,  
Берие шад, апат бег-  
лер,  
йырая тарқат, бұй-  
рық беглер!  
Отуз

2. Тоқуз оғуз, беглері,  
Будуны, бу сабымын  
Едгүті есід,  
Қатығды тыңла!  
Ілгері күн тоғсықыңа  
Бергеру күн ортасың-  
ару,

1. Тәңрі текті тәңірде<sup>1</sup>  
болған

Түрк білгір қаған  
Бұ тақта отырған,  
Сөзімді түгелден  
Естіңдер тұтасқан,  
Іні-жиенім, ұланым!  
Бергі жақын, бода-  
ным!  
Оңдағы аға, шад бек-  
тер,  
Солдағы тарқан, бас  
бектер.  
Отыз...

2. Тоғыз оғыз бектері  
Боданы, бұл сөзімді  
Есітіңдер түгелден  
тыңдаңдар көңіден.  
Ілгері<sup>2</sup> күн тұғсында,  
Оңдағы күн ортасын-  
да,

<sup>1</sup> Тәңрі — 1) аспан, құдай; 2) көк аспан.

<sup>2</sup> Ілгері — шығыс, құрғары — батыс, йырғары — терістік (жырақ деген сөз), бергері — түстік (бері).

Құрығару күн батсы-  
қыңа,  
йырғару түн ортасың-  
ару,  
Анта ічрекі будун  
көп  
М(аңа көрур).

Қырғары күн баты-  
сында,  
Солдағы түн орта-  
сында<sup>3</sup>,  
Тұратын онда бодан  
көп  
Аз еліңді еттім көп,

3. Анча будун көп ет-  
тім,  
Ол емті анығы йоқ,  
Түрк қаған, Отекен  
йыш  
Олурсар, елте бұң  
йоқ.  
Ілгеру Шантұң йазы-  
қа  
тегі сүледім,

Шадыман оны еттім  
топ.  
Өтекенде<sup>4</sup> түрк қаған  
Еліңде онда мұңың  
жоқ,  
Ілгері Шан-тұң жа-  
зыққа<sup>5</sup>  
Дейін қолды жүргіз-  
дім.  
Жетпеді аз-ақ теңіз-  
ге<sup>6</sup>,  
Ондағы тоғыз Ерсең-  
ге<sup>7</sup>  
дейін қолды өргіздім.

Талуйқа кішіг тиг-  
медім.  
Бергеру тоқуз ерсен-  
ке  
тегі сүледім,

---

<sup>3</sup> Түн ортасы — терістік; күн ортасы — түстік; оң жақ деп түстікті айтса, оны қадір тұтып, аға санайды екен. Текстегі бергі шад, апыт беглер (8-нші жол). Бергі (ондағы) — оң жақтағы — Шад-хан тұқымына берілетін *ханзада*, *шахзада* деген атақ. *Апыт* осы сөзге В. В. Радлов та, П. М. Мелиоранский де, В. Томсен де күмәнданған. Малов, бұл екеуін қос сөз етіп: *шад-апыт* деп, транскрипцияда жазса, түсінігінде *шад-апыт*, оны жақшада *шад-апа-т* — деп дұрыс болжал айтқан (ПДП, 51-бет). *Апа* — үлкен, *аға* — деген сөз екеніне марқұм С. Е. Малов бекер толқыған. Бұл сөз *апыт* емес, *апат* түп — нұсқада жоқ таңбасын қосқан (Радлов атласын қара, ХСІХ).

<sup>4</sup> Өткен көне тарихта 15 шақты Өтеген аталады. Бұл арада айтылып отырған Өтекен (Өтеген) орхон өзенінің бас жағы Монғол Халық Республикасында, бұл бір кездерде керей, арғын, уак, найман жерлері болатын. Орманды, өзенді, шүйгін жер. Түрік хандығының орталығы сонда болған.

<sup>5</sup> Қытайда Пекиннің түстігінде, Сары өзеннің Корей теңізіне құятын жеріне жақын кең жазық.

<sup>6</sup> Теңіз — Корей теңізі.

<sup>7</sup> Монғолияның оңтүстігінде, атақты құм ғобы (Гоби) мен Тибет арасында болған 9 өзен халқы.

Төпетке кішігі тигмедім.

Құрғару йенчу үкіз,

4. Кече, Темір Қапығқа тег суледім.

йырғару йер Байыр-  
қу  
йеріңе тегі суледім.

Бұнча йерке тег йорыдым

Өтекен иышда игі еді  
йоқ ерміш.

Елі тұтсық ер  
Өтекен йыш ерміш.  
Бу йерде олурып,

5. Табғач будун бірлә түзелтім.

Алтун, күміш, ісігті  
Құтай бұнсыз анча берур.

Табғач бұдын —  
Сабы сүчіг  
ағысы юмшақ ерміс.

Сүчіг бабын,  
йымшақ ағын  
ырақ будунқа  
Анча йағытур ерміс.  
йағыру контұқда  
Кесре анығ білік  
Анта ұйур ерміс.  
Едгу білге кісіг,  
Едгу алып кісіг  
йорытымыз ерміс.

Тибетке аз-ақ тимедім.

Қырғары янжу су<sup>8</sup>  
кечіп,

Темір қақпаға  
дейін жорық жүргіздім.

Солтүстік жер байыр-  
қы  
жерін басып кіргіздім.

Бұнша жерге жортқаным,

Өтекен жерін көгерткен  
Ен тумаған ел екен.

Өтекеннің өлекесі  
Ел құрайтын жер екен.  
Осы жерде-ақ отырып,

Менімен табғач жарасты.

Алтын-күміс, шарапты  
Аяусыз құт беретін

Табғач та ол ел екен.  
шырын тілін  
асыл бұлын  
аямайтын ел екен

Майда сөзбен,  
Асыл бөзбен  
жырақ елді өзіне  
сатып алам дер екен.  
жақындасқан халқына  
Сонда былай дер екен.  
Анық біліп артынан,  
Ізгі білгір кісісі  
Ізгі алып кісісі  
шықпайтұғын жер екен.

<sup>8</sup> Сырдарияны осылай деп те атаған.

бір кісі яңылсар,

Оғышы, будны  
Бесікіңе тегі  
Қыдымаз ерміш  
Сүчiг сабыңа,  
йымшақ ағысыңа  
Артұрып үкіс  
Түрк қаған өлтіг.

Түрк будун үлесікің.  
Берие чұғай йыш тө-  
гіл

7. Түн түгілтің язы қо-  
найын тисер,  
Түрк будун үлесікіг.

Анта аныг кісі анча  
Башғарур ерміс.  
«Ырақ ерсер,  
ябылақ ағы берур,  
«Яғұқ ерсер,  
едгі ағы берур» —  
тып, анча башғарур  
ерміс,  
білік білмез кісі ол

Сабығ алып, йағру  
барып,  
Үкіш-кіші өлтіг!

Ол йерғару барсар,  
Түрк будун өлтечі  
сен.

Отукен йер олурып,

Арқыш-тіркіш ысар.  
Нең бұның йоқ

бір кісісі жаңылса

тайпасы да, елі де,  
соңынан ерер жарыса,  
баласы да, ері де.  
алданып сөзіне,  
жалданып бөзіне  
тобыңменен қырсықтың  
Ханыңды жойдың, түрк,  
өзің де,  
Түрк, бодан сабылдың,  
Табғашқа шұбап ағыл-  
дың,

Шұғай<sup>9</sup> тұрсын алыстан

Тоздың, түрк бодан, не  
қылдың

Азғырған сені айдаған  
Айтар сөзі алдаған:  
Жырақ екен  
жаманын берер олжаның  
жуық екен  
жақсысы тиер олжаның»  
— деп, сені ол азғырар,

Біліксіз сен деп жазғы-  
рар.

Тілін алып, жақын ба-  
рып,

Тұқымың сенің қаңғы-  
рар!

Жырақ жерден көшпегін,  
түрік елі құрысың.

Өтекенде отыр көңлің  
тоқ

іркес-тіркес керуен  
Жіберсең де мұның жоқ.

<sup>9</sup> Шұғай болмаса — Шығай, ішкі Монғолиядағы жер аты.

Өтукен йыш олурсар.  
Бәңгу ел тұта  
олуртачы сен,  
Түрк будун, тоқ,  
арық оқ сен,  
Ачсық-тосық өмәз  
сен.  
Бір тодсар, ачсық  
өмәз сен.  
Анта ағыңын

9. Учун игі едміш  
Қағаның сабын алма-  
тың.  
йер саю бардұғ,  
Көп анта Алқындығ,  
арылтығ.  
анта Қалмышы йер  
саю қоп  
Туру-өлу йориор  
ертіг.  
Тәңрі ярылқадығы  
үчун  
Өзіме құтым бар  
үчун  
Қаған олуртым.  
Қаған олурып, йоқ  
чыған

10. будунығ коп қобы-  
ратдым.  
чыған будунығ бай  
қылтым,  
Аз будунығ үкүш  
қылтым,  
Азу бар ма бу са-  
бымда  
игіді барғу?  
Түрк беглер, будун  
бұны есідің!  
Түрк (будунығ) теріп

Ел тұтсықыңын  
бұнта ұрытым

Өтекен жерде серуен  
Мәңгі өлмейсің,  
осыны ұқ.  
Тоқсың ғой, түрк,  
аш емессің,  
Аздым-тоздым мен — де-  
мессің!  
Бір тойсаң, есің шығады.

жинап сені ел еткен  
Ханның тілін алмадың.

тіл алмай бұзық сондағы  
қырылған босып, жолда-  
ғы  
сүйегің қалды шашылып,  
бытырап елің мұндағы,  
жарылғап тәңрім сол  
үшін,  
өзімде құтым мол үшін.  
отырмадым мен таққа  
хан болып елге сор үшін.

көп елдің басын құра-  
дым,  
кедейін бай қып бұла-  
дым.  
аз елің құрап, көп еттім

жалғаны бар ма сөзім-  
нің?  
Айтшы, сенен сұрадым!  
Түрік елінің бектері  
мұқият мұны тыңдағын,  
түркі елін жинадым,  
енді саған силадым.  
Достығыңнан арылма  
Бытырасып жаңылма

Яңлыш үлескіңиң

Яма бұнта ұртым  
Неңнен сабым ерсер  
Бәңгү ташқа ұртым.  
Аңар көре білің.  
Түрк емті будун, бег-  
лер,  
Бөдке көрігме, бег-  
лер!  
игу яңынтачы сиз?

мен бәңгү таш (ұры-  
тым)  
Табғач қағантa бәдіз-  
чі  
Көлуртім, бәдізтім.

Менің сабымын сы-  
мады  
Табғач қағаның ічре-  
кі  
Бәдізчі ытыд аңар  
адыншық  
Барық йаратуртым  
ічін-ташын адынчығ  
Бәдіз ұртұрдым  
Таш тоқытыдым  
көңүлтекі сабымын  
Ү...  
(он оқ оғлыңа)  
татыңа тегі  
Бұны көру білің!  
Бәңгү таш...

Өлесілеріңді жаңылған.  
Қайта жидым қаңғырған.  
саған мен тас жаздым.  
Нәрі болса сөзімде,  
Мәңгі тастан<sup>10</sup> көрерсің,  
Соған қарап білерсің!  
Енді еліме сен, бектер

қараған таққа көп, бек-  
тер!  
Ауырма — деп, азба, —  
деп,  
міне мәңгі тас жаздым.

Бәдізчі<sup>11</sup> табғач елінен  
Келтірдім мен шеккіз-  
дім.  
Бұзбай менің сөзімді ер  
Табғачтан келген тас ше-  
бер  
Шекті, тасқа жабайы,

соққыздым там арнайы.  
іші-тысын сәнді етіп,  
оюлатқан сарайы  
Тастан салдым безетіп  
Ойымды айттым сөз етіп

он оқ ұлың (туысым).  
татыңнан<sup>12</sup> тұр күзетіп.  
мұны көріп, сен білің  
бұл мәңгі тас (өргенім).

<sup>10</sup> Мәңгі тас — тас ескерткіш, бұл жерде Құтлығ, Қапаған хандар мен қолбасы Күл-тігінге арнайы салынған мавзолейді айтып отыр. Оның үстіңгі жағы құлаған. Қабырға тастары әлі бүтін, ішінде ою суреттер бар, екі рет аршылып, тексерілген Кочо-қайдам қыстағы қасында, Орхон өзені жағасында.

<sup>11</sup> Бәдіз тас шабу өнері.

<sup>12</sup> Тат — Махмуд Қашқари лұғатында дұшпан мағынасында. С. Е. Малов азат етілген, — делті. Бұл жерде «он оқ ұғлынан татыңа дейін» дегенді — «өз туысыңнан жауыңа дейін, түгел» деген мәнде.



тоқытдым бу еріг  
Ерсер...  
емтіңе еріг  
йырта ерсер анча еріг  
йырта бөңгү таш  
тқытдым  
аны көріп, анча бі-  
лің!  
ол таш (юллығ бен)  
тоқытдым  
бу бітіг бітігіме  
Атысы Юллығ-тегін

тоқытқан оны мен ерің!  
Егер...  
ендігі ақылым  
Сарықпай онша ақылды,  
Торапқа тас тоқылды.  
оны көріп, онша білің!  
Бұл тасты қойған менің  
бұ жазу жазғар менің  
Атым ед Юллығ-тегін.

### Ғ. АЙДАРОВ

#### ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ АТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЕСКЕРТКІШ ТУРАЛЫ

1956 жылы монғол ғалымы А. Лувсандэндэв Шыңғыс ханның атына байланысты ескі түркі орхон-енисей жазуымен жазылған жаңа ескерткіштің табылуы жөнінде мақала жариялады <sup>1</sup>.

Көп кідірмей-ақ А. Лувсандэндэв бұрынғы Монғол Халық Республикасы Ғылымдар комитетінің Тіл және әдебиет институтының директоры Б. Ринчэнмен бірге 1957 жылы Мюнхен қаласында болып өткен дүниежүзілік Шығыс ғылымдарын зерттеушілердің XXIV конгресінде осы жаңа табылған ескерткіш жөнінде баяндама жасады <sup>2</sup>.

Шыңғыс ханның атына байланысты ескерткіш туралы жаңа хабар көптеген ғалымдардың назарын өзіне еріксіз тартты. Ескерткіш туралы бірсыпыра мақалалар

<sup>1</sup> В. R i n t c h e n. La mention du de Cinggis Qagan en écritura des turcs d'Orkon «XXIV international Orientolisten — Kongress Arbeitsplan und Mitgleider — Verzeichniss». München; 1957, S 42.

<sup>2</sup> А. Л у в с а н д э н д э в. Шинээр олдсон нэг тюрк битээсийн тухай; А. Л у в с а н д э н д э в. Об одной новонайденной тюркской надписи. Улан-Батур, стр. 1—5 монгольский текст, 6—7 русский текст.

да жазылды<sup>3</sup>. Қысқасы, Шыңғыс хан туралы жаңа табылған ескерткіш аз уақыттың ішінде дүние жүзіне тарап та үлгерді.


Кейінгі жылдарда көне түркі, оның ішінде орхон-енисей ескерткіштерімен шұғылданушылардың саны да біраз артты. Өткен 5—10 жыл ішінде оннан аса жас ғалымдар жетісті. Олар орхон-енисей ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктері жөнінде көптеген ғылыми мақалалар жазып, диссертациялар қорғады.

Бұрын тек Москва және Ленинград сияқты қалалардағы жоғары оқу орындарында оқылатын «Көне түркі жазулары» атты курс енді Қазақстан, Қырғызстан, Түркменстан, Азербайжан және Башқұрт АССР-і республикаларының кейбір жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде арнаулы курс түрінде оқыла бастады. Мұның өзі қуанарлық жәйт. Осыған лайық ұлттық кадрлардың да саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Тек бір Қазақстанның өзінде орхон-енисей жазулары бойынша 5—6 жас кадр шұғылданады. Олар орхон-енисей ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктерін зерттеумен қатар, эпиграфикалық экспедицияларға қатысып, жаңа табылған ескерткіштердің дұрыс оқылып, танылуына да мән беріп отырады. Солардың бірі — осы шағын сын мақаланың авторы. Автордың пікірінше, «Шыңғыс ханның» атына байланысты жарияланған ескерткішті қайта оқу керек. Өйткені, ескерткіш дұрыс оқылмаудың салдарынан ешқандай қатысы жоқ Шыңғыс ханның атына байланысты теріс оқылды. Ол күні бүгінге дейін солай оқылып, солай танылып жүр.

Монғол ғалымы А. Лувсандэндэв өзі тапқан ескерткіш жөнінде былай деп жазды: «Камень овальной формы, черный, имеет длину 3,3 см, ширину 2,2 см, толщину 0,4 см. С правой стороны он имеет отверстие для поддержки шнура. Края отверстия гладкие... На первой строчке лицевой стороны (фото 1) написана: Чингиз, на второй: қаған. На первой строчке тыльной стороны (фото 2): алп қаған, на второй: ерміс. Весь текст состоит из одного предложения: **Чингиз қаған — алп қаған ерміс** — «Чингиз каган был — могущественный каган»<sup>4</sup>.

<sup>3</sup> С. Г. Кляшторный. К вопросу о подлинности древнетюркской надписи с именем Чингиз хана. «Проблемы востоковедения», 1960, № 1, стр. 173—175.

<sup>4</sup> А. Лувсандэндэв. Жоғарыда аталған еңбек.



Енді ескерткішті талдап көрейік. Алғашқы суретте **Ч І Ң З Қ Ғ Н** таңбалары бейнеленген. Оның

транслитерациясы: Ч І Ң З Қ Ғ Н. Тексттің транскрипциясы: еЧ іҢ із Қа Ғ а н. Оқылуы: ечіңіз қаған. Аудармасы: Тегіңіз қаған: «Ваши предки каган».

Ечі, ечу «...имеет очень широкое нерасчлененное значение старший родственник. В такое широкое понятие может входить ряд более частных конкретных понятий родства, дифференциация которых в далеком прошлом, очевидно, не была необходимой»<sup>5</sup>.

Өз пікірімізді толықтыру үшін орхон-енисей ескерткіштеріндегі кейбір фактілерге жүгінейік. Алғашқы сөздің *Чіңіз* емес, оның *ечіңіз* екендігіне мысалдар келтірейік.

ЧНЛ  
 ЕЧНГІГЛ  
 ГҮГЛ  
 ЧЧГЛ  
 ЧЧНЧГЛ

ечүм — менің тегім, ата-бабам — мои предки (КТб. I, 13).

ечісін тег — тегіндей, тектес — подобные предкам (КТб. 5).

ечілі — текті, ата-бабалы — имеющие предки, отцы (КТб. 6).

ечіміз — тегіміз — наши предки (КТб. 6).

ечім қаған — тегім қаған — мои предки каган. По Малову мой дядя каган (КТб. 24, 31, Онг. 4, Моғ. Ха. 9).

<sup>5</sup> Л. А. Покровская. Термины родства в тюркских языках. Сб.: «Историческое развитие лексики тюркских языков». М., 1961, стр. 8.

Біздің заманымызда орхон-енисей жазуларымен арнайы шұғылданған ғалым С. Е. Малов. Ол өзінің 1952 жылы жарық көрген «Енисейская письменность» атты еңбегінің 50-бетінде дәл жоғарыда көрсетілгендей таңбалар *еңіңіз* — сіздің тегіңіз (Ваши предки, Ваши старшие братья) түрінде оқығанын байқаймыз<sup>6</sup>. Дәл осындай таңбалардың *чңіз* емес, *еңіңіз* күйінде оқылғанын басқа да орхон-енисей жазуларымен арнайы шұғылданған ғалымдардың еңбектерінен анығырақ көруге болады<sup>7</sup>.

Сөйтіп, бірінші беттегі алғашқы сөз *чңіз* емес, бұдан былайғы жерде тек *еңіңіз* түрінде оқылуға тиісті.

Енді тастың екінші бетіндегі жазуға келейік. Мұнда екі сөз бар. Оны монғол ғалымдары қалайша үш сөз («алп қаған ерміс — был могущественный каган») түрінде оқыған. Ол дұрыс па? Әрине, дұрыс емес. Өздерің суретке назар салып қараңдаршы! Тастағы таңбалар:

оғул ерміс — ұлы еді. Сондықтан бұл

таңбалар тек қана *оғул ерміс* — ұлы еді түрінде оқылуы керек. Оның басқаша оқылуы тіпті де мүмкін емес. Оған дәлел:

оғул — ұл, сын (Онг. 4, Мч. 42, Кч. 5, Моғ. 24, КТБ. 24. 52).

Жоғарыда айтылғандарды қысқаша жинақтай келгенде, ескерткіш монғол ғалымдары айтқандай XIII ғасырдың басында өмір сүрген Шыңғыс қағанға емес, ол VI ғасырдың орта кезінде өмір сүріп, алғашқы түркі қағанатын орнатқан Бумын қағанның тұқымдарына арналған ескерткіш. Өйткені, VIII ғасырдағы орхон жазба нұсқаларында *еңіміз*, *еңүміз* — біздің тегіміз, ата-тегіміз күйінде ғана оқылған.

<sup>6</sup> С. Е. Малов. Енисейская письменность тюрков. М. — Л., 1952, стр. 50.

<sup>7</sup> W. Radloff. Die Alttyrkischen Inschriften der Mongolei Dritte Lieferung St Petersburg, 1895, S. 328, Inscriptions de l'Enisei recueillies et publiées par la Soc. finlandaise, d'Archéologie Helsingfors, 1889, tab. XIX; H. N. Orkun. Eski türk yazıtları, İstanbul, 1940, III, стр. 133.

Сонда тастың екі бетіндегі жазу

ИТ: ЈІУ: УІН: ЧУГА

еңіңіз қаған оғул ерміс — «тегіңіз (ата-тегіңіз) қаған ұлы еді» деген ұғым туады. Жазудың бұдан өзге оқылуы мүмкін емес.

Ескерткіштің Шыңғыс ханға арналмағанына тағы бір дәлел келтіруге болады. Орхон-енисей нұсқалары тек IX ғасырға дейін ғана қолданылды. Бұл жазулардың Шыңғыс хан дәуіріне дейін жетті деуге ешқандай дәлеліміз жоқ.

Мақаламыздың соңында ескерте кететініміз: орхон-енисей жазулары қалай болса солай оқыла беретін жеңіл-желпі жүйесіз жазу емес. Оны кез келген кісі бірден оқи алмайды. Оның өзіндік ерекшеліктері, таңбалардың бір-бірімен тіркес келетін және келмейтін ерекшеліктері, заңдылықтары бар. Сол заңдылықтарды ескермейінше, орхон-енисей нұсқаларын оқи қою оңайға түспейді.

Кездейсоқ табылған кейбір басқа жазуларды орхон-енисей жазуларына оң-оңай телушілік те орын алып жүр. Бұған жол бере беруге болмайды.

#### А. МАХМУТОВ

#### ТАС МОНШАҚТАҒЫ ЖАЗУ СЫРЫ


Түркі халықтарының «орхон-енисей», «талас» сипатты руникалық сызық жазуы өз заманында үлкен территорияны қамтыған. Бұл жазу ертеректе қағаз, ағаш, тас, кірпіш, қыш сияқты заттардан байқалып еді. Енді міне моншақты безеген ата-бабамыздың ежелгі жазуына да тап болдық. 1969 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институты ұйымдастырған экспедиция Шымкент облысындағы Бөріжар деп аталатын жердегі моланы зерттегенде, институттың ғылыми қызметкері Б. Нұрмұханбетов әдемі тастардан істелген мойынға салатын алқа тапқан. Алқа тізбегіндегі моншақ саны отыз екі.

1. Кішірек қара моншақ — жетеу.
2. Ірілеу ақшыл моншақ — жетеу.
3. Қызыл күрең сарғыш моншақ — он жеті.
4. Төрт бұрышты аспан түсті көк моншақ — біреу.

Моншақ топтарының әр түстілігі және олардың ылғи тақ сандардан құралуы тегін болмау керек. Ертеде түркі халықтары заттың түр-түсіне ерекше мән беріп, тақ сандарды киелі, шарапатты деп есептеген. Күл-тігіннің құрметіне қойылған ескерткіштегі үлкен жазуда Ілтеріс қағанның жеңімпаз әскерінің саны алғашқыда он жеті, одан кейін жетпіс, ақырында жеті жүзге жеткендігі баяндалады. Мұндай саннан құралған әскердің жауы қой сияқты, ал өздері оларға қарағанда, бәрі тектес болып көрсетіледі.

Қазақ халқының ежелгі әдет-ғұрпы үш, жеті, тоғыз сияқты тақ сандарды жақсы ырымға жорыған<sup>1</sup>. Ертеректе ұзатылатын қызға да он жеті, отыз жеті, қырық жеті, елу жеті сияқты киелі сандармен есептелетін қалың-мал төленетін.

Түстерден де дәл осындай қасиет сезіледі. Бал ашқанда, «қырық бір шөптің басы болсаң, ақ сары бас қойдың құмалағы болсаң, ақ сөйле» деп келетін тіркес бар. Әдетте, ақ, сары, көк түс жақсылықты, қызыл түс соғысты, қара түс жаманшылықты білдірген. Бата бергенде, «Сары тісті, сары сақалды бол!» десе, қарғыстағанда, «Қара бассын!», «Жүзі қара!», «Қара жүрек!» — деп келеді. Бұл мысалдар әр түрлі түс пен тақ сандарда шарапатты киелі қасиет бар дейтін көне ұғымды дәлелдеуге арналды. Табылған моншақтардың алуан түсті болып, тақ сандармен топталуы осы көне дәстүрмен мүмкін байланысты шығар.



<sup>1</sup> І. Кеңесбаев. Жеті, үш, тоғыз, қырықпен байланысты ұғымдар. «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары, филологиялық серия», 4(29), 1946, 3—14-беттер.

Енді моншақтағы жазуды сарапқа салалық. Басқа моншақтардан ірілеу, дөңгелек тиірмен тасына ұқсас сарғыш моншақтың бір шеті тегістеле жонылып, сол жерге көне түркі алфавитінің үлгісін де, «ес сек үс» деген үш сөз жазылған. Жазу VI—VII ғасырлардағы түркі халықтарының тілінен дерек береді.

Таңбалардың мәні:

𐰉 — к

𐰊 — с<sup>2</sup> (жіңішке айтылатын дыбыс)

𐰋 — ү



Жазу түрі: | 𐰋 : 𐰊 | (оңынан солға қарай оқылады).

Транскрипциясы:

ес сек үс

Қазақша мәні:

дос секір, үз.

Түркі халықтарының көне жазу ескерткіштерінен де бұл сөздер кездеседі<sup>2</sup>. Олардың мәні мынандай:

𐰊 — ес (дос) — друг, товарищ.

𐰉 | — сек (секір) — прыгать, веселиться.

𐰋 (𐰋) — үс (үз) — рвать, прерывать.

Түркі халықтарының ежелгі дәстүрі бойынша, баланы үйлендіргісі келсе, біреудің қызының есімін ата-тып, құлағын тістеткен, кейде мойнындағы моншағын үздірген. Моншақтағы жазу осы әдетпен байланысты болу керек.

<sup>2</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М. — Л., 1951, 13, 48, 366, 420, 441-беттер; Древнетюркский словарь. Л., 1969, 183, 184, 494-беттер.

## МАЗМҰНЫ

Ғ. Мұсабаев. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының эпиграфиялық экспедициясының кейбір қорытындылары.	5
Ғ. Мұсабаев. Кеген жазуы.	24
Ғ. Мұсабаев, Ғ. Айдаров. Сырдария жазуы.	28
А. Махмұтов. Эпиграфиялық мұралардың зерттелу тарихынан	30
А. Махмұтов. Ежелгі аңшылар мен бақташылардың жартастағы бейнелері	37
А. Махмұтов. Жартастағы көне суреттердің сыры.	56
А. Махмұтов. Түркі халықтарының көне алфавиті суреттен дамыған.	81
Ғ. Айдаров. Маңғыстау материалдарынан	100
Ғ. Мұсабаев. Күл-тігін ескерткіші туралы	109
Ғ. Мұсабаев. Күл-тігін ескерткіші	141
Ғ. Айдаров. Шыңғыс ханның атына байланысты ескерткіш туралы	155
А. Махмұтов. Тас моншақтағы жазу сыры	160

## ОГЛАВЛЕНИЕ

Ғ. Мусабаев. Некоторые итоги эпиграфической экспедиции Института языкознания АН КазССР	5
Ғ. Мусабаев. Кегенская надпись	24
Ғ. Мусабаев, Ғ. Айдаров. Сырдарьинская надпись.	28
А. Махмұтов. Из истории исследования эпиграфического наследия	30
А. Махмұтов. Наскальные изображения первобытных охотников и пастухов	37
А. Махмұтов. Тайны древних наскальных изображений	56
А. Махмұтов. Древний алфавит тюркского народа развивался от рисунков	81
Ғ. Айдаров. Из материала Мангыстауа (Мангышлака)	100
Ғ. Мусабаев. О памятнике Кюль-тегина	109
Ғ. Мусабаев. Памятник Кюль-тегина	140
Ғ. Айдаров. О памятнике, связанном с именем Чингис-хана	165
А. Махмұтов. Тайна надписи на бусинке	160



## ЭПИГРАФИКА КАЗАХСТАНА

Утверждено к печати Ученым советом Института языкознания  
Академии наук Казахской ССР

Редакторы *С. Айтмухамбетова, Н. Д. Ситъко*  
Худож. редактор *И. Д. Суших*  
Художник *Н. Ф. Чурсин*  
Техн. редактор *З. П. Ророкина*  
Корректоры *М. Кубашева, Г. Воронцова*

Сдано в набор 10/III 1971 г. Подписано к печати 21/VI 1971 г.  
Формат 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Бумага № 1. Усл. печ. л. 8,4.  
Уч.-изд. л. 9,5. Тираж 1720. УГ02841. Цена 96 коп.

Типография издательства «Наука», г. Алма-Ата, ул. Шевченко, 28.  
Зак. 42.



№ 96 кол.